

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Райымқұлова А.Д., Қонақбаева У.Ж.

Түксіз кілем тоқудың әдістемесі

Оқу кұралы



Алматы 2023

ӘОЖ 821.4
КБЖ 92.24
К 74

Шығарушы:

Салтанов А.Б. - Оуезов атындағы ОҚМУ-нің п.ғ.д., профессор
Мусаев Д.Т. - «Өрлеу» БЛОУ» АҚФ ОҚО ПҚБАИ директоры, п.ғ.д.,
профессор

Қонақбаева Ұ.Ж., Райымқұлова А.Д.
Түркі тілсіз тоқудың әдістемесі. – Алматы: «Отан» баспасы, 2023. – 150 бет.

ISBN 978-601-7796-78-5

Кітабы тоқу өнері, әсіресе, орта Азия мен Қазақстанда өркендеген. Ұлттық қолданбалы өнердің бұл түрі осы күнге дейін халық арасында қажеттілігін жоғалтпауы, оның тек қана беріктігімен, пайдалылығымен және сәнділігімен (сондықтанда халық арасында кең тараған) ғана емес, сонымен бірге қажет шикізаты мен материалдың оңай табылуы, оларды үкестудың үнемділігі, қолданылатын жабдықтардың құрылысының қарапайымдылығы мен үй жағдайында оңай өндірілуі, жасалу әдістерінің күрделі еместігі, сондай-ақ халықтың эстетикалық көзқарастарына, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып және тұрғылықты жердің ерекшеліктеріне сәйкес кілем өрнегі құрылымын (композиция) жасау мүмкіндігінің молдығынан.

ISBN 978-601-7796-78-5

© Қонақбаева Ұ.Ж., Райымқұлова А.Д., 2023
© "Отан" баспасы, 2023

Кіріспе

Түксіз кілем тоқу – ғасырлар қойнауынан бізге жеткен, көптеген алыс және жақын шетелдер халықтары тұрмысындағы әйелдердің үйде айналысатын дәстүрлі көркем қолөнер түрлерінің бірі.

Кілем тоқу өнері, әсіресе, орта Азия мен Қазақстанда өркендеген. Ұлттық қолданбалы өнердің бұл түрі осы күнге дейін халық арасында қажеттілігін жоғалтпауы, оның тек қана беріктігімен, пайдалылығымен және сәнділігімен (сондықтанда халық арасында кең тараған) ғана емес, сонымен бірге қажет шикілігі мен материалының оңай табылуы, оларды ұқсатудың үнемділігі, қолданылатын жабдықтардың құрылысының қарапайымдылығы мен үй жиһазында оңай оңдірілуі, жасалу әдістерінің күрделі еместігі, сондай-ақ халықтың эстетикалық көзқарастарына, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып және тұрғылықты жердің ерекшеліктеріне сәйкес кілем өрнегі құрылымын (композиция) жасау мүмкіндігінің молдығынан.

Ертеде Қазақстанда кілем және кілем бұйымдары көшпенді қазақтың тұрмысында ерекше орын алды, әсіресе, киіз үй жиһазы ретінде маңызды болды. Жасалу әдістеріне байланысты киіз үйдің жылулығы және сәнділігі үшін кілемдердің түрлері, киіз үйдің ағаны мен киізін тартып бекітуге арналған бау-шулар, басқұрлар; үй-ішілік сәндік бұйымдар: есік шымылдықтары, кереге баспа ілінетін бұйымдар, сандыққан, теңқап, қаршын, түрлі тоқыма дорбалар мен заттар сиялы сактау үшін қажетті бұйымдар, атқа салатын қоржындар және тағы басқа тоқыма бұйымдары дамылды. Қазіргі түксіз тоқу өнері- ұлттық дәстүр үлгісінің бір түрі ғана.

Дәстүр – атынан сөзінен аударғанда – ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, белгілі бір қоғамда, елдерде және әлеуметтік топтарда ұзақ мерзім аралығында сақталынатын әлеуметтік және мәдени мұра.

Дәстүр дәстүрі – белгілі бір қоғамдық құрылым, мінез- құлық ережесі, құндылықтар, идеялар, салт-дәстүр, әдет-ғұрып көріністері. (Советский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия – С.1360)

Кілем тоқу өнері қашанда кәсіп ретінде күнкоріс көзі болып табылған. Бабылар мұрасы кілем бұйымдары қазір де бұрынғыдай тұрмысымызда кеңінен таратқан. Әсіресе ауыл тұрғындарының үй іші тұрмысында ұсталынатын маңызды заттарының бірі. Кілем - үй ішінің сәні, жон-жоралғы, ырым жасауда қолданылатын тұрмыстық зат, ұзатылған қыздың жасауы, сыйлы адамдарға тарту жасауға тағы да басқа қажеттіліктерді өтеуде әлі де қызмет етіп келеді. Сондықтан орта мектептерде кілем тоқуды үйрету – «технология» пәні бағдарламасының міндетті құрам бөлігі болып саналады. Түксіз тоқу сабақтарының негізгі мақсаты: ұлттық дәстүрлер негізінде *оқушылардың іскерлігін қалыптастыру*.

Педагогикалық сөздікте *іскерлік* деген ұғымға, белгілі бір ережеге (білімге) негізделген және соған сәйкес қандай да бір мақсатқа жету барысында пайдаланатын жаңа бір әрекетті(немесе жаңа әрекет әдістерін) меңгеру деген

анықтама беріледі. (Краткий педагогический словарь.– М.:Политиздат, 1988. – С.327)

Іскерлікті қалыптастыру деп оқушыларды белгілі бір әрекетті (әрекеттер жиынтығын) орындауда жылдам, нақты және тиянақты атқаруға дайындау барысын айтады. Бұл мұғалімнің бағыттауымен (түсіндіру, көрсету, қателерін түзету) атқарылып, оқушылардың белсенді әрекетін (бақылау, жаттығу, өзін-өзі тексеру және т.б.) қамтитын процесс.(Кальней В., Капралова В.С., Поляков В.А. Основы методики трудового и профессионального обучения. – М.: Просвещение, 1986. – С.27.)

Технология пәні мұғалімі тұрғылықты жердің салт-дәстүрі мен ерекшеліктері және жағдайларына орай, базистік оқу жоспарының вариативті бөліміне сәйкес бағдарлама мазмұнын 30% ке дейін өзгертуге құқылы және осы пайыз есебінен өздерінің тұрғылықты жеріне тән ұлттық қолданбалы өнер түрімен тереңдете оқытып, жеткіншектердің жалпы еңбек және арнайы іскерлігін қалыптастырады.

I тарау

Ою-өрнек түрлері және шығу тарихы

Қазақ ою-өрнектерінің түрлері өте көп. Халық өнерін зерттеп, ою-өрнектерін жинақтап, бір жүйеге келтіруші тарихшы, этнограф, әдебиет және опертанушы көптеген ғалымдарымыз, атап айтқанда: Ш. Уалиханов [35], Ә.Марғұлан [23], Х. Арғынбаев [1], М. С. Мұқанов[25], Ө. Жәнібеков [9], Т. Бөсенов [5] т.б. халқымыздың өнерін дамытып, ұрпақтан ұрпаққа жетуіне үлес қосып, мәңгі өшпес мұра қалдырды. Жоғарыда аталған құнды өнбектерді саралай отырып, қазақ ою-өрнектерінің түрлерін 6 топқа бөлеміз.


1. Сызық (геометриялық) бейнелі нақыштар;
2. Өсімдік бейнелі нақыштар;
3. Аң бейнелі нақыштар (зооморфологиялық және ертегі кейіпті нақыштар);
4. Космология (көк жүзі – ғарыш әлемі) бейнелі нақыштар;
5. Жазу пішініндегі нақыштар;
6. Таңба және рәміз (символдық) мазмұнды нақыштар;

1. Сызық (геометриялық) бейнелі нақыштар

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, сызық бейнелі ою-өрнектер өте көне замандардағы шеберлердің күнделікті тіршілігінде кездесетін жанып, жансыз нәрселерді түрлі жай, күрделі сызықтар (төртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер т.б.) өрнек түрінде, өздерінің ұғым-түсінігін айшықты өрнектеу арқылы жалғастыра білді. Мұндай нақыштар тас, қыш, ағаш, түрлі тоқымаларда, терілерде нүкте, сызық, үшбұрыш, төртбұрыш, көпбұрыш, шеңбер пішінінде кездесе отырып, кілем, кілем бұйымдарында, киім түрлерінде, ыдыс-ақштар мен тұрмыстық бұйымдарда, зергерлік әшекей бұйымдарында көп қолданылды.

Сонымен бірге, нүкте мен сызықтардан, үшбұрыш, төртбұрыш, тіктөртбұрыш, шаршы, шеңбер, тік сызық, прек, жарты шеңбер сияқты геометриялық фигуралардан жасалған нақыштар ырақтылығымен, симметриялығымен, есеңгілігімен, үйлесімділігімен ерекшеленеді. Түксіз кілем тоқуда өрнек жасаудың өзіндік ерекшеліктері мен әдістері бар. Өрнектер жұп жіптерді немесе өткізілген түр жіптерін санап отыру барысында шығарылады. Күрделі конфигурациялы геометриялық фигуралар – көпбұрыштар, сатылы ромбылар, жұлдызша пішінді фигуралар, күрделі формалы розеткалар бұйымға салынатын өрнектерге жинақылық пен ретгілік береді.

Сызба бейнелі нақыштар бұйымдарды шығарма түрінде бейнелеп қана қоймай, рең мен ритм арқылы бұйымды даралап, көрнекі ерекшелік береді.




1 сурет. Үлгі кілемшелерге салынған геометриялық фигуралар пішіндегі өрнектер.

2. Өсімдік бейнелі ою-өрнектер


Өсімдік бейнелі ою-өрнектердің ұлттық өнеріміздің нақыш түрлері, таралымы жағынан алатын үлесі қомақты. Айналадағы қоршаған табиғаттан алынған гүл, өсімдік, бұта, ағаш, жапырақ, бүршік т.б. бейнесіндегі бұл нақыштар халқымыздың табиғатпен даламен етене жақын болғандығын дәлелдейді. Әсіресе, өсімдік бейнелі нақыштар кілемдер мен түрлі тоқымалар, қамзолдар, бешпет, шапандар, тұрмыстық бұйымдардан сандық, сырмақ, жүк аяқ, төсек ағаш т.б. әшекей сәндік бұйымдарды әсемдеуде айшықты көрінеді.

Мұндай нақыштар «гүл», «үшгүл», «жапырақ», «бесгүл», «қызғалдақ», «бүршік», «бесжапырақ» т.б. атауларымен белгілі. Мысалы, кілем ортасына салынатын ірі өрнектер атауларына «гүл» сөзі қосып айтылады: «самауыр гүл», «кілт гүл», «шатыр гүл», т.б. Ұлттық бұйымдарға салынған қауызын ашқан гүл, бүршігін жазған жапырақ, үздіксіз жалғасын табатын бұралған бұтақтар симметриялы қалыпта тартымды көрініп, бізге белгісіз шебердің айтар ойынан сыр шертіп тұрғандай. Тақыр кілемге салынатын «алмагүл», «жауқазын», «жармагүл», «қосжапырақ», «жапырақ», т.б. нақыштар айқындығымен ерекшеленеді. Өсімдік бейнелі нақыштар ою-өрнектерге жұмсақтық пен ырғақтылық, тірілік пен қозғалыс береді (2, 3 суреттер).



«алмагүл»

2 сурет



«Раушан гүл»

3 сурет

3. Аң бейнелі ою-өрнектер және олардың пайда болу себептері

Шегісіз – шексіз далада көшпенді құмыр кешкен ата-бабаларымыздың шығарған тегінді өнерге қолқарасы кездейсоқ деп айта алмаймыз. Тарихшы, өнертанушылардың пікірлеріне сүйенсек, ұлттық өнерімізде «аң бейнесінің» көпшілігі, жалғасын табуы, арғы тегіміздің табиғаттың тылсым күштеріне барыпатынын туғандығын деп сенеміз. Қасқырдың тісін, қабыланның сүйектерін, бүркіттің тырнағын, бұғының мүйізін т.б. үйде сақтаса, олардың рухтары бізге жақпай сақтайды деп сенген. Жылқыны құрбандыққа шалу, бау сүйегі мен тұяқтарын сақтау, өлімнен, жаудан сақтап, бақыт әкеледі деген нанымда болған.

Тастарға салынған ат тұяғы бейнесі, ұлттық өрнектердегі «тұлпар тас», «стай тұяқ» нақыштарының болуы осының айық дәлелі деуге болады. Ескі аңыз хикаялар мен дастандарда батырлар немесе бақсылардың аң бейнесіне ене алатындығы айтылады. Бұдан адамдардың жаулардан сақтануға ұмтылған арман-тілектерін, бастап кешкен оқиғаларын көк тәңірмен байланыстырғаны көрінеді.

Ұлттық өнерімізде аң бейнесінің болуы жай емес дейтініміз, адамдардың «тотемизм» (затқа, аңға т.б. табыну, сену, үкелу) индифықтарына сенгендігі. Оның дәлелі, жартылай аң, жартылай адам, кейде жартылай адам, жартылай өсімдік сияқты өрнектердің болуы.

Ә. Х. Марғұлан «Қазақ қол өнері» (1986) атты еңбегінде, түркі моғолдарының табынатын тәңірлері аң болғандығын жазады. Қазақтарда «Көк бөрінің» әрекетін ат үстінде ойнау «көкбөрі»-«көкпар» деп аталатындығы осыған байланысты. Орта дәуірде Азияда өмір сүрген көк түркілер өздерінің ата-бабаларын «қасқыр ата», «қасқыр ана» деп атаған. Туларына қасқыр басы бейнеленген. Кпіз үйлерінің төбесіне қасқыр бейнесін қоятын болған. Олар өз атасын – табиғат күшіне ие қасқыр деп есептегені

көне аңыздардан белгілі. [34, 56-57 б] Бұрынырақтары тоқымашы, шебер қазақ әйелдері кілем тоқығанда, тоқылып жатқан кілем үстіне бөрі тұлыбын, немесе бөрі терісін тастаған. Осыдан аң бейнесі қазақ өнеріне көне заманнан бері танымал, ою-өрнектің ішінде ең көп тарағаны, жиі қолданғандығы көрінеді.

Кейбір түркі халықтары, сонымен бірге қазақтардың тотемдік нанымдарында қасиетті аң, құсты, аққу, бұғы, өгіз, т.б. құт әкеледі деп санаған. Аққуды от басының бірлігін сақтайды десе, бұғы жолаушыға жол көрсетіп, бақыт пен табысқа жеткізеді деп сенген, ал өгіз күш пен биліктің белгісі ретінде танылған.

Қазақ қолданбалы өнерінде аң бейнелі ою-өрнектердің ең маңыздыларының бірі - «қошқар мүйіз» нақышы. Көшпелі қазақ тайпаларының тұрмыс-тіршілігі қой өсіріп, жылдың төрт мезгілінде мал жағдайымен көшіп-қонуға бейімделген. Олардың тұрмысына қажеттілердің барлығын дерлік мал өнімдерінен, соның ішінде қоржынынан бастап киіз үйіне дейін жүннен дайындаған. Осы дәстүрді көшпелі тіршіліктен жартылай көшпелі және отырықшы тұрмысқа ауысқан кезде де жалғастырды. Тұрмыста қолданылған кілем, тоқыма бұйымдарындағы өрнек пен аң бейнелері де сол уақытпен байланысты. Қазақ қолөнерінде жиі пайдаланатын «қошқар мүйіз» нақышы түркі тайпаларында кілем киіз, т.б. жаймаларында кеңінен қолданылды.



Орыс археологы Г. И. Руденконың басшылығымен 1947-1949 жылдары Сібірде, Алтай таулары баурайларындағы 5 – Пазырық қорғанынан табылған қалы (түкті кілем) бетіне салынған жылқы және бұғы бейнесі, 2- Пазырық қорғанынан табылған жайма тіліміндегі «қошқар мүйіз» оюлары, түркі нәсілді халықтардың (оғыздар, аварлар, қырғыздар, қазақтар т.б.) жалпы кілемдеріне, тоқымаларына, киіздер мен киімдеріне, аяқ киіміне салынып, қалыпты тірлігіне айналғандығы көрінеді.



4 сурет. 5 Пазырық қорғаны. Қалы кілем.



5 сурет. 2 Пазырық қорғаны.
«Өзек әлем» нақышы.



6 сурет. Түкті кілемдегі
«Өзек әлем» нақышы.

Қазақ халқы арасында жылқы саяткерліктің, жауынгерліктің белгісі іспетті болды. Жылқы қазақтың жаны, қаны, қанаты деп танылған, оны ерекше бағтап дағдылаған. Осындай тұлпар жайлы ақын Абай:


«Шоқнардай кекілі бар, қамыс құлақ,

Қой мойынды, қоян иек, бөкен қабақ.

Луыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,

Ой желке үңірейген болса сағақ» – деген өлеңінен ат

қазақтың тіршілігі, мәдениеті және жоғарыда айтылғандай ою-өрнегі болғандығын білеміз. Сонымен бірге, қазақ өнерінде құс бейнелері де көрнекті орын алатын нақшын болып табылады. Ерте заманда құс бейнесі діни ұғымдар мен мифологиялық табиғаттарға қатысты болса, орта ғасырларда олардың халық ертегілерімен, жырларымен, ойындарымен, ауызекі фольклорымен байланысты болды. Кейінірек бұл бейнелер стильденіп, дәстүрлі ою-өрнектерге айналды. Қыран құс, қарлығаш, аққу, қаз т.б. бейнелері ұлттық өнеріміздің түрлерінде зергерлік бұйымдарға, кілемге, төсеметке, ағаш, тері бұйымдарына салынып отырған, қазіргі уқытта да бұл дәстүр жалғасын табуда. Кілем, алаша, сырмақ, түскііз т.б. тоқыма бұйымдарына салынып жүрген олардың атауларын осы тұрғыдан қарастыруға болады: «қос мүйіз», «төрт мүйіз», «сыңар мүйіз», «сынық мүйіз», «қарық мүйіз», «құлжа мойын», «бұғы мүйіз», «бота мойын», «түйе табын», «түйе өркені», «бота тіреке», «таңқан ізі», «төрт құлақ», «тұлпар басы», «жылан басы», «ағт ізі», «айыр бақан», немесе «аша тұяқ», «балық көзі», «тарша гүл», «құс түмсық», «қиз мойын» және т.б. Аң бейнелі ою-өрнектерден тақыр кілемге салуға көп қолданылатыны «мүйіз» нақыштарының түрлері, соның ішінде «сынық мүйіз», «сыңар мүйіз», «қос мүйіз» оюлары жиі қолданылады. Бұл оюлар кілем тоқымасының шетіне айналдыра, ортаңғы үздігі айналдыра үздіксіз, «қолтықша» оюы ретінде, сондай-ақ ортаңғы гүл элементтері ретінде салынады.



7 сурет. Түксіз кілем.

4. Космологиялық (аспан әлемі, ғарыштық) нақыштар

Қазақ дәстүрлі өнерінде космологиялық нақыштардың болуы, қазақтардың мәдениеті өте ерте дәуірден басталғанын айқындайды. Бұл ою-өрнектер ғарыш, аспан, күн, ай, жұлдыз, кеңістік пішінді болып келеді. Ертеде адам баласы табиғат құбылыстарын, күннің тұтылуын әртүрлі танымдармен түсінген. Сондықтан ата-бабаларымыз көкке, аспан әлеміне, бір тәңірге дұға жасап, табынып, жалбарынып, қайырымдылық тілеген.

Орхон-Енисей ескерткіштерінде: «Жоғарыда көк аспан, астында кара жер жаратылды. Екеуінің ортасында адам жаратылды» -деген жолдар кездеседі, және Көк Тәңірі есімі жиі-жиі қайталанады. Осындай сенімдердің нәтижесінде қиял-ғажайып образдар, әдебиет және т.б. өнер туындылары пайда болды.

Айдың тууы, жұлдыздардың ағуы, күннің шапағы, адамдарға әсер беретін құбылыстар болды. Адамдар жаңа туған айға табынып:


«Ай көрдім, аман көрдім
Ескі айда есіркедің,

Жаңа айда жарылқа» – деген тілегін дұға етіп айтуы, адамзат баласындағы сенім күшінің құдіретті болғандығын білдіреді.

Міне, осыдан келіп ғарыш әлемімен байланысты ою-өрнектер жасалып, аспан әлеміндегі бейнелерге пішін мен атау берілді. Осы күнге дейін жетіп отырған, мазарат басына қойылатын «ай» таңбасы, археологиялық қазбалардан табылған, бұйымдардағы жазбалардан кездестіруге болатын «Ай» бейнелі, «жұлдыз» бейнелі нақыштар осының айғағы.

Қазір де «жұлдыз» өрнегі қолданбалы өнер түрлері, оның ішінде әсіресе кілемдерде кеңінен қолданылады. Түрлі түкті, тақыр кілемдерге

салынатын нақыштарға «кемпірқосақ», «күн көзі», «күн сәулесі», «күннің шығып батуы», «ай-таң», «ай-гүл», «ай бейнесі», «ай-сұлу», «кешкі ай», «жұлдыз», «үркер» аттарымен белгілі.




«Жұлдыз» өрнегі

8 сурет. Оқушылардың жасаған үлгі-кілемшелері

5. Түрлі жазу пішінді ою-өрнектер

Қазақстанның өнер иелерімен бірге түрлі пішіндегі жазбаларды көзден өткізуге болады. Мұндай жазбалар әр заманның өзіне тән безендіру элементтерімен байланысты болғандығы белгілі болып отыр. Жамбылдағы Қордай тауларындағы күн дәуіріне тән түркі жазулары әншейін мәнерінде қолданылғаны және олар б.з.б. II ғасырда таңбаланып отырғаны ғалымдар зерттеулері бірыңғай анықтай отыр, (профессор Г. Мұсабаев 1969 жылы зерттеген.) Орхон ескерткіштерінде бейнеленген, көркем эстетикамен дайындалған айшықты, айқын да анық бейнелеу, көне түркі әріптерінің ою-өрнек ретінде орындалғанын анықтайды.

Кілемдерде жазу дәстүрі қазіргі кезде де жалғасып келеді. Онда ата-анасының ұзатылар қызға тілегі, кілемнің жасалу тарихы, т.б. мәліметтер айтылады. Сонымен бірге, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесіндегі жазулар безендіру элементтері ретінде қолданылғаны аян.



9 сурет. Ақ басқұрға жазылған шеберлердің аты.



10 сурет. Ахмет Йассауи кесенесіндегі жазуларды қолданып тоқыған кілем


6. Таңба және рәміз тектес ою-өрнектер

Қазіргі таңда көптеген өнер туындыларын әсемдеуде бірқатар ою-өрнек мазмұнды өрнектер мен рәміздер бар екені белгілі. Осы өрнектер мен рәміздер уақыт барысында дами отырып, таңба және нақыштар болып, олардан қалыптасқан композициялар жасалып, халық игілігіне қызмет атқаруда. Таңба - аңдар, өсімдіктер, адамдарға ұқсас берілетін объективті мазмұнды айшықтайды.

Рәміздер (символдар) – дөңгелек, үшбұрыш, шаршы және т.б. бұйымдар түрінде айшықталмайды, алдымен олардың мағынасын көрсету үшін субъективті мазмұнды көрсетеді. Мұндай өрнектер Қазақстанның өнер ескерткіштерінде өте көп тараған. Ертеде адамдар аңдарды, ағашты, гүлді

т.б. бұйымдарды құт әкеледі деп қастерледі. Бұлардың символдары түрлі бұйым беттеріне ғасырлар бойы жалғасып салынып келе жатқаны кездейсоқтық емес. Адамдардың сенімі мен нанымы, көзқарасының символы болған рәміздер тек қазақтарға ғана тән емес, көптеген басқа түркі халықтарына, сонымен бірге Америка үндістерінің заттық мәдениетіне тән екендігі ғалымдардың көзқарасын аударып отыр. Қазақ түркі өрнектерінің Америкада таралған өрнектермен ұқсастығын, бұл тайпалардың Беринг бұғазы арқылы байланыста болғандығын тұжырымдайды.
[34,66 б]

Таңба және рәміз (символ) тектес ою-өрнектердің даму жолына көз жүгіртетін болсақ, олардың көбі алғашында таңба тектес болып, кейін нақышқа ауысқандығын көреміз, Бұл өрнектер әсіресе алаша, басқа да түксіз тоқымаларында салынып келген, қазір де өрнек нақыштары ретінде түксіз кілемге салуға өте ыңғайлы, әрі әдемі көрінеді.



11-сурет. Төсiмiе алашаға салынған көк түркі әрiттерiне ұқсас өрнектер

II тарау

Түксіз кілем тоқуға қажетті материалдар

1. Түр және негіз жібін дайындау

Түксіз кілем тоқуға қажетті жіптер: жібек, жүн, мақта, кенеп, кендір жіптері.

Жібек жіп қолданғанда түр жібі және негіз жіптері тек жібектен жасалады. Таза жібек орнына жасанды жібек қолдануға болады. Ал, түр жібі жүн болғанда, негіз жібіне жүн жіп, немесе жүн мен мақта, мақта мен кендір, әлде тек мақта жібі қолданылады.

Кілем тоқуда ең көп қолданылатыны және маңыздысы - жүн жіп. Қой жүнінен фабрикада арнайы жіп иіру машинасымен немесе үй жағдайында да қолмен иіріп жіп дайындауға болады. Жүн талшықтарының ерекшеліктері:

Түсі: малдың тұқымына орай ақ сары, ақшыл, сұр, қоңыр, қара.

Жылтырақтығы: жінішке нәзік талшықтар күңгірт, жуан және ұзын талшықтар жылтыр болады.

Ылғал тартқыштығы: су тамшылары сырғи ағады. Суды төмен дәрежеде сіңіреді.

Созылмалылығы: жүннің созылмалылық көрсеткіші жоғары болғандықтан, созылғанда, жуылып кептірілгенде бастапқы қалпына қайтып келеді.

Мықтылығы: мықтылығы төмен. Жүн жіптер үзілгіш келеді. Ылғал кезінде мықтылығы азаяды.

Үйкелуі: жүн талшықтары қылшықтармен қапталғандықтан үйкелісі аз болады.


Жылу сақтағыштығы: бүктелген жерлерінде ауа қалатындықтан изоляция болады. Жылу сақтағыштығы жоғары.

Жәндіктерден қорғану дәрежесі: жүн жәндіктерден қорғана алмайды.


Ұйысу дәрежесі: ылғалдан, ыстықтан және қысымның әсерінен жүн талшықтары бір-біріне кірігіп, ұйысып қалады.

Қой үстінен қырқып алынған жүннің иық, қабырға жүндері жіп дайындауға алынады. Жіпті иірмей тұрып тазалап алу керек. Жүнді су құйылған ыдысқа салып сабаумен ұрғылап жуса, кірі судың бетіне шығады. Жүннің ластығына қарай 10 кг жүн үшін 250-300 гр сабын, сода қосылған 40-50⁰ суда жуылады. Тазаланған жүн кептіріледі.

Жүнді әбден кепкен соң тарайды. Жүн тарақтың қарапайым түрі, бетіне имек шегелер қағылған жалпақ, сапты екі ағаш (13 сурет). Арасына жүн салынып тартылғанда талшықтар параллель қалыпқа келеді. Жүнді қолмен де түтіп, иіруге дайындайды. Түтілген жүнді созып «шүйке» орамасын жасайды. Осы орамдан жіп созылып, ұршықтың білегіне оралады да ұршық шығыршығына ілініп, ұршықтың өз осындай айналуынан жіп пайда болады.



12 сурет. Ұршық



13 сурет. Жүн тарайтын тарак

Айналған тұрған ұршыққа жүн ташығы қолмен жіңішкеріп беріліп отырады. Жіңгі ұршық білігіне домалақтап орап отырады. Ұршық ауырлаған соң домалақ жіп тарайтын аспапқа. Бұл жіптің мөлшерін қалық арасында «бір алқым жіп» деп айтады. Түркі тілдерінде жіпті әлсіз алқым жіп бір домалақ» есебімен тіндеп (екі қабаттап) бес ширатып дайындайды. Шамамен орташа көлемді (3x2м) бір тілемнің желісіне 6 ет, ал түріне 8 ет жіп келеді.

Кілемнің шеті жібіне қалыңдық үшін ешкі жүні қосылып жіріліп екі қабаттап ширатылғандықтан ширатып, болмай пайдаланылған. Ширатылған жіп жіңішкеріп түрде ширатылады. Ол үшін келесітелген (ұзындығы 0,5 м етіп екі қазық арасына орау) жіпті біраз уақыт қайнап тұрған ыстық суға салып қояды немесе бір қайнатып алады. Соңан кейін арасы 5 м қалыңдығы (жіп қоп болса 7-10 м) екі қазық арасына жүгіртеледі. Жіп суымай тұрғанда арасысына темір қазық салып әбден қатайтып бұрап, бастырып тастайды. Осы бұруда 7-10 күнге дейін (көпестеніп) тұрған жіп әбден бабына келіп шыңдалған деп есептеледі. Жақсы шыңдалған кілем жібі кілем тоқалып біткенше созылмай бір қалыпта тұрады. Мұндай кілемнің бетіне түскен өрнегі де ойдағыдай шығады.

Қазіргі кезде түрлі дайын жіптердің көптігіне байланысты мақта, зығыр жіптерін пайдалануға болады. Тек қана жіп жіңішке болса қабаттап, жуан болса талдан жіңішкелеу керек. Жіп диаметрі 2-2,5 мм болғаны дұрыс. Төсегі жүннен

ірілген кілем өте жеңіл, бағалы болады да, мақта, зығыр жібінен дайындалса ауыр, ұстауға қолайсыздау арзан болады.

Жүсіпбек Аймауытов «Ұршық» деген өлеңінде:


«Оймышты ұшқат, ырғай сап,

Ұршығым сені қолға алам.


Ұршығым ұшқыр нар тайлақ,

Жез бұйдалы жел маям.....» - дегендей, ұршық ата-бабамыздың тұрмысындағы маңызды құралдардың бірі болып келсе, қазіргі уақытта электрлі жіп иіру машиналарын пайдаланып отырмыз.

Ширатылған жіп келептеліп шатыспас үшін екі басын бос байлап, бояуға дайындалады.



14 сурет. Электрлі жіп иіру машинасы



15 сурет. Электрлі жіп орау машинасы

2. Бояу жұмысы

Түрлі жіптер мен тоқымаларды бояйтын бояуларды *табиғи* және *жасанды* деп екіге бөлеміз.

Табиғи бояулар. Мұндай бояулар жуғыш заттарға, жарыққа, үйкеліске төзімді болады. Олардың уақыт өте келе түстері оңып кетсе де негізгі түсін ұзақ сақтайды. Мұндай бояулар саны, әдетте аз болады. Оларға қосымша қоспалар қосу арқылы рең санын көбейтуге болады. Негізінен қазақ кілемдерінде қызыл түс басым болған. Сонымен бірге көкшіл, сары, қоңыр, кара, ақ, және жасыл реңдер аралас қолданылады.

Жасанды бояулар. Бұл бояулар анилин және ализарин деген атпен белгілі. Анилин бояулары, жылтырақ түсті, жиі қолданылады. Бұл бояулардың түрлері көп және де бір-біріне қосу арқылы қалаған түсті алуға болады. Бұл бояудың кемшілігі – уақыт өткенде реңі кетіп, жылтырақтығы азаяды. Бұл бояуларға тән ерекшелік- жасалу процесі бұзылса, қажетті түс алынбауы мүмкін.

Ализарин бояуларының түрлері онша көп болмаса да табиғи бояуларға карағанда түс түрлері көп.

2.1 Табиғи бояулармен жүн бояуда қолданылатын құрал-жабдықтар

Жүн бояу үшін қолданылатын құрал-жабдықтар боялатын жүн көлеміне қарай әртүрлі болады. 1 кг жүнді бояу үшін қажет болатын құрал-жабдықтар: 40-50 литрлік қалайы, мыс қазан, термометр, таразы (өте үлкен дәлдіктен өлшейтін), пластмасс тазиктер, резина қолғаптар т.б.

Бояудың сапасы болуы үшін қажетті ережелер:

1. Бояу барысында қолданылатын кейбір синтетикалық заттардың адам ағзасына өтіп кетпеу үшін, жұмыс істегенде резинка қолғап, респиратор қолданған жөн.
2. Пісіру немесе бояу суының мөлшері жүннің әр килограммына 36-40 л арасында болуы керек.
3. Бояу барысында жүн талшықтарын ең кем дегенде бір рет араластыру керек. Бұл бояудың сапасына әсер етеді.
4. Суды қайнату бірқалыпты, бәсең болып, 1 сағатта қайнау температурасына жететіндей болуы керек. Әдетте, 15-20 минут ішінде біртіндеп түс ала бастаған жүн, 1 сағатта толық боялып болады.
5. Су буланып ұшып кетпеу үшін қазан қақпағы жабық болуы керек.
6. Қайнаған жүн өте бәсең сууы керек, бірақ жүннің қазан ішінде қалу мерзімі 1 сағаттан артық болмауы керек. Осыған байланысты, әсіресе сары түс алуға, 30-40 минут қайнағаннан кейін түстің қаныққанын бақылауға болады. Мүмкін жағдайда қажетті түс жоғалмай тұрып жүнді бақылау шығару керек.
7. Бояу қазаны суыған соң жүнді шығарып, сабылдан жуып, бірнеше рет айналып тастау – артық бояудың шығарылуына қажетті іс.
8. Бояуға қолданылатын өсімдіктер кептірілгеннен (ашық ауада, көлеңкеле) кейін үгітіліп қолданылғаны жөн.
9. Көпкөп өсімдіктерді бояуға қолданар алдында 1 күн бұрын суға салып қойып, сонан соң өте тұтқал материалмен сүтіп, әлде маға дорбаға салып, сол күні қайнату қазанына жүнмен бірге салып немесе өсімдікті бір күн бұрын 1-2 сағат қайнатып, суын бояу ретінде пайдаланады.
10. Жүн болғанда түйіршік заттардың пайда болуы, температураның бірден өзгеруіне байланысты. Сондықтан пісірілген жүнді қазанға суыған соң салып сонан соң біртіндеп ысытылады.
11. Табиғи бояуды қолданғанда, өсімдіктің бояу дәрежесі және кептірілген, кептірілмегеніне орай өсімдік мөлшері өзгеріп отырады. 1 кг құрғақ бояу өсімдігіне 1 кг жіп көлемі сәйкес болуы керек. Ал кептірілмей қолданылған өсімдік жапырағы мен гүлдерінің мөлшері жүннен 1 немесе 6 есе артық болуы керек.

12. Егер түстері сәйкес болса бірінші бояуда қолданылған су, екінші, үшінші бояуда қолданыла береді. Бұл әрекет түсті өзгерту үшін де қолданылуы мүмкін. Осы жолмен алынған түс, алғашқысынан ашық болады. Әр бояуда түстің жылтырағы азаяды.
13. Бояу жұмысына жұмсақ су (құрамында минералды т.б. қоспалары жоқ) немесе жаңбыр суын пайдаланған жөн. Судың құрамында минералдың болуы түсті өзгертуі мүмкін Ал, су құрамында темірдің болуы, міндетті түрде түсті неғұрлым қоюландырады.

2.2 Табиғи бояулардың қолданылуы

Өсімдіктерден бояу жасау заманымыздан 2000 жыл бұрын белгілі болған. Ертеде Орта Азияда некен-саяқ пайда болған тоқымашылық өнерінің жасалу технологиясы, түрі-түсі және үлгісі біртіндеп елге таралған. Тоқымашылық өнері қазақтың ұлттық көркем өнерінің ең маңыздыларының бірі. Жіптің дайындалуы, боялуы, әр түрлі тоқыма әдістері (техникасы), қолданылатын реңдері, өрнектер арасындағы үйлесім (гармония) және мәнер (пішін) бірлігімен шығатын кілемдердің әсем жасалуы, ғасырлардан жеткен шеберліктің қолданылуын қажет етеді. Төменде әңгіме болатын табиғи өсімдіктерден дайындалатын бояулар және онымен бояу әдістері ұстаздан шәкіртіне беріліп келе жатқан халық тәрбиесінің ең озық үлгілерін пайдалана отырып, осы заманғы химия өнеркәсібі жетістігін камтиды. XIX ғасырда өнеркәсіптің дамуына орай табиғи бояу орнына химиялық бояулар қолданыла бастады. Сонғы кездегі зерттеулерге қарағанда табиғи бояушылықтың қайта жанданып келе жатқанын байқауға болады. Табиғи бояуды зерттеу, бояушылық ісін қайта қалпына келтіру ісінде және насихаттауда ТІКА (Түрік Іс бірлігін Дамыту Агенттігі) басшылығымен «Арал аймағында қалы тоқу өнерін жетілдіру» жобасының 1999 жылы қолға алынып жүргізілген зерттеулерінің маңызы болды деуге болады. [34]

2.3 Өсімдіктің жиналуы

Бояу заттарын жасауда гүлдері пайдаланылатын өсімдіктер, гүлдері жетіліп барынша ашылғанда; тұқымдары пайдаланылатын өсімдіктер тұқымдары жетілгеннен кейін; жапырақтары пайдаланылатын өсімдіктер бүршік жара бастағаннан; қабығы пайдаланылатын өсімдіктер жапырағы түскеннен кейін; тамыры пайдаланылатын өсімдіктер сүдігер (зйб) аударылғанға дейін; сабақтары пайдаланылатын өсімдіктер көктем және күзде жиналып, кептіріледі. Бояу ісіне көктей қолданылмаған өсімдіктер ашық ауада, көлеңкелі жерде кептіріледі.

2.4 Жіпті пісіру

Пісіру дегеніміз жүнді белгілі бір мөлшерде пісіру затымен (квас, дихроматтар, мыс сульфаты, темір қос сульфаты т.б.) қоса суда қайнату ісі. Кейде бұған қосымша көмекші заттар (натрий сульфаты, сірке қышқылы т.б.) пайдаланылады.

Пісірудегі мақсат, бояу заттарының жүн талшықтарымен механикалық немесе химиялық жолмен әрекеттесуі және суда ерімейтін комплекстер шығару. Яғни, пісіру жүн талшығы мен бояу заттары арасындағы байланыс қалыптан атқарады. Табиғи бояу заттары негізінен органикалық қышқылдардан тұратындықтан металл тұздары тиімді пісіру заты ретінде қолданылады. Қышқыл құрамды бояу заттары үшін, негізді пісіру, негіз құрамды бояу заттары үшін қышқылдық пісіру қажет.

Пісіру үш кезеңде жасалуы мүмкін:

1. *Бояу жұмысының алдында пісіру.* Пісірілетін жүн талшығы алдымен ығылданандырылады (суға салынады). Басқа ыдыста пісіруге пайдаланылған зат (материал) суда ерітіледі. Су құйылған қазанға жүн жіп және пісіру заты салынып, бәсең отқа қойылады. Оқтын-оқтын арапестарылады. Қазан бір сағат шамасында, ақырын қайнау температурасына жетуі керек. Пісірілген жүндер суытылады, жуылып кестіріледі. Осылай дайындалған жүн талшығы енді өсімдік бояумен боялады. Ол үшін бір күн бұрын ылғалдандырылған жүн талшығы әсірде бояумен бірге қазандыққа салынып бәсең отта жай қайнатылады. Жүн талшығы осы бояу суы ішінде бір түн бүктелінеді. Сонымен қазандықтан шығарылып, жақсылап жуылып құрғатылады.
2. *Бояу жұмысының барысында пісіру.* Алдымен пісіру заттарынан қазан ішінде қаймақжып масса жасалынады. Одан кейін бояу заттары қосылады. Үстіне жүн жіптері салынып, барлығы қоса бәсең отта, жай қайнатылады. Қайнаған жүндер суытылып, әбден жуылған соң, кестіріледі.
3. *Бояу жұмысының кейін пісіру.* Алдымен ала ығылданандырылған жүн бояу заттарымен бірге қазанға салынып, бәсең отта қайнатылады. Боялып біткен жүн жіптер пісіру заттарымен бірге тағы да қайнатылады. Суытылып, таза жуылған жүндер құрғатылады.

2.5 Шелрү заттары

1. Квас – $(\text{KAl}(\text{SO}_4)_2 \cdot 12 \text{H}_2\text{O})$ – табиғи жүн бояуда кеңінен қолданылатын дәстүрлі пісіру заты. Содаға үкесіз, түссіз кристалл. Жүн жібінің 15-25% мөлшерінде қолданылады. Пісіруде квастың мөлшері көп алынғанда немесе жүн жіптері таза жуылмағанда, жіп қатайып, талшықтар бірігіп қалады.

2. Дихроматтар (хром) – $K_2Cr_2O_7$, $Na_2Cr_2O_7$ - бихромат, хромат деген аттармен белгілі. Жүн жіптерін, жүн маталарын пісіруде кеңінен қолданылады. Хромда сары бояу заттарынан қыша реңдерін, кейде қою жасыл рең алынады. Хромды негізінен алғашқы реңнен қанығырақ рең шығаруға пайдаланады. Пайдаланатын жүн жіптерінің 3% мөлшерін, немесе 1 кг жүн жібі үшін 30 гр хром алынады. Хром мөлшері өте дәлдікпен өлшенуі тиіс, олай болмағанда бояуға кері әсерін тигізеді. Калийбихромат жарық әсер етпейтін шыны ыдыста сақталуы тиіс.
3. Мыс сульфаты – $(CuSO_4 \cdot 5H_2O)$ – ауыл шаруашылығы өсімдігін қорғауда пайдаланатындықтан табылуы оңай. Бұл затты пісіруге қолданғанда бояу қоңыр жасыл реңдер береді. Мөлшері жүн салмағының 3% шамалас. Мыс сульфатын жарықтан сақтау керек.
4. Қара бояу. Химиялық аты темір қос сульфаты – $(FeSO_4 \cdot 7H_2O)$. Халық арасында көк бояу, қара бояу деген атпен белгілі. Барлық бояу заттарының ең қанық реңдеріне және қара түс жасауға пайдаланылады. Жүннің әрбір килограммына 30 гр-нан артық қолдану тиімсіз.

2.6 Пісіруде пайдаланатын қосымша заттар

Мұндай заттарға натрий сульфаты, сірке қышқылы, квас калийбихромат және $SnCl_2$, $FeSO_4$ бірге қолданылады. Бұл заттарды бояу барысында қолдану түстерге жылтырақтық беріп, сапасын арттыруға, бояу заттарының жіпке жақсы сіңуіне және реңінің ашылуына септігін тигізеді.

3. Табиғи бояу алынатын өсімдіктер



келтіріледі.

ШАТЫРАШ (*Salvia sp.*)- хош иісті, көпжылдық, түкті өсімдік. Биіктігі 20-60 см болады. Бұта тектес бұл өсімдіктің бұтағы, төрт қырлы. Жапырағы көп емес, крест түрінде қарама-қарсы орналасқан. Формасы дөңгелекше, құлақшасы жоқ. Мамыр, шілде айларында гүлдейді. Гүлі көбінесе аталық түрде, жұп күлтелі болады. Тұқымы жеміс түрінде аз болады.

Қазақстанда Қызылорда, Түркістан, Қаратауда, сонымен бірге Ақтөбе, Алтай, Семейде де кездеседі. Сабағы жапырағымен бірге

Бояу әдісі: 1 кг жүн толшығы + 1 кг шатыраш, алдын ала пісіріледі.


Класқа пісірілген жүн сары, хромға пісірілген жүн ашық қоңыр, темірдің қос сульфатында пісірілген жүн жасыл сұр реңге боялады.


Класқа өсімдіктерде қолданылатын бояу жолымен боялады.

Пісіру: 1) 200 гр. клас + 1 кг. жүн + 40 л. су

2) 30 гр. хром + 1 кг. жүн + 40 л. су

3) 30 гр. темірдің қос сульфаты + 1 кг. су + 40 л. су





ШАЙҚУРАЙ (*Hypericum sp. L.*)

Шайқурай – көпжылдық шөптесін өсімдік, бойы 30-60 см, жіңішке мықты бұтақты, одан жылда қатты бірнеше екі қырлы сабақтар тарайды. Жапырақтары қарама-қарсы орналасқан тегіс ұзынша эллипс тәрізді, жиектері тегіс, сағақсыз. Бұл өсімдіктің жапырағын күнге қаратсаң жіңішке инемен тесілгендей болып көрінеді. Сондықтан шайқурайдың бұл түрін «шілтер жапырақты» деп атайды. Гүлдері үлкендеу, ақ сары, қалқан сияқты сыпырғыға жиналған. Тостағаншалары мен күлтелері бесеуден.

Тостағаншалар мен күлтелерінің жиегінде қара нүктелер көрініп тұрады. Үйкеп, уқалаған кезде қызғылт сары бояғыш заты көрінеді. Гүлдеу кезеңі маусымнан тамызға дейін. Тұқымы үш қырлы қоңыр түсті қауашақ тамыз, қыркүйек айларында жетіледі. Бұл қауашақтар құрғақ күндері ашылады да жаңбырлы күндері жабылып тұрады. Бұл өсімдік бояушылықпен қатар емшілікте де қолданылады.

Қазақстанның барлық өлкелеріне таралған. Өзен жағасында, шалғын далада, бұталы өсімдіктер арасында, тау сайларында, беткейлерде, тың жерлерде өсіп-өнеді.

Бояу әдісі: Алдын ала кваста пісірілген 1 кг жүн, 1 кг кептірілген шайқурай өсімдігімен бірге 40 л су ішінде 1 сағат қайнау температурасына жеткізіледі. Бір тәулік ваннада аузы жабық күйінде қалдырылып, суытылғаннан кейін жүндер қыша реңіне боялады.


Алдын ала хромда пісірілген жүндер жоғарыдағыдай әдіспен боялғанда жүндер қызыл қоңыр түске боялады.

Алдын ала кваста пісірілген жүндер сірке қышқылына салып қайнатылса жүндер қызыл түске боялады.

Пісіру: 1) 1 кг жүн + 200 гр. квас + 40 л. су

2) 1 кг жүн + 30 гр. хром + 40 л. су

3) 1 кг жүн + 30 гр. темір қос сульфаты + 40 л. су






АҚ ТҮТ (*Morus alba* L). Биіктігі 15-20 м. болатын ағаш. Бұтақтары сұр, ақшыл түсті. Бұршіктері жұмыртқа пішіндес, мөлшері 6мм-дей. Жапырақтары жалпақ, кейде сопақшалау жұмыртқа пішіндес. Жапырақтарың жиектері тісті. Жемісі дәмді, жеуге жарамды. Одан тосап дайындайды.

Қазақстанның оңтүстіктерінде кеңінен таралған. Бұтағы мен жапырақтары жүн жіптерді сарыға бояйды.

Тұз, квас және сірке қышқылдарында пісірілген жүндер сүт түсті реңге ие болады.






СИЯ ЖАҢҒАҚ. (Gallae Quercinae) Сия жаңғақтың биіктігі 40 метрге жетеді, 400-500 жылға жуық жуық өмір сүреді. Жапырақтары қауырсын-қалақша тәрізді, қара қошқыл, сырғалары жіңішке, тербелмелі келеді, 4-6 жапырақшалы гүл қоршауы және сонша аталығы бар гүлдері болады. Ұрғашы жынысты гүлдері мен жемістері жапырақ сағақтарынан асып тұратын сабаққа бітеді. Жемісі – шошқа жаңғақ.

Қазақстанда Ақтобе, Алматы, Шымкент, Жамбыл, Түркістанда таралған. Сия жаңғақтан 30-70% мөлшерінде танин алынады. Бұл зат мақта тоқымалары бояуында пісіру үшін қолданылады. Жүн талшығын бояуда сия жаңғақ бояу заты ретінде қолданылады. Бояғыш заттар алу үшін жас жапырақ, кесілген ағаштардың өңделген кездегі қалдықтары қолданылады. «Жаңғақты» жапырақ (насекомдардың зақымдауларынан пайда болған шар тәрізді өскіндер), жібек пен жүнді бояйтын бояу көзі ретінде қолданылады. Одан алынатын рендер уақыт өте келе қаныға түседі.

Пісірусіз сия жаңғақтың өзімен тікелей боялған жүндер түйе жүнінің реңін береді. Кваста пісірілген жүннен жасыл сары, кальций карбонатында түйе жүні түсі, оксалит ацетатында сарғыш түйе жүні түстес, кремний ұнтағымен қоңыр түйе жүні, темірдің қос сульфатында қанық қоңыр рендерді алады. Бояу жұмысының алдында сия жаңғақтар майда үгітіліп дайындалады.







ӘУЛИЕ АҒАШ (*Salix alba* sp. pl). Бұл ағаштың биіктігі 25-30 м. Өте ұзақ жасайтын ағаш. Қабығы сұрғылт, бетінде терең жарықтары бар. Бұтақтары төмен иілген, сәнді көрінеді. Жас бұтақтары толық жапырақсыз келеді. Бүршіктері ұзынша жапырақтарымен бірге көктейді, шамамен 6мм. сарғылт түсті, азырақ хош иісі бар. Жапырақтары ұзынша, жиектеріндегі үшкіл сары

бөліктері болады.

Қазақстанның барлық аймақтарында кездесетін әулие ағаш арық жиектерінде, су бойында өседі.

Жапырағы мен бұтақтарынан кваспен пісірілетін жүн сары, хромда пісірілген жүн қызық сары, мыс қышқылдарында пісірілген жүн жасыл көк, темірдің көк сульфатында пісірілген жүндер қоңыр реңге боялады.






ОЙРАН ШӨП. (*Rubia tinctorum* L.) Бұл көпжылдық шөп тектес өсімдік, биіктігі 40-60 см. Ұзын тамырынан жер бетіне жақын жеріндегі тамырлардан сабақтар шығарады. Сабағы бунақты, әр бунағында 4-6 дан жапырағы болады. Сабағында кері өскен кішкене тікенекшелері болады. Жер бетіне жатаған өседі. Жапырағы сағақсыздау төрт жапырақ дөңгелекше орналасқан ұзыншалау. Шілде, тамыз айларында кішкене бес жапырақшалы ақ гүлдері ашылады. Бояу жұмысында сабақтары қолданылады. Өсімдіктің кемі 3 жылдық және одан артық сабақтарының бояулық қасиеті басымырақ.

Қазақстанның Арал, Қызылорда, Шиелі, Жамбыл, Түркістан, Қаратау, Ақтөбе, Алатау, Тянь-Шань аумақтарында кездесуі мүмкін.

Бояу әдісі: Өсімдік сабақтары кептіріліп, үгітілгеннен кейін қолданылады. Құрғатылмай қиып алған сабақтары ферментациялық ерекшеліктеріне байланысты бояулық қасиеті басым екені анықталған. Өсімдіктің кептірілген сабақтары кейде металл тұздарымен қосып қайнатылса, қызыл және қанық қызыл, оксалит ацетатында черепица реңін, кваспен ашық черепица, калий хлоридімен ашық қызыл, калийбихроматпен күл түсті, кремний ұнтағымен қанық күл, кальций карбонатымен шарап түсін, натрий карбонатымен ашық шарап реңін, мыс сілтісімен қоңыр, квас және кремнийді жартылай араластырғанда қызыл түстің түрлерін алуға болады. Осы өсімдіктің жемістерінің селі мен кальций карбонатынан сұр, сода қышқылымен сарғыш сұр, кваспен жасыл сұр, калий бихроматымен сарғыш жасыл, темірдің қос сульфатымен қара көк, қалайы хлоридімен қыша түстерін жасауға болады.

Пісіру: 1 кг жүн талшығы 250 гр. квас, 15 гр. шарап қышқылы, 50 гр кремний ұнтағымен 40 л су, 1 сағаттай қайнау температурасына жетіп қайнатылады. Осылай пісірілген жүн бояу қазандығына үгітілген өсімдік салынып аузы байланған мата қалтамен қоса салынады. Қазандықтың температурасы 70⁰ с-қа жеткізілгеннен кейін, қазандық 24 сағатқа бұқтырылады.

«Түрік қырмызысы» деп аталатын қазақ кілемдерінде қолданылатын қызыл түстердің түрлері өсімдік мөлшеріне байланысты.





ҚАРАҒАН (*Robinia pseudoacacia*) Бұл ағаштың биіктігі 8-9 м, діңі қатты. Көктемде ақшыл түсті хош иісті гүл ашады. Фасольға ұқсаған жеміс байлайды. Жеміс қабығы күзде қоңырқай тартады. Бұтақтары тікенді. Қарағаштың тамырынан бояу алынады.

Бояу әдісі: 1кг. ұсақ, келтірілген қараған тамыры бояудан 1 күн бұрын қайнатылады. Содан соң 40 л. бояу суында 1 кг. кваспен пісірілген жүн жіптер 1 сағат қайнау температурасына жеткенде, жіп ашық сары реңге енеді. Мыс сульфатында пісірілген

жүндер қызық кофе түсіне боялады.


Хромда пісірілген жүндер осы әдіспен боялғанда қоңыр сары реңге боялады.


Шеңбеу: 1) 1кг. жүн + 200 гр. квас + 40 л. су

2) 1кг. жүн + 30 гр. хром + 40л су

3) 1кг. жүн + 30 гр. мыс сульфаты + 40л су

4) 1кг. жүн + 30 гр. темір қос сульфаты + 40л су.





КАНДЫАҒАШ (*Alnus glutinosa* L. *Saerith*) Қандыағаш – қайың тұқымдас ағаш. Оның екі түрі бар. Жабысқақ қандыағаштың қабығы қара қоңыр, ал сұр қандыағаштікі жылтыр, сұр түсті.


Биіктігі 10-30 м, түзу дінді орман ағашы. Жапырақтары кезектесе орналасады, сопақшалау, кертікті. Апрель айында гүлдейді. Қандыағаш бүршіктері алдымен жасыл, күзде қара болады. Сопақша формалы, кермек дәмді.

Қазақстанда Алматыда, Ақтөбе мен Семейде бар. Қандыағаштың қабықтары,

бұтақтары жүнді сарыға бояу үшін пайдаланылады. Кваста ашық қоңыр рең, хромда қызыл қоңыр рең береді.

Бояу әдісі: 1 кг кваста пісірілген жүн, 1 кг қандыағаш қабығы (алдын ала қайнатылған) 40 л сумен 1 сағат шамасында 100⁰ температурада қайнатылғанда жіптер ашық қоңыр түске боялады. Хромда пісірілген жүн қызыл қоңыр түске, мыс сілтісінде қанық нақи түске боялады.





ЖҮЗІМ ЖАПЫРАҒЫ (*Floria Vitis Vinifera L.*) Жүзім өрмелеп өсетін, бұтақшалы өсімдік. Жапырағы кезектесіп орналасқан саусак айрықты болады. Шашақ гүл жоғары жапырағымен қарама- қарсы орналасқан, гүлі жасыл түсті. Қолдан егіледі.

Өте ерте заманнан белгілі жүзімнің мәдени түрі Қызылорда, Атырау, Түркістан; Жаңақорғанда өсіріледі. Жемістері мен жапырақтары бояуда қолданылады.

Бояу әдісі: 1кг. жүні талшығы, 2 кг. жүзім жапырақтары мен 40 л. суы бар ваннадағына қиып пісірілгеннен кейін 1 сағат қайнатылып, 1 күн бояу ваннасына салынған жүн жіптер жасыл сары түске боялады. Хромда пісірілген, 40 гр. темірдің қос сульфаты ерітіліп қосылған жүндер жасылға боялады.

Пісіру: 1 кг. жүн + 200 гр. қиыс + 40 л. су.






МАХХАБАТ ГҮЛІ. (*Resed luteola* L.) Бұл өсімдік бір сабақты, биіктігі 1 м, ортасы қуыс. Жан-жаққа тараған қысқа сабақтарының ұшында және ұзын сабағының басында сары гүлдері бар. Жапырақтары ұзын, өсімдіктің түбіне жақын жиі орналасқан. Өсімдікті гүл ашардың алдында және тұқымын шашпай тұрғанда – шілде айында жинау керек. Әктасты топырақты жерлерде жақсы өседі.

Қазақстанда Жамбыл және Тянь-Шань тауларында өседі. Сабақтары тұтасымен бояу ісінде қолданылады.

1 кг жүнге 1 кг өсімдік қолданылады. Кваста пісірілген жүн лимон қабығы түсіне, хромда пісірілген жүн қанық қызыл сары түске боялады. 1 кг пісірілген жүн 1 кг махаббат гүлі, 60 гр темірдің қос сульфаты мен бірге боялғанда жасыл түс алынады.






МАЙ САРЫ. (*Carthamus tinctorius* L.) Бұл бір жылдық шөп тектес өсімдік, биіктігі 60-70 см. Сабағы тік, көп бұтақты болады. Сырты ақшыл сары түсті болып, сабағының ұзындығы бойына сызықты келеді. Жапырақтары сағақсыз, дөңгелекше, кезектесіп орналасқан, қатты, жиегінде тікенектері бар. Шілде, қыркүйек айларында қызыл түсті гүл ашады. Шоқбас гүл шоғыры сабак басында орналасады, гүл оранышы көп қабатты келеді. Тұқымдары ақ түсті, жұмыртқа пішіндес келеді. Май сары ауыл шаруашылығында қолданылатын экономикалық өнім. Тұқымдарынан май, гүлдерінен қолдан бояу алу үшін Жамбылда, Түркістанда мәдени өсімдік ретінде өсіріледі


Бояу әдісі: жүнді бояу 40 литрлік ыдысқа су құйылып, 1 кг квас және жүн тазаланған кәдімгі ұнтақталған мақсары 1 сағат шамасында қайнау температурасына дейін ыстытылады. Аузы жабық ваннада бір түн тұрған жүн жуылған соң сары түске боялады. Осы әдіспен хроммен пісірілген жүн қыша түрін береді. Ал май өлгісімен пісірілген жүн жасыл болады.

Шіріту әдісі: 1) 1 кг жүн + 200 гр квас + 40 л. су

2) 1 кг жүн + 30 гр хром + 40 л. су


3) 1 кг жүн + 30 гр май өлгісі + 40 л. су






ТҮЙМЕДАҒЫ. (*Anthemis tinctoria* L.) Бір жылдық және көпжылдық түрі де бар шөптесін өсімдік. Бір жылдық түрінің биіктігі 35 см-дей сабағы тармақты, ұзынша формалы сиректеу болады. Гүл себеті ақ күлтешелерден тұрады. Гүлдерінің ішінде көптеген ұсақ тұқым ұяшықтары бар. Хош иісті. Жаз бойы гүлдейді.

Шалғынды жерлерде, далада, Қазақстанның барлық облыстарында кездеседі. Бояу ісінде өсімдіктің сабағы, гүлі қолданылады. Одан ашық сары түстер алынады. Әрбір кг жүнге 1 кг гүл қолданылады. Кваста пісірілген жүннен сары, хромда корица реңіне жақын сары түстер алынады. Темір қос сульфатында пісірілген жүндер металға тән сары түске боялады.






СИЫРҚҰЙРЫҚ. (*Verbascum* sp.) Бұл екі жылдық өсімдік биіктігі 150 см-ге дейін, мықты сабақты, бас жағы бұтақтанып келетін, өсімдік. Сабақ түбіндегі жапырақтары ірі, ұзындығы 35 см, ені 10 см. Сағағы қысқа, майда түктері ақшыл түс береді. Сабақ бойындағы жапырақтарының ұш жағы кішірейген, отырыңқы. Гүлшоғыры сыпыртқы тәрізді, 3-6 дан бір-біріне жақын орналасқан. Гүлі бес мүйіслі, тостағаншасы қысқа, ашық сары түсті. Сиыр құйрық мамыр-маусымда гүлдейді, тұқымдары тамызға дейін пісіп жетіледі. Тамыры мен гүлдерінен сары және сарғыш жасыл бояу алынады.

Көкпен пісірілген жүндер сары, хроммен пісірілген жүндер жасылға тән қызыл ренін береді. Көкпен сарыға боялған жүн мыс сілткісімен араластырып жасыл рен алынады. Сиырқұйрықты пайдаланып дайындалған бояларды ысыту барысында рен өзгеріп отырады. 1 кг жүн үшін 2 кг өсімдік материалы пайдаланылады.






АЙВА (*Cydonia Vulgaris pers.*) Бойы 7-8 метрдей болатын бұтаға ұқсас ағаш. Жапырақтары жүрек пішіндес болады. Көне тарихы бар айванын жемісі пайдалы. Қазақстанның Түркістан өлкесінде көп өсіріледі.

Бою әдісі: 1 кг. қвасқа пісірілген жүн талшықтары 40л. суда1кг құрғақ айва жапырағымен бірге 1 сағат қайнатылады. Осыдан соң жүн талшықтары бір тәулік бойы аузы жабық бояу ваннасында қалдырылады. Жуылып және кептірілген жүн талшықтары айва реңін береді.


Пісіру: 1кг. жүн+200гр. қвас+40л. су. 1 сағат шамасында қайнау температурасына жеткеннен кейін талшықтар суытылып, жуылып, құрғатылып, боялады.





ЖАЛБЫЗ. (*Menta sp.*) Көпжылдық шөп тектес өсімдік, биіктігі 80-100 см. Хош иісті. Сабағы төрт қырлы, қуыс өзекті, буынды болады. Жапырағы сұрғылт жасыл түсті, қарама-қарсы орналасқан, жиегі аратісті, қандауыр тәрізді сопақша, 10 см-ге жуық. Гүлдері көк күлгін, ақ және алқызыл болуы да мүмкін. Екі ерінді төмен қарай өсетін гүл қауашақтары бар. Жемісі шар тәріздес. Июнь-июль айларында гүлдейді.

Қазақстанның оңтүстігінде кездеседі, 9 түрі бар. Ылғалды жерлерде, жасанды суландыру каналдарының жағалауында, бұлақ суларының көздерінде кездеседі. Бояу ішінде қыста пісірілген жалбыз гүлдерінен сары, темірдің қос сульфатынан жасыл-қара, қыс сипісінен һаки, танинмен ақшыл сұр реңдер алынады.






ПНЯЗ. (*Allium cepa* L.) Көп жылдық, жуашықты өсімдік, ашы дәмі және иісі бар, жуашығы көк жуасын пайдалану үшін бакшада өсіріледі. Жапырақтары цилиндр тәрізді ұзын іші қуыс болады. Жапырақтарының сыртқылары қынабымен сабақты қаптап тұрады. Жапырақ ұзындығы 60-100 см жуық. Гүлдері дара-дара шоғыр басты шатыр түрінде, гүлдегенге дейін

қабыршақпен қапталып тұрады. Гүл сағағы ұзын болады.

Қазақстанның барлық жерінде кездеседі.

Бояу әдісі: Пісірілген 1 кг жүн, 1 кг пияз қабығымен 1 сағ. 40 л суда 100° жақын қайнатылады. Осы суда 24 сағат қалдырылған талшықтар тазаланып, кептірілген кезде талшықтар сарыға, ал тағы біраз қайнатылса қоңыр түске боялады.

Пісіру: 1 кг жүн, 200 гр суда ерітілген квас 1 сағ. шамасында қайнатылады. Құрғатылып барып боялады.





СҮТТІГЕН. (*Euphorbia* sp.) Бұл өсімдіктер көп жылдық шөп тектес өсімдік, биіктігі 50-80 см. Сабағын сындырғанда сүт тәрізді сұйық зат шығарады. Білеу тамырының сырты қоңыр түсті, тік өседі, жоғарғы жағы бұтақты болып келеді. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, сағақсыз, ұзын қандауыр тәрізді, бүтін жиекті болады. Шатырлы гүл шоғыры, гүл оранышы сары түсті, қауашақ жемісі жұмыртқа пішінді болады.

Сүттіген Қазақстанның барлық жерінде кездеседі. Өсімдіктің топырақ бетіндегі бөлігі бояу заты ретінде қолданылады.

Сүттігенмен бояу барысында жүнді алдын ала пісіру және бірге пісіру әдісі

қолданылады. 1 кг жүнге 1-2 кг өсімдік пайдаланылады. Кваста пісірілген жүн ашық сары, кейбір клоридімен сүт түстес, темір қос сульфатымен наки реті ашықталады.





БҮЛДІРГЕН (*Rubus fruticosus*)

Биіктігі 60-100 см. Болатын бұл өсімдік көп бұтақты, ол бойында жиі өскен нәзік тікендері болады. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, ұзын сабақты, үш жақты күрделі жапырақты, үш жағындағы жапырағы үлкендеу. Жапырақ жиегінде ретсіз ара тістері болады. Жапырағының үстінгі беті жасыл, астыңғы беті сұрғылт ақ түсті, гүлі ақ, жалғыз немесе сабақ басында топтасып өседі. Маусым, шілде айларында гүлдейді. Жемісі қызыл түсті, ішінде тұқымдары көп болады. Дәмді

жемістерінен тосаптар дайындайды. Қазақстанда түгел дерлік кездеседі.

Бояу әдісі: 40 л. су құйылған бояу қазандағына 1 кг. кваспен пісірілген жүн жібі және 1 кг. ұнтақталған бүлдірген бұтақтарын араластырып, 1 сағаттай қайнау температурасына жеткенше ысытылады.

Аузы жабық ваннада бір түн қалдырылған жүн талшығы жуылған соң сарыға боялады.


Хромда пісірілген жүн талшығы топырақ (һаки) реңін, ал ваннаға 30 гр. темірдің қос сульфатын қосып қайтадан қайнатса сұр түс береді. Темірдің қос сульфатымен пісірілген жүндер қара сұр түс береді.

Әртүрлі пісімдерде пісірілген жүндер бүлдіргеннің жемісі мен боялса жасыл қара және қоңыр түсті рең береді.

Пісіру :1) 1кг. жүн + 200 гр. квас + 40 л. су

2)1кг. жүн + 30 гр. хром + 40л су

3)1кг. жүн + 30 гр. темір қос сульфаты+ 40л су.





ЖАҢҒАҚ (*Juglans regia*) Жаңғақ ағашы өте биік, үлкен болады. Жас бұтақтары ашық күл түсті, кейінірек қалындап, жарылады. Жапырағын және жемісінің қабықтарын бояу заты үшін пайдаланады.

Қазақстанның Қаратау, Іле Алатауы аудандарында, Тянь-Шань таулары мен Жамбыл, Қызылорда, Шымкент облыстарының бау-бақшаларында өседі.


Бояу әдісі: 1кг. жүн, 1 кг. ұнтақталған жаңғақ қабығы, 40 л. су 1 сағаттай қайнау температурасына жеткенде, 200 гр. тұз салынып қайнатылғаннан кейін жүн

түсіне бірте-бірте боялады. Темірдің қос сульфатымен пісірілген жүн көрнекі ашықта, калийбихроматпен пісірілген жүн қоңыр түске ие болады. Жаңғақ қабығымен пісіріліп бояуға да болады.

Шеңбеу: 1 л. жүн + 30 гр. темір қос сульфаты + 40 л. су.

2 л. жүн + 30 гр. калийбихроматы + 40 л. су





ШЕҢГЕЛ (*Alhagi gageana*) Бойы 60-150 см болатын бұта тектес бұл өсімдіктің бұтақтары мен сабағы тікенді. Тікендері ұзын, 6 см-ге дейін. Жапырақтары күрделі, 1-5 дейін жұптасқан кішкене сына тәрізді, ұшында тікеншесі бар. Гүлшоғыры шашаққа жиналған, жапырақтарының қолтықшасына орналасқан. Гүл күлтесі 5 түрлі жапырақшадан құралған. Шеңгел мамыр-маусым айларында гүлдейді. Ашық күлгін түсті гүлдері тартымды. Жемістері – қабықты бұршақ – ұзындығы 3 см-ге дейін, ені 1,5 см.


Қазақстанның барлық жерлерінде кездеседі. Құмды және саз керішті шөлдерде, далаларда, өзен аңғарларында, бұлақтар жанында, сортаң жерлерде өседі.

Бояу әдісі: 1 кг кептіріліп ұсақталған шеңгел тамыры бояудан 1 күн бұрын қайнатылады. Сонан соң 40л бояу суында 1 кг кваспен пісірілген жүн осы тамырлармен бірге 1 сағ. шамасында қайнау температурасына жеткізіліп қайнатылады. Жүн жіптер сүт түсіне енеді. Мыс қышқылында пісірілген жүн жоғарыда көрсетілген әдіспен боялғанда ашық қоңыр, темір қос сульфатында пісірілген жүндер қанық қоңыр түске боялады.

Пісіру: 1 кг жүн жібі + 250 гр квас + 40 л су

1 кг жүн жібі + 30 гр хром + 40 л су

1 кг жүн жібі + 30 гр темір қос сульфаты + 40 л су 1 сағаттай уақыт шасамында 100° С жеткізіліп қайнатылады. Суытылып, кептіріліп, бояу қазандығына салынады.






КӨК БОЯУ (*Isatis tinctoria* L.) Екі жылдық шөп тектес өсімдік, биіктігі 30-80 см. Қабығы ақшыл сары түсті, сабақтары тік, сыртында ақ түсті ұнтақтары болады. Жапырақтары кезектесе орналасқан. Түп жағындағы жапырағы үлкен сағакты, сопақша ұзын, сабағындағы жапырағының түп жағы жебе тәрізді сабақты жартылай орап тұады. Гүл шоғыры сабақ басында қолтықтай өседі Гүлі сары түсті крест формасында. Жемісі дөңгелек формалы жалпақтау, тікенді келеді

Көк бояу шөбінің түрі өте көп. Қазақстанның көптеген жерінде, сонымен бірге Қызылорда, Түркістан мен Жоңғар Алатауында, Қаратауда өседі.

Бояу әдісі: 20-25 гр. натрий гидроксиді (NaOH), 20-25 литр су, 80-100гр. натрий гидросульфиті (NaHS_2O_3), суық суда суда араштырып ертілген 15 гр. индиго (табиғи бояу заты), осы заттардан барлығы бірге араштырылады. Бұл бояу заттары талшыққа сіңуі үшін суда еруі керек. Осы кезде талшықтар тотығу- тотықсыздану процесі арқылы болады. Қазандаста 45 С-қа дейін (одан жоғары болса бояу түсі бұзыламын) қызғылттан бояу шашасына шүйкеленген жүн талшықтары пайдаланылады. Жарты сағат бұзылған талшықтар шғашқыда сары болып көрінгеннен, ауала тотығып біртіндеп көк түске айналады. Бұл бояу әдісінде ішкі бояу жұмысынан барысында жүтеге асады.





ЖАНТАҚ (Onasis L.) Жантақ - бұршақ тұқымдас, тікенді, көп жылдық өсімдік, құмда, тастақта, қыраттарда, тау бөктерінде, шөлейттерде өседі. Бойы 40-45 см., тамыры 100 метрге дейін жетеді. Бұтақтары тік, гүлдері қызғылт, күлгін реңді. Жемісі бұршақ тәрізді. Қыркүйек, қазан айларында гүлдейді.

Жүн талшығы кваста пісірілсе ашық сары, хромда пісірілсе ашық қоңыр реңге боялады.

Бояу әдісі: 1кг. ұнтақталған жантақ дәні бояуда бір күн бұрын қайнатылады. 40 л. бояу суында 1кг. кваспен пісірілген жүн талшығы жантақ дәнімен бірге 1 сағаттай қайнау температурасына жеткізіледі. Жүн сары реңге боялады. Хромда пісірілген жүн осы әдіспен


боялғанда ашық қоңыр түске ие болады.


Пісіру: 1) 1кг. жүн + 200 гр. квас + 40 л. су

2) 1кг. жүн + 30 гр. хром + 40л су

3) 1кг. жүн + 30 гр. мыс қышқылы + 40л су.

Темір қос сульфатында да осы әдіс қайталанады.





ҚАРА ӨРІК. (*Prunus Spinosa*).

Бойы 3-4 метрге жуық, тікенді ағаш. Көп бұтақты болады. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, жиегі ара тісті келеді. Жапырақ сабағы ақ түсті. Гүлі ақ ренді, жапырағынан бұрын ашылады. Жемісі қызғылт, көкшіл, қара түсті болады. Қазақстанның барлық аудандарында өседі. Қара өріктің қабығын бояу ісінде қолданады.


Бояу әдісі: 2 кг. ұнтақталған қара өрік қабығы жүнді боярдың алдында бір күн бұрын қайнатылады. Сонан соң кваспен пісірілген 1кг. жүн 40 литрлік бояу суында осы қайнаған қабықта

Температурада қайнау температурасына жеткізілгенде жүн талшықтары қара сұр түсті болады.

Хромқа пісірілген жүн талшықтары осы әдіспен боялғанда корица (дәм қасын) түсті болады. **Пістру :** 1) 1кг. жүн + 250 гр. квас + 40 л. су

2) 1кг. жүн + 30 гр. хром + 40л су






ҚАРА ТЕРЕК (*Populus nigra* L.)

Бойы 30 метр шамасында болатын бұл ағаштың қабығы қалың, қара сұр түсті. Бір жылдық бұтақтары жалаң болады. Бүршіктерінің ұзындығы 6-7мм. үшкір, жапырақтары жалаң жасыл түсті, астыңғы жағы ақшылдау. Аталық сырға гүлдері бір ағашта, ал аналық сырға гүлдері басқа ағашта ерте көктемде жапырақ жарғанға дейін гүлдейді. Гүлдері көп және ұсақ. Аталық сырға гүлі – үлпілдек, жұмсақ, сұр, майысқак, қызыл түсті тозандары бар. Тұқымы ұсақ, піскен соң желмен таралады. Қабығы тері илеуге, жүнді бояуға қолданады. Сары түс береді.

Қазақстанның барлық аймақтарында, арықтардың жағасында, Батыс Тянь-Шань тауларында өседі.

Кваста пісірілген жүндер қара терек жапырағымен сары, хромда қанық сары, мыс қышқылында жасыл көк, темір қышқылында қара қоңыр түске боялады.






Суретте көк, темір қышқылында қоңыр түстер алынады.


КӨК ТАЛ. (*Salix trianetra* L.pl)

Биіктігі 2-5 метр, кейде 10 метрге жететін ағаш. Жан-жаққа ажырап өскен жасыл бұтақтары жалпақ көрінеді. Қабығы жасыл. Жуан бұтақтары жалаң және иілгіш. Түсі шұбар сары, жасыл үшкіл бүршіктері жапырақтан бұрын ашылады. Жапырағы ұзыншалау 4-5 см, ені 0,5-3,5 см. Жапырағы жиі болғанымен, көп түсіп жалаңаштанады.

Қазақстанның көптеген аймақтарында сонымен бірге Оңтүстік аймақтарда, Ертіс, Көкшетау, Каспий маңы Ақтөбе, Қызылорда, Алтай, Алакөл, Іле Алатауы аймақтарында кездеседі.

Жапырағы мен бұтақтарынан кваста сары, хромда қанық сары, мыс қышқылында







ҚЫЗЫЛМИЯ. (*Glycyrrhiza galabra*)

Қызылмия – бұршақ тұқымдас, биіктігі 1-1,5 м-дей сабағы тік, қызыл қоңыр немесе қарақоңыр түсті көпжылдық өсімдік. Сабағы жұмыр әрі жуан, түп жағы ағаш тектес, жоғарғы жағы көп бұтақты болады. Жапырақтары қосарлы орналасқан түкті, жұмыртқа формалы сопақша, жиегі тегіс болады, қысқа ағашта орналасқан. Гүлі сабақ қолтығында өседі. Түсі қызғылт көк немесе көгілдір түсті, жемісі имек қоңыр түсті бұршақ, сырты түкше болып келеді.

Қазақстанның барлық жерінде, бауларда, бақша жиектерінде, алаңқайларда өседі.

Өсімдіктің тамыры мен тұз және кваста пісірілген жүндер қоңыр түске боялады. Тұзды квас, тұз ерітіндісі және хромда пісірілсе сүт түстес, тұзды квас пен мыс кышқылында пісірілсе жасыл рендер береді.







ҚҰРТҚАШАШ. (Iris sp.)

Құртқашаштар тұқымдасына жататын бұл өсімдіктің 200-ге тарта түрі бар. Жуан бұтақтанған тамырсабағы 1-1,5 см-дей. Жапырақтары жалпақ қылыш бітімінде сиректеу болады. Ені 1 см-ге жуық, ұзындығы сабағымен бірдей. Қысқа сабақта құртқа тобына кіретін бұл түрі өзгешілігімен, әсіресе гүлінің түрін өзгертуімен ерекшеленеді. Гүлі қанық көк, қызғылт сия, жасылдау сары, кейде ақ түсті де болады. Гүлдері дара, үлкен, ұзын түтікті. Құртқашаш көктемде сәуірдің соңы – мамырда гүлдейді, жемісі үлкен, ұшталған үш қырлы қауашақ, маусым-

шілік айларында піседі.

Қазақстанның солтүстік шығыс аймақтарында кездеседі. Ол шым жерлерде, жусанлы-қаулы далада, сортаң топырақта өседі.

Июнь айы Құртқашаш өсімдігінің гүлдерін 8-10 сағат суда араластырып, ашық көк сияға ұқсайтын қоймалжың масса жасалады. Осы массаға жүн қалыңы баспен отқа қойылады да 1 сағат қайнатылады. Талшықтар алдымен ашыққай түске, содан соң сары реңге боялады. Хромда пісірілген жүндер, 2 сағ құртқашаш өсімдігі еңгесімен жоғарыда айтылған әдіспен боялғанда алдымен жасылға жасыл түске, содан соң сарғыш жасыл түске айналады.







ЖЫҢҒЫЛ. (Tamarix Elongata) Бұл бұта немесе аласа ағаш, биіктігі 1-3 кейде 6 метрге дейін жетеді. Қабығы қарасұр, жылдық өркендері қызғылт. Жасыл өркендегі жапырақтары ұсақ қабыршақ формалы, ұзындығы 4-9 мм, ені 1-3 мм. Шашақ гүлшоғыры өркен ұшында, сыпыртқы тәрізді майда. Гүлдеу мерзімі мамырдан қазанға дейін созылады. Жемістері пирамида тәрізді үш қырлы қауашақ.

Тарбағатай, Алтай, Батыс Тянь Шань қыраттарымен бірге еліміздің барлық территориясында, сондай-ақ Түркістан, Қызылқұм аймақтарында өседі. Бұл өсімдік тұзды жерлердегі нашар алқаптарды көгалдандыру үшін маңызды.

Бояу әдісі: 1 кг ұсақталған, кептірілген жыңғыл бояудан бір күн бұрын кайнатылады. Сонан соң 40 л суда 1 кг кваспен пісірілген жүн салынып 1 сағаттай қайнау температурасына жеткізіледі. Жүн жіптері ашық сары реңге боялады. Мыс сульфатында пісірілген жүн осы әдіспен боялғанда сары, темір қос сульфатында пісірілген жүн қанық қоңыр түске боялады. Хромда пісірілген жүн қоңыр сары реңге боялады.






АДЫРАСПАН (*Peganum harmala* L.spp.) Адыраспан – көп жылдық шөп тектес өсімдік, сасық иісті, тамыры ұзын, жуан әрі етті болады. Биіктігі 30-60 см. Жұмырлау сабақты, түп жағынан шығатын бұтақтары жер бауырлап, жоғарғы жағы бұтақтанып көлбей қаулап өседі. Жоғарғы жапырақтары кезектесіп орналасқан, көп ашалы, ұзынша, ұзындығы 1,5-2,5 см, ені 1,5-2 мм. Мамыр-шілде айларында гүлдейді. Гүлі бозғылт сары түсті, жеке-жеке өседі. 5 жапырақшалы, жапырақ қолтықшаларында өседі. Жемісі - қоңыр түсті, ұрығы ірі, диаметрі 1 см-дей шар тәрізді қауашақ.

Қазақстанның далалық аймақтарында кездеседі. Жол жағасы, адырлы шөлейт, құрғақ жерлерде, тұзды тақырларда өседі. Тұқымдарын жүнді өсіретін бөлу үшін қолданады.

Бөлу әдісі: 1 кг жүн жібіне 1 кг өсімдік алынады. Пісірілетін жүн жібі және адыраспан тұқымы қазанға салынады. 40 л су ішінде 1 сағат шамасында 100 °С температураға жеткізіле қайнатады. Жіп қызылға боялады.

Шейру: 1 кг жүн жібі + 200 гр киле + 40 л су.






ЖИДЕ. (*Elaeagnus oxycarpa*) Ағаштын биіктігі орташа 7-10(16) м, қабығы қызыл, жанама бұтақтары ақшыл. Бұтақтары тікенді. Тікендері қатты, ұзындығы 1-3 см болады. Жапырақтары ұзынша, ақшыл-жасыл түсті, ұзындығы 2-4,5 см, ені 7-15 мм ұшы үшкір, жиегі тегіс болады. Гүлдері бұтақ басында ақшыл сары, хош иісті. Жемістері тәтті, пішіні жұмыртқа сияқты, ұзындығы 8-10 мм, ені 7-8 мм, сары немесе алқызыл. Жеуге жарамды. Дәні ұзынша, екі жағы ұшты болып келеді. Арық жағаларында, шөлейттердегі алаңқайда өседі.

Орта Азияның барлығында, сонымен бірге Қызылорда, Түркістан, Алатау, Қаратау, Батыс Тянь-Шань т.б. жерлерде кездеседі. Бояу заттары

жапырақтарында болады.

Кваста пісірілген жүндер жиде жапырағымен қайнатылғанда сарыға боялады. Хромға пісірілген жүндер жасыл сары, мыс сульфатында пісірілген жүндер жасыл сары, темір қос сульфатында пісірілген жүндер қоңыр түске боялады.





ҚЫМЫЗДЫҚ. (*Rumex patientia*)


Қымыздықтың топарық астына терең бойлаған етті тамыр сабақтары бар. Осы тамырларынан жыл сайын көктеп шығады. Биіктігі 1 метрдей. Сабағы тік, жіңішке жапырақты, қызыл таңбалары болады. Түп жағындағы жапырақтары ұзын, сағақты, сүйір, жиегі толқындалған, кезектесе орналасады. Сабағының жоғарғы жағында өсетін жапырақтары жіңішке, ұзын, сағағы қысқа, жапырақ қынабы түтікше тәріздес болады. Үлкен шашақты гүл шоғыры, аталығы 6 дана, солғын жасыл түсті, кішілеу. Мамыр-маусым айларында гүлдейді. Жемісі — үш қырлы дән, сопақша келеді. Өсімдіктің

жер үсті бөлігі болушышақты қосымша материал ретінде пайдаланады.

Тұла аймақтарда, су арықтары жиегінде, өзен құйылысында, көлдің шұңқырларында, шайындыларды, алаңқайларда өседі. Қазақстанның көптеген аймақтарында, Алтай тауларында кездеседі.

Айырыммен дүңгер қымыздықпен жоғарыда айтылған әдістер сияқты боялып, көпшілік пәсілет түске болады. Мысалы, қымыздықтың құрамында сары түсті жұл талшықтарын қызыл түске бояйтын заттар бар. Осылай боялған жұл жіңістердің түстері ұзақ уақыт сақталады.





ҚИКОТЫ. (Thymus Sp.) Биіктігі 25 см, еріндігүлдер тұқымдас, хош иісті, көп жылдық шөптесін өсімдік немесе бұтасын. Сабақтары төрт қырлы, жіңішке, өте көп, жапырақтары ұсақ, қарама қарсы, бүтін жиекті, ұзынша әрі сопақ. Сабақ басында шоқтанып орналасқан ерін тәрізді гүлдерінің түсі алқызыл немесе күлгін тостағаншасы бес тісті – жоғарғы ерні екі гүл жапырақтардан, төменгі ерні үш гүл жапырақтардан тұрады. Аталықтары төртеу. Маусым-шілде айларында гүлдейді. Жемісі майда, төрт жаңғақтардан тұрады. Бұтағы мен жапырағында болатын көкшіл түс беретін химиялық заттар бар – тимол және карванол

негізгі бояу заттары болып табылады.


Қазақстанның орманды және далалы аймақтарында, Кавказда, Батыс Сібір мен Байкал маңында көп кездеседі. Құмды жерлерде, қарағайлы орманда өседі.

Бояу әдісі: 1 кг кептірілген жебір шөбі, алдын ала пісірілген 1 кг жүн 40 л суы бар бояу қазандығында, 1 сағаттай қайнау тепературасына жеткенде талшықтар сарыға боялады. Хромда пісірілген жүн талшығы қоңыр түс береді. Темірдің қос сульфатында пісірілген жүн жасыл сұр түске боялады.

Пісіру: 1 кг жүн + 200 гр қвас + 40 л су

1 кг жүн + 30 гр хром + 40 л су

1 кг жүн + 30 гр темірдің қос сульфаты бояу барысында пісіруге қолданылады.



III тарау

Түксіз кілем токуды үйретудің бағдарламасы мен әдістемесі

1. Бағдарлама (Технология пәні, 8 сынып)

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1. Міндетті деңгей.

Оқушылар төмендегідей білімді игеруі қажет:

- 1. қалыңтық түрелі тоқу өнерінің қайнар көзі мен ежелгі дәстүрлерін;
- 2. арнайы шырғашыналытас пәлсапаларының суреттері тоқудың жетекші құралы екендігін;
- 3. түрелі тоқуға қажетті қарапайым қалыңтық (станок) құрылысын;
- 4. қалыңтық шеті жібір жүргізудің әдістерін;
- 5. қалыңтық түрелі тоқуда пайдаланылатын материал түрлерін; жүн, жартылай жүн және шөпте жіптеріне арналған бояу түрлерін;
- 6. тоқу әдістерін, қолмен теру жолдарын;
- 7. шеткі шырға және ұшымын тарту, өрт қауіпсіздігі ережелерін;

Оқушылар қызығай іскерліктерді меңгеруі қажет:

- 1. үстіңгі қарын түрелі тоқудың әдістерін ажарата білуі;
- 2. түрелі тоқудың қарапайым әдістерінің біріні пайдаланып, үлгі – тоқыма даяндауы;
- 3. шырғашының бұйымының әлемді мен тәжірибелілік суретін дағдылауды;
- 4. тоқуға қажетті шеткі, арнайы (түр) жіптерін және басқа жабдықтарды даяндауы;
- 5. шеткі жібі саны мен тоқыма тығыздығын есептеуді;
- 6. қалыңтық шеті жібір жүргізуді, жүн және тик (астыңғы, үстіңгі) жіптерді ажаратуы, жұмыс барысында олардың орнын ауыстыруды;
- 7. арнайы жібір шығаруы үшін тоқудың басқа да құралдарды (шанышқы, тарақ) пайдалана білуі;
- 8. шырғашының басталар шеті мен бітер жақ шетін «шықұрт» (немесе «ала арқан» әрнегі), «бұлау» әрнектерімен сәндеу әдістерін;

- арқау жіптерінің түр-түс аралығында байланысуының дәстүрлі қазақы әдістерін;
- тоқу барысында ою-өрнек қалпының айқындығын, кілем тақтасының тұтастығын сақтауды;
- тоқу барысында кілем шетінің қисаймауын, кілем тақтасының тік төртбұрышты болып шығуын қамтамасыз етуді;
- біткен кілемді қырқып, шетін шашақтауды;

2. Мүмкіндік деңгей.

Оқушылар төмендегідей білімді игеруі қажет:

- өндіру әдісіне және ою-өрнек сипатына сай түксіз кілем түрлерін, олардың ұлттық және аймақтық ерекшеліктерін;
- дәстүрлі түксіз тоқу өнерінің мәдени және пайдалылық қолданылуын және негізгі ою-өрнек құрылымының сызбасын;
- қазіргі gobелендердің көркемдік және техникалық әдістерінің көптүрлілігін;
- кілем өрнегінің үй-іші көрінісіне сәйкестендіріліп құрылу негіздерін;
- gobелен суретінің жасалу әдістерін, эскиздің тор көз қағазға түсірілуін, сурет масштабының өзгертілуін;

Оқушылар мынадай іскерліктерді меңгеруі қажет:

- түксіз кілем және gobелен эскизін дайындауды, сурет масштабын үлкейтуді және кішірейтуді, қатты қағаз (картон) дайындауды;
- кілем ою-өрнегінің ұлттық ерекшелікке сәйкес жасалу әдістері мен үй-іші көрінісін ескере отырып жасалуын;
- кілем бұйымдарының эскизі мен техникалық суретін компьютерлік сызбалар көмегімен орындауды;
- түксіз кілем және gobелен кілемін ұлттық мәнгермен тоқуды;
- сәндік кермелерде (панно) тоқудың аралас түрін пайдалануды;
- тоқу барысында өрнектің мағыналық, құрылымдық, түр-түс үйлесімділігі шешімінің бірізділігін сақтауды;
- кілемді және gobеленді әрлеп, сәндеп, бөлме ішіне ілуді;

Технология бағдарламасына сай 8 сыныпта «Түксіз кілем тоқу» бөлімін оқытудың тақырыптық жоспары (20 сағ.)

№	Тақырып аты	Сағат саны
I. Тоқуға дайындық (4 сағ.)		
1	Кіріспе.	0,5
2	Қолмен тоқуға арналған дәстүрлі құрал-жабдықтар мен материалдар.	0,5
3	Қазақтың түксіз тоқу өнері тарихынан.	0,5
4	Түксіз кілем тоқу өнерінің дәстүрлі әдістері.	0,5
5	Тарихи ақпарат пен пәлсапаны қазақтың түксіз кілемдеріндегі әрбір пәлсапаның үкіміне мән берлеу (стильдеу).	1
6	Түксіз кілемнің өмірлік композициясын құру бағамдары.	1
II. Түксіз кілем тоқудың қарапайым технологиясы (16 сағ.)		
7	Тоқуға қажетті жабдықтар мен материалдарды, тоқу стандартын (өлшемін) дайындау.	1
8	Әрбір пәлсапаның өмірлік және техникалық суреті.	2
9	Тоқу стандартына негіз жүйін жүргізу әдісін таныту.	0,5
10	Кілем технологиясының тағдырын өсірту.	0,5
11	Кілем тоқу және кілем шетін өңдеу тәсілдері.	1
12	Арқау (түр) жігіттерінің түстер арнасында байланысу тәсілдері және кілем шетін шығару.	10
13	Кілемді бітіру және шамақтау.	1
Барлығы:		20

2. Бағдарлама мазмұны

1. Кіріспе (0,5 сағ.)

Оқушыларды «Түксіз кілем тоқу» тақырыбының мазмұнымен, түксіз тоқу сабақтарындағы санитарлық-гигиеналық және еңбек қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру. «Түксіз тоқу өнері қазақ әйелдерінің үйде айналысатын көркем қолөнерінің түрі» тақырыбы бойынша әңгімелесу. Мектеп оқушыларының бұрынғы жасаған кілем және кілем бұйымдарының көрнекті үлгілерін, халық шеберлерінің жасаған бұйымдарын, суретті материалдарды көрсету. Түксіз тоқудың аймақтық дәстүрлері туралы әңгіме.

2. Қолмен тоқуға арналған дәстүрлі құрал-жабдықтар мен материалдар (0,5 сағ.)

Көшпенді қазақтардың мал шаруашылығы өнімдерін өңдеудің ежелгі дәстүрлері мен сабақтастығы. Талшықты материалдарды өңдеу туралы жалпы түсінік. Түксіз кілем тоқу өндірісіне қажетті шикізаттар. Жүн және басқа жіптерді дайындау әдістері. Жүнді өңдеу: жуу, кептіру, тарау, ажырату (негіз жібіне арналған жіпті) тазалау, иіру, бояу.

Практикалық жұмыс. Терминдік ұғымдарды меңгеру және жұмыс дәптеріне жазу. Тік және көлденең тоқу станогінің құрылысын және түксіз тоқуға арналған материалдарды оқып үйрену.

3. Қазақтың түксіз тоқу өнері тарихынан (0,5 сағ.)

Көшпенді қазақ тұрмысындағы түксіз кілем бұйымдарының маңызы. Аймақтарда таралуы. Түксіз тоқу бұйымдарының дәстүрлі түрлері.

Практикалық жұмыс. Жүн сапасын анықтау. Жабағы жүн (көктемгі қырқылған қой жүні), күзем жүн (күзгі қырқылған қой жүні), қозы күзем (төрт айлық қозының жазғы жүні), тоқты күзем (алты айлық тоқтының күзгі жүні) бөлімдері бойынша «Жүн сапасы» тақырыбында альбом бетін жабдықтау. «Тоқуға қажетті материалдар» тақырыбында альбом дайындау

4. Түксіз кілем тоқу өнерінің дәстүрлі әдістері (0,5 сағ.)

Тоқудың үш әдісі және олардың ерекшеліктері. Өрнектің жеке бөлігін тоқуда түр жібі іргелес өрнектің негіз жібін қоса орап тоқу әдісі. Ою - өрнек нақыштарын тоқуда, түр жіптері кілем тоқымасы енінің ұзына бойына тұтас өткізілмей, әрбір өрнектің бөлек тоқылу әдісі. Аралас әдіс.

Практикалық жұмыс. Үлгіге қарап тоқу әдісін ажырату және әрбір әдістің арнаулылығын анықтау.

5. Табиғат нақыштарын қазақтың түксіз кілемдеріндегі өрнек нақыштарына ұқсата мәнерлеу (1 сағ.)

Сәндік-қолданбасы өнердегі табиғи нақыштарды мәнерлеу туралы түсінік. Қазақтың ұлттық ою-өрнек нақыштарын мәнерлеудің рөлі. Қазақтың түксіз кілемдеріне салынатын ою-өрнектің негізгі нақыштары.

Практикалық жұмыс. Ою-өрнек нақыштарын жұмыс дәптеріне салу және оқиды үйрену, «Табиғи нақыштарды мәнерлеу» және «Түксіз тоқудағы ою-өрнек шежірешілігінің негізгі нақыштары» тақырыбында альбом дайындау.

6. Түксіз кілемнің ою-өрнек композициясын құру қағидалары (1 сағ.)

Шығарманың, таста кілем, тобақ кілем, арабы кілемдерінің ою-өрнек композициясының құру қағидалары туралы жалпы түсінік.

Практикалық жұмыс. Өрбір композициялық сұлбаға сәйкес ою-өрнек нақыштарын және композициялық сұлба әуретін бейнелеу.

7. Тоқуға қажетті жабдықтар мен материалдарды, тоқу станоктарын (қалып) дайындау (1 сағ.)

Үлгі-сұлбаларға сәйкес станоктың құрылымы мен қимылдарын және негізгі жіпін жүргізудің әдістерін анықтау. Арқау жіпін пайдаланатын арналар, жіпке тартып, тарақ немесе ас шапшаңқысы. Негізгі жіпін жүзі және таяқ (астыңғы, үстіңгі) жіптерге бөліп тұратын құрал (қалып). Жүзіні біртегі арналар құралдар (үршік, электр жіп жіру шапшаңқы).

Практикалық жұмыс. Тоқуға қажетті жіптерді дайындау.

8. Өрнек нақыштарының эскизі және техникалық суреті (2 сағ.)

Эскиз және техникалық сурет туралы жалпы түсінік. Олардың кілем бұйымын дайындаудағы маңызы. Кілем құрылымының эскиз бен техникалық суреттің дәлме-дәл сәйкестігіне тәуелділігі.

Практикалық сабақ. Үлгі-тоқыманың эскизі мен техникалық суретін дайындау.

9. Тоқу станогына негіз жібін жүргізу әдісін таңдау (0,5 сағ.)

Станокты үстел үстіне тиянақты орналастыру. Негіз жібін ықшамдап «шүлдіктеу» (бір ұшы орай бекітілген орам жасау). Станокқа негіз жібін орау (жүргізу). Жіптің жұпталған саны техникалық суреттің бастар жағындағы тор санымен сәйкес болуын қадағалау. Негіз жібінің үстіңгі жазықтығын алақанмен басқанда астыңғы жазықтыққа жететіндей қаттылықта керілуі керек.

Практикалық жұмыс. Тоқу станогына «негіз жібін жүргізу» тәртібімен орау

10. Кілем тоқымасының тығыздығын есептеу (0,5 сағ.)

Бос, тығыз сөздерін түсіндіру. Кілем бұйымының астыңғы жағынан 1 кв/дм-ді өлшеу. Жұп және арқау жіптерді санау. Тығыздықты есептеу.

11. Кілем тоқу және кілем шетін сәндеу тәсілдері (1 сағ.)

Кілемді бастау. Негіз жібін жұп және тақ жіптерге ажырату («шынжыр», «шырмауық» әдістерін пайдалану). Тоқыма айқаспасының кездемелік әдісі («шахмат»). Кілем шетін сәндеу тәсілдері («алақұрт» немесе «ала жіп», «бұзауіс» өрнегімен).

Практикалық жұмыс. Жеке станокта және үлгі станогында жаттығып үйрену.

12. Арқау (түр) жіптерінің түстер аралығында байланысу тәсілдері және кілем шетін шығару (10 сағ.)

Түр жіптерінің түстер аралығында байланысуының «тік жіп бойымен», «ортақ жіпке», «түр жіптерінің ілмектенуі» әдістерін үйрену. «көлмен теру», «шетін түзу шығару» тәсілдері.

Практикалық жұмыс. Тоқыма станогы макетінде тоқу әдістерін меңгеруге жаттығып, машықтану.

13. Кілемдерді бітіру және шашақтау (1 сағ.)

Кілемнің бітер жақ шетіне соңғы арқау жібін өткізу. Оны негіз жібіне көкстеу тігісімен біріктіре тігу. Кілемнің бітер жақ шетін шашақ ұшындығындай етіп қию. Басталар жағын қию. Шашақты «шарт тую» әдісімен тую.

3. Әдістемелік нұсқаулар

3.1 Тоқуға дайындық

1. Оқушыларды түксіз кілем тоқуға қажетті материалдар және құралдармен таныстыру

Тақырыпты оқыту барысында мұғалімге М.С.Мұқановтың «Қазақтың тұрмыстық көркем қолөнері» (Алма-Ата: Қазақстан, 1979) және «Қазақтың киіз үйі» (Алма-Ата: Қайнар 1981) кітаптары жақсы көмекші тірегі болады. Осы кітаптардан төменде үзінділер келтіруді жөн көрдік.

Кілем тоқу үшін қажетті материал ретінде қойдың көктемгі қырқылған жүні – *жабағы жүн* (өлі жүн) пайдаланылды. Оның күзде қырқылған – *күзем жүннен* айырмашылығы: биязы, жақсы иіріледі. Қойдың арқасынан, бүйірінен, жауырынынан қырқылған жүн сапалы болып есептеледі. Жүнді иірмес бұрын оны ағын судың астында жуып, кептіреді. Бұдан кейін жүнді үшке бөліп сұрыптайды да, тарайды. Ұзын қылшықты жүн негіз жібін дайындауға, салалы, биязы, сапасы жақсы жүн түр жібін дайындауға, қысқа пұшпақ жүн екінші сапалы жүн бұйымдарын дайындауға пайдаланылады. Кілемнің негіз жібіне қылшықты жүннен иірілген екі қабат жіп, ал түр жібіне – биязы жүннен екі қабаттап иіріп, ширатылған жіңішке жіп жарамды. Арқау (түр) жібі ұршықпен иіріледі. Дайын домалақ жіптерді келептеп төгіп, (ұзындығын 50см етіп айналдыра орау) бояуға дайындайды. Бұл ретте жіптің боялу сапасының маңызы зор

Бояу заттарының беріктігі, түр-түс үйлесімділігі, ою-өрнектің жасалу жолдарымен қатар, өрнек құрылымы, кілемнің көркемдік сапасын анықтайтын көрсеткіш болып табылады.


Жоғары сапалы түр жібін шеберлер жіңішкеlep иіріп, екі қабаттап бос ширатып дайындаған. Кілемнің негіз жібіне мықтылық үшін ешкі, түйе жүні қосылып иіріліп, екі қабаттап «пысық» (қатты) ширатып, боямай пайдаланған.

Ауылдық жерде тұратын тұрғындардың түксіз кілем тоқуға арналған станогы төртбұрышты көлбеу, өлшемі 350x200см (16 а сурет) немесе көлемдірек көлденең орналасқан ағаш рама (16 б сурет).

Киіз үй ішінде станоктың көлденең орналасуы, оның ұзақ уақыт тоқылып жатуы ыңғайсыздық туғызатын болды. Ал, тік орналасқан станок біршама ыңғайлы, сондықтан бұл станок көшпенді халық арасында көбірек белгілі болды. Отырықшы және жартылай отырықшы халықтарда бірнеше бөлмеден тұратын тұрғылықты үйлері болғандар бір бөлмесіне көлденең станокты орналастыруға мүмкіншіліктері болды. Сондықтан да Қазақстанның солтүстік облыстарында (мысалы, Қостанай) тік орналасқан станоктар қолданылса, орталық облыстарда (мысалы, Торғай) көлденең станоктар басым болды. Төртбұрышты тік станокқа боялмаған берік негіз жібі жүргізіледі.



Станокта жүргізілген негіз жібінің астыңғы және үстінгі «жазықтықтардың»

қиылысуынан пайда болған шатысты ұстап тұруға және үстіңгі жіп пен астыңғы жіптің арасын жақындатып, алшақтатуға қажетті адарғы - жіңішке жұмыр немесе төрт кырлы ағаш пайдаланады. (16 сурет)



16 сурет. Түкелі килем тоқуға арналған қарапайым қалып
а- көлбеу, б- көлденең қалып

Сонымен бірге, атқарылатын түр жіптерін нақтылау үшін арнайы құрал - тоқпақ (тарак) пайдаланылады. Ол қатты ағаштан жасалып, тістері де ағаштан бірге ойылып жасалады. Кейде тістерін тесірден де жасайды. (17 сурет).



17 сурет. Тоқпақ түрлері

2. «Қазақтың түксіз тоқу өнері тарихынан» тақырыбын оқыту

Бұл тақырыпты оқыту үшін М.С. Мұқановтың «Қазақ киіз үйі» (Алма-Ата: Қайнар, 1981) кітабынан алынған мәліметтерге сүйенеміз. Тоқылған кілемдер қазақ тұрмысында маңызды орынға ие болды. Оны астына төседі, сәндік әрі жылулық үшін қабырғаларға ілінді. Көшкенде кілемдер жүк артылған түйеге жабылатын. Кедей адамдарға «Қағуға бір сырмақ та жоқ» десе, байлардың дүниесі кілем, сырмақ т.б. сияқты киіз үй жабдықтарының көлемімен анықталатын.

Сауда-саттық зерттеушілерінің түсіндіруінше, дала шонжарларының тұрмысында кілем бұйымдарының болуы, тоқыма бұйымдарының малға, мал өнімдеріне немесе ақшаға тек бай отбасының айырбастап алғандығын дәлелдейді. Кілем өндірумен айналысатын аудандардың өзінде әлеуметтік негізде айырмашылық болды: түкті кілемдерді тоқу қиындау, жұмысы көп, шикізатпен өнім көп кететін болғандықтан оны бай отбасылары тоқытты, халықтың негізгі қарапайым тобы түксіз тоқу түрімен айналысты. Түксіз тоқу Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Торғай, Жезқазған облыстарында кең тараған.

Түксіз тоқу сияқты үй тұрмыстың көркем қолөнерінің қазақтар арасында кеңінен таралуы біріншіден, олардың мал шаруашылығымен оның ішінде қой өсірумен айналысуы, ал түрлі тоқыма бұйымдар үшін қой жүні бірден - бір шикізат болды. Екіншіден, түксіз тоқудың оңайлығы, материал шығыны үнемділігі, ою-өрнек нақыштары мен құрылымын жасаудың мол мүмкіндігінен. Сондықтан қазақ киіз үйін түксіз тоқу бұйымдарынсыз елестету мүмкін емес.

Этнографиялық зерттеулерге сүйенсек (қараңыз «Қазақтар: тарихи-этнографиялық зерттеулер» - Алматы: Қазақстан, 1995.350б), киіз үйді жабдықтау үшін алуан түрлі түксіз тоқу бұйымдары қолданылған. Мысалы, киіз үйдің бауы, ағашына жабылатын киіздің бау-құры. Киіз үйдің күмбезін жабатын киіз - үзiктiң екі жағына үш-үштен бау тағылады: бас жағына – бас бау, аяқ жағына – аяқ бау, ортасына – орта бау. Киіз үйді айналдыра жабатын киіз - туырлықтың жоғарғы жағына бір – бірден бау (туырлық бау) тағылады. Желді күндері киіз үйді сақтау үшін бір ұшы шаңыраққа бекітілген екі «желбауды» ортаға ошақ жанына қазықпен бекітіп қоятын болған. Сәндік үшін шашақты «шашақ бау» шаңыраққа ілінетін. Осы бау – шулардың барлығы дерлік еңсіз станоктар (ені 10-16 см, ұзындығы 3-4 м) «өрмек» ағашында түксіз тоқу әдісімен тоқылатын.

Киіз үйді айналдыра «белдеу жіппен» байлап, «белдеу баумен» тартып қояды. Оны шашақпен және т.б. сәндеген.

Әрбір киіз үйде «басқұр» байланады, ол ені 50 см, ұзындығы киіз үй көлеміне байланысты әр түрлі өрнекті бау. Киіз үйдің қанаты канша болса басқұрдың ұзындығы соғұрлым ұзын болады. Бұдан басқа түксіз тоқу әдісімен жасалған көптеген бұйымдар болды. Ескі тоқымалардан да сөмке, қаршын, сандыққап, дорба т.б. бұйымдар дайындалған. Сәндік-қолданбалы өнердің түксіз тоқу түрі қазір де тұрмыста кеңінен қолданылады.

3. Оқушыларды түксіз кілем токудың дәстүрлі әдістерімен таныстыру

М.С.Мұқанов түксіз кілем (тақыр кілем) токуда өрнек шығарудың үш әдісін жасайды. **Бірінші әдіс.** Өрнектің әрбір бөлігі сәйкес түр жібімен бөлек тоқылады. Бұл бөліктердің жанасатын, сонымен бірге өрнектердің әр-түрлі түске ауысатын жерінде арқау жібі екі жақтан бір негіз жібін қамти отырып, кілем тақтасының тұтастығын қалыптастырады. Мұндай әдіс башқұрт шеберлерінің арасында кеңінен таралуы, башқұрт және қазақ колөнерінің кейбір түрлерінің өзара кірігіп кеткендігін дәлелдейді.

Екінші әдіс бойынша, өрнек түсті арқау жібі арқылы жасалып, кілемнің бүкіл еніне өткізілмей, тек қана белгілі аралықтағы негіз жібін қамти тоқылады. Мұндай әдісте кілем тақтасы кездемелік айқаспа әдіспен тұтасымен тоқыламайды. Түр-түсі әртүрлі өрнектер арасында «саңлау» қалып, сондай ақ кілем тақтасы біртұтас байланыста болмайды. Мұндай тоқу жолы Орта Азия халықтары арасында тарихан «арабы» тоқылу әдісіне ұқсас. Түксіз кілем тоқуының үшінші әдісі аралас болып саналады, өйткені кілем негізі кездемелік айқаспа әдіспен тоқылады да, беті басқұрдың бір түрінің тоқылуына тән әдіспен жасалынады (орама тоқу). Кілемдерді үлкен станокта тоқығанда (100х100см) оның негізі сәйкес түсті арқау жібімен кездемелік айқаспа әдісімен тоқылады. Осы тереңі тақтасы түрлі-түсті өрнек салуға арналған «төсек» болады, мұндай кілем бұйымдарының өрнек суретін салу күрделі болады. Түкті кілем тоқуға қарағанда көп еңбек пен уақытты қажет етеді. «Орама» жасалу әдісіне тоқымының бетіне салатын өрнек санын санаумен қатар, өрнектің құрылымына жасалу шеберлігі мен симметриялық, сәйкестік, түр-түс үйлестірілісін ескеру тек қана тәжірибелі шеберлердің қолынан келетін іс.

Оқушыларға түсінікті болған соң тоқалған үлгі-тоқымаларды көрсетіп, арнайы сындығы тоқу әдісін ажыратып, оларды негізіндеуді ұсынады.

4. Табиғат нақыштарын, қазақтың түксіз кілемдеріндегі өрнек нақыштарына ұқсаста мәнерлеу тақырыбын оқып үйрену

Оқушыларға қазақтың түксіз кілемдеріне салынатын табиғат көрінісіндегі нақыштардан ою-өрнек үлгілерін жасауға үйретуде мыналарды қамту керек:

- қазақтың ең бір жақсы деген түксіз тоқу бұйымдарындағы өрнек құрылымының үйлесімділігіне тән өрнек нақыштарын анық мәнерлеу, ою-өрнек формаларының айқындығы;
- нақыш (мотив) - французша motif – мәнерлеу белгісі, символы, ол қазақ ою-өрнегінің негізі, композицияның қайталанып отыратын сәндік бөлшегі;

- ою-өрнек (орнамент) - лат.ornamentum- әшекей - ырғақтың қайталанып отыруы және құрам бөліктері мен нақыштарының үйлесімді орналастырылуы;
- мәнерлеу (стилизация - франц.stylisation, style-стиль) - бейнеленген тұлғаны, нәрсені қиялда немесе шартты түрде жалпылама сәндеу, заттың суретті формасы мен түсін оңтайлауды айтады. Ою-өрнекте форма немесе нәрселерді өрнек нақыштарына айналдырғанда мәнерлеу маңызды роль атқарады;

Қоршаған ортадағы құбылыстар мен нәрселерді халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан шығармашылық ойлауы мен қиялында ерекшеленуі, олардың сұлулық пен үйлесімділік туралы көзқарасы, өрнек нақыштарын жасаудың көзі болып табылады.

Ұлттық ою-өрнек қазақ халқының мәдени мұрасы, игілігі болып табылады. Ол айқын, төлтума және бірегей. Ғасырлар бойы көркемдік ойлау қисынды сабақтастықпен және ырғақты ауыспалы түрде жетіле отырып, қазақ ою-өрнегі өзіндік ерекшелігі мен төлтумалылығын сақтап, бізге дейін жетіп отыр.

Ою-өрнектерде аң бейнелі, өсімдік бейнелі, геометриялық, космогониялық және басқа да нақыштар айқын жалғасын тауып отырады. Оларда көшпенді халықтың қоршаған ортасы және өмір сүру салты «түйе табан», қазақ ою-өрнек өнерінің жетекші нақыштары «қошқар мүйіз», «жілікшік», «омыртқа», «ит құйрық» және т.б. оюларынан көрініс табады. Кілем бұйымдарындағы геометриялық денелер түрінде кездесетін ежелгі нанымдық белгілер мен аспан денелері, өсімдік бейнелі нақыштар – гүлдер, ағаштар, белгілі бір ру, жүзге тән белгілерді тұспалдайды.

Көрнекілік ретінде Ө.Жәнібековтың (34 сурет) М.С.Мұқановтың (36 сурет) В.Грянникованың (35 сурет), кілемге салынатын өрнек нақыштарының техникалық суреттерін (134-145 б) т.б. пайдалануға болады.

Практикалық сабақтарда оқушылар қазақтың өрнек шығармашылығы нақыштарын, олардың аталуын, өрнек нақыштарынан өрнек құрылымдарын жасау әдістерін және өрнек нақыштарына олардың табиғи түрін (жануарларды, тұрмыстық нәрселерді, өсімдіктер т.б. түрлерін) сурет немесе жапсырма түрінде тандауды үйренеді. Бұлай жасау сабақтың бейнелеу сабағы емес, технология сабағы екенін, мұндағы мақсат өрнектің ерекшеленуі мен мағыналық мәнін түсіну екендігі оқушыларға түсіндіріледі.

Практикалық сабақтың нәтижесі альбом бетінде безендіріліп, сабақ аяғында көрсетіліп, оқушылардың түсіндірілуімен талдау жасалады.

5. Түксіз кілемнің ою-өрнек композициясын құру қағидаларына үйрету

Түксіз кілемнің өрнек құру қағидаларын оқушылармен талқылай отырып, «принцип» - қағида - латын сөзінен аударғанда – principium - *бастауы, негізі* болатынын айту керек. Өзінің шығу тегі бойынша «қағида» дегеніміз –

адамдардың іс-әрекетінің белгілі бір аумақтағы мысалы, кілем құрылымының жасалу аумағындағы білімінің теориялық қорытындысы. Ол іс-әрекеттік қызметтің тәжірибесінен туындай отырып, нысаналы сипатқа ие болады. Сондықтан да «қағида» адамдардың ары қарайғы қызметін реттеуде жетекші орынға ие болады.

Ғасырлар қойнауынан белгісіз шеберлердің жинақтаған бай тәжірибесі, түксіз кілем құрылымының негіздері болып бізге жетіп отыр.

Түксіз кілем құрылымы (композиция) - лат. «compositio»- құру, байланыстыру - оюдың барлық бөлшектері мен төсегінің кілем бетінде, белгілі өнердің өзіне тән жасалу жолымен, мазмұнымен, қолдануымен және автордың иреті мен орнындаушылық қабілеті әсемдік заңы бойынша біртұтастанып, үйлесімді жайғасуы. Кілем құрылымының жасалу негіздері оның тік және көлбеу остері бойынша өрнектің сипатына үйлесімді. Оған өрнек ірілігі, симметриялық, майда өрнекті жиектердің болуы, түстер үйлесімділігінің шақтауы тән.

Кілем құрылымының төсегі көбінесе қызыл, кейде сарғыш қызыл, көк болса, өрнегі - көк, қызыл, жасыл, қара, ақ және басқа түстерден құралады. Дәстүрлі түксіз кілемдерде бес - алты түстен артық кездеспейді. Оюлар кілем төсегінен аярынаша бөлектеніп тұрса, түстердің бірінен біріне ауысуы жоқ.

М.С. Мұқановтың кітабында ою құрылымында айырмашылығы бар жиі кездесетін кілемдер туралы жазылады.[24] Олар:

Шаршы кілем - кілемнің ортасы, ішіне өрнек салынған ерекше шаршылар - біртектес немесе ромбыларға бөлінген түксіз кілемнің түрі.

Тақта кілем немесе жолақ кілем - түксіз кілемнің түрі. Бұл кілемнің құрылымына тән өрнектілігі - орталық бөлігінің қайталанып келіп отыратын және майда өрнектермен бөлендірілген көлденеі жолақтарға бөлінуі.

Налыс (сабақ) кілем - бұл кілемнің құрылымы орталық бөлігі ішіне өрнек салынған табаншаларға бөлінген. Мұндай кілемдердің өрнегінде «омыртқа», «қошқар мүйіз», «балдақ» т.б. жекелеген ірі оюлар салынған төртбұрышты табаншалар кездеседі.

Арабы кілем (араб кілемі) - дәстүрлі біртектес өрнекті, жекелеген бөліктерінің аздап өзгертуімен, ғасырлар бойы қалыптасқан тоқу суреттерінен ауытқымағи, Орта Азия аймағынан көрші қазақтарға ауысқан түксіз кілемнің бір түрі. Бұл кілемнің құрылымы дәстүрлі өрнекті: кілем ортасында тік сызық бойынша орналасып, әртүрлі көлемдегі жолақтармен көмкерілген. Кілем шетінен бастап өрнекті жолақтар былай орналасады: бірінші жолақ «ирек» сызықтармен безендірілген, екіншісіне «ботакөз» өрнегі, үшіншісіне «балта сабы», төртіншісі мен бесіншісіне сәйкес екінші, үшінші жолақ өрнектері қайталанады.

Жіңішке жолақтардан соң, «қошқар мүйіз» өрнегімен қатар үшбұрышты «сұмарша» өрнегімен безендіріліп, жалпақ жолақтар қатары салынады. Онан соң жіңішке жолақтар: біріншісіне «қарға тұяқ», екіншісіне «балта сабы», үшіншісіне қайтадан үздіксіз «қарға тұяқ» өрнек қатары салынған. Аталған өрнек қатарынан соң қайтадан жалпақ жолақтар түседі, бірақ бұлар «алабас»

өрнегімен безендіріліп, екі жағынан түсті сызықтар «су» жүргізілген. Осылай жоғарыда айтылған жіңішке және жалпақ оюлы жолақтар арабы кілемнің өрнектік құрылымын жасайды. Оның шетін айнала «қошқар мүйіз» оюы үздіксіз жалғасып отырады.

Практикалық сабақтарда оқушылар кілемнің құрылымдық сұлбасын жазықтықтағы сурет түрінде қарындашпен, боямай орындайды.

3.2 Түксіз кілем тоқудың қарапайым технологиясы

1. Тоқуға қажетті жабдықтар мен материалдарды, тоқу станогын (қалып) дайындау

Түксіз кілемнің үлгі-тоқымасын дайындау үшін, өлшемі тоқылатын кілемшеден үлкенірек (жұмыс кезінде қолдың еркін қимылдауы үшін) қарапайым ағаш рама (макет, өлшемі 50х60 см) қажет. Ол екі бүйір және екі көлденең қабырғадан тұрады. Рамаға беріктік үшін бұрыштарына металл «бұрыштама» қағуға болады. Раманың бұрыштарын шуруппен бұрайды. Егер рамада бір ғана үлгі-тоқыма тоқылатын болса, онда оған біржақтама негіз жібін тарту үшін, оның жоғарғы және төменгі қабырғасына 0,5 мм аралықта негіз жібі айналдырып жүргізілетін шегелер қағылады. Раманы осылай дайындау әдісі негіз жібін аз шығындайды.

Егер бір рамаға екі үлгі-тоқыма дайындалу жоспарланса (раманың екі жағына бір-бірден), онда шеге қажет болмайды, негіз жібі жоғарғы және төменгі қабырғаны орай жүргізіледі. Мұндай әдісте негіз жібі екі есе артық жүргізіледі.

Тақырыпты түсіндіру барысында мұғалім алдын ала өлшемдері бірдей, бірақ жіп жүргізілу әдісі екі түрлі екі рама дайындауына болады (өрнек нақыштарымен тоқылып жатқан үлгі – кілемше болса да болады). Сонымен бірге оқушыларға өрнек тоқу барысында арқау жібін нықтауға қажетті металл тарақ, ас шанышқысын, немесе кішкене ағаш тоқпақ көрсету керек.

Қазақ тоқу өнерінде негізінен «қолмен теру» әдісі қолданылатыны, негіз жібін жұп және тақ жіптерге ажыратып тұру үшін кәдімгі ағаш сызғыш немесе жіңішке жұмыр шыбық пайдалануға болатыны түсіндіріледі (адарғы орнына). Адарғыны, негіз жібі жүргізілгенде пайда болған «шатыс» үлгі кілемшенің бітер жағында қалатындай етіп салады. Қазіргі тоқымада негіз жібі үшін ширатылған мықты жіптер - зығыр, макта, арқан жіп, кендір жіп немесе жіңішке ширатылған жіп пайдаланылады.

2. Өрнек нақыштарының эскизі және техникалық суретті

Тоқылмақшы кілемнің өрнек құрылымын жасау, эскиз бен техникалық суреттің көмегімен жүзеге асады. Эскиз – кілем құрылымын ойластырудағы айдан ала жобалау, суретін салу. Ол сурет қағазында түрлі түсте орындалады. Эскизде нақыштың бейнелі түрі, өрнектердің остер бойында орналасуы, ою мен оның тосегінің тепе теңдігі, түр-түс шешімі т.б. анықталады.


Техникалық сурет – бұл суреттің көркем суреттен айырмашылығы – есептеп жасалынатын, түксіз кілем дайындауда техникалық мақсатта қолдануға арналып орындалған, жоғары эстетикалық талаптар қойылмайтын, және оны орындаушыдан көркемдік қабілет талап етілмейтін сурет.

Техникалық суреттің эскиз негізінде салыну себебі, болашақ кілем құрылымы материалы, міндетті түрде дайындалған эскизбен сәйкес келуі керек.

Техникалық суретті миллиметр қағазында, кәдімгі торкөз дәптер парағында, немесе кілем өндірісінде пайдаланатын арнайы қағазда орындайды. Техникалық суреттің көмегімен тоқуға қажетті жіп саны есептеледі. Сондықтан түрлі кілемнің тоқу жолы (техникасы) «есепті» деп аталады. Техникалық суретті жөзінен қалқанып (жұқа қағаз) көмегімен, тоқылмақшы кілем жөзінің түр-түс шешімімен сәйкес көшіреді. Әрбір торкөз қажетті түспен боялып, шартты түрде бір жұп жіпке сәйкес келеді (астыңғы және үстіңгі). Техникалық сурет акварель бояуына аз мөлшерде гуаш қосылып боялады (45 сурет). Тоқу барысында оларды санау оңай. Техникалық суретте қағаз бетінде, на және қолменен остерге сәйкес келетін кілем суретінің ортасын белгілеп алу керек.

Кілем тоқу барысында астыңғы және үстіңгі жіптер жұптастырылып, өрнектер осы жұп жіптер аралына шығарылады. Техникалық суретте осы жұп жіптерді «Х» белгісімен де көрсете болады (17-44 суреттер). Егер салынбақшы өрнек симметриялы болса, өрнек суретінің жартысын не ширегін ғана салуға болады. III суретте II^а сызып оқушысы Тұрсынбаева Молдір жасаған үлгі кілемнің салынатын өрнектің техникалық суреті.


Төзірібелі кілемшілер әр өрнектің шығарылуындағы жіп санына әбден қанығып алған соң, техникалық суретке қарамай-ақ тоқи береді.




18 сурет. Төрт мүйіз өрнегінің фрагменті

3. Тоқу станогына негіз жібін жүргізу әдісін таңдау

Станокқа негіз жібін жүргізу үшін қажетті жіп санын оқушылар дайындалған техникалық сурет бойынша есептейді. Станокқа жүргізілетін негіз жібінің саны салынбақшы өрнектің техникалық суретіндегі «X» белгісіне сай келуі керек. Бір «X» белгісі – бір жұп жіп (астыңғы және үстіңгі). Станокқа негіз жібін жүргізу үшін раманың жоғарғы және төменгі жағына белгіленген жерге біркелкі қашықтықта майда шегелер қағылады. Олардың арасын 3-5 мм етеді. Тартылған жіп тік бағытта болуы үшін, жоғарғы шеге мен төменгі шегелердің қатаң түрде бірінің тұсына бірі қағылғаны дұрыс. Шегелердің ара қашықтығын азайтып көбейту арқылы кілем тоқымасының тығыздығы мен өңінің (фактурасы) сипаты анықталады. Кілем тығыздығын ұлғайту үшін шегелерді шахматты ретпен екі қатар етіп қағуға болады. Сондай ақ шегелердің ара қашықтығы негіз жібі жуандығына да байланысты. Егер негіз жібі жіңішке болып, кілем тоқымасының тығыз өңі талап етілсе, онда шеге аралықтарын жақындату керек. Егер керісінше, негіз жібі жуан болса, шеге аралықтарын алшақтату керек. Негіз жібін шегесіз де жүргізуге болады. Ол үшін раманың көлденең ағаштары жұмыр немесе кесіндісі овальді болу керек те, жіп былай жүргізіледі: ағашқа қаламұшпен болашақ кілем тоқымасының орнын бүйір ағаштарына 10 см жетпей (жұмыс жасаушының қолы еркін сиятындай) белгілейді де, негіз жібін төменгі ағаштың оң жағына байлап, кезекпен жоғарғы және төменгі көлденең ағашты орай тік бағытта жүргізеді, жіптің ұшы төменгі ағашқа байланады. Негіз жібін екі оқушы бірігіп жүргізгені дұрыс. (19, 20 сурет)



19 сурет. Қалыңка жүргізілген негіз жібі



20 сурет. Кілемшені бастау

Кілемнің негіз жібі төменгі тәртіп бойынша жүргізіледі.

1. Негіз жібін станоктың қолденең қабырғаларының оң жақ шетіне байлау;
2. Байлағ жібі станоктың қарама-қарсы қабырғасының астынан үстіне қарай оралып, бүкір қабырғаларына параллель бағытта, қарсы қабырғаның астынан үстіне орай алынып, осылай жалғаса береді;
3. Кілемнің бітелер жағындағы әр жіттің арасы 2-3 мм болуы керек;
4. Жіптер жүргізіліп отырған соң екі жағына бірі - бірімен қиылысып жатпанды болуы керек;
5. Кілемнің бітелер жағынан екі жағына арасына алдарты салынып, шетте қарама қарсы қабырға жағында қалады;
6. Қатар жатқан бір астыңғы, бір үстіңгі жіп жұптастырылып, бір жіп болып өткізіледі;
7. Кілемнің бітелер жағындағы әр жіттің арасы 3-3,5 мм болуы керек, өйткені арқаудың (түр жіттің) өткізілу бағытында кілемнің бітелер жағы өңсізденіп кетуі мүмкін.

4. Кілем тоқымасының тығыздығын есептеу

Кілем тоқымасының 1 кв. дм ауданындағы негіз және арқау жібі санының көбейтіндісі түксіз кілем тоқымасының «тығыздығы» деп аталады. Негіз жібі, әрбір «жүп жіп» бір жіп болып, ал арқау жібі өткізілу санымен (жіп екі өткенде бір қатар) есептеледі. Бір клетка шартты түрде негіз жібінің «бір

жүп» жібімен, және шаршы болу үшін белгілі бір мөлшерде өткізілген (жіп жуандығына байланысты) арқау жібінің мөлшеріне сәйкес келеді. Жіп неғұрлым жіңішке болса кілем тоқымасының бір шаршысына соншалықты көп жіп кететінін ескеру қажет. Егер негіз және арқау жіптері жіңішке болса кілем тығыздығы «жоғары», ал жуан болса тығыздығы «бос» болғаны.


5. Кілем тоқу және кілем шетін сәндеу әдістері

Атынан көрініп тұрғандай, тақыр кілемге түк шалынбайды, өрнектерді жасау түр жіптерінің ерсілі-қарсылы өткізілуі нәтижесінде жүзеге асады. Тақыр кілемге салынатын өрнектер қатылы иіндер арқылы жасалынып, түзу сызықты ұзынша өрнектер тоқылу бағыты бойынша көлденең салынады. Өрнектер негіз жібі бойымен тігінен салыну үшін түстер аралығында байланыс болу керек (74 бет). Кілем тоқылып жатқанда өрнектер тоқылу бағыты бойымен бірі озып, бірі қалып тоқыла береді. Мысалы, кілемнің бастар жағындағы шеткі өрнектер тоқылып біткен соң, ортаңғы «гүл күмбезінің» (табақша) орны қалдырылады да, екі жағындағы «қолтықша» оюы тоқылады. Сонан соң ортасындағы табақша толығымен тоқылып бітеді. Мұнан кейін екі жақтағы қолтықша кезегімен ортадағы табақшаны жаба тоқылады. Осыдан соң кілемнің бітер жақ шеткі өрнектері тоқылады.(21 сурет)




21 сурет. Тоқылып жатқан кілемше

Негіз жібін біркелкі жұптау үшін (жұп және так жіпке) «шынжыр» немесе «шырмауық» түрінде теңестіру орамасын жүргіземіз. Ораманы негіз жібіне арналған жіптен жүргізеді. Ол негіз жібіне көлденең жатады.




22 сурет. а - «шынжыр», б - «шырмауық» орамасы

Теңестіру орамасы әдісін мұғалім үлгі-станокта еңбек әрекетін жасап барысуы барысында түсіндіреді, сонан соң оқушылар үлгі-станокта немесе жеке станоктарында машинаны жаттығуын орындайды. Жаттығу барысында олар пүскеудің бірлік түрін алады. Оқушылар орындайтын жаттығудың келесі түрі – «тоқу шатысын» орындау. Балаларға «шатыстың» маңызын (астыңғы және үстіңгі жіптің ажыратылуы) және оның жінішке жұмыр ағаш - алағарынан немесе кәдімгі ағаш лелейканың жәрдемімен ажыратылатынын түсіндіреді. Бұл жағдайда жұп жіптер үстінде болса, так жіптер астында болады. Негіз жіптері арқау жібімен айқасу үшін жұп және так жіптерінің арақашықтығын ауыстыру керек, яғни астыңғы жіп үстіне, үстіңгі жіп астына түсуі керек. Жұмыс кезінде «алағарының» тоқуға ыңғайлы болу үшін жіптері жымықтуы керек. Оқушылардың рамалары үлкен болмағандықтан (30x30см) «шатыстың» аларғалық қолдануы болады. Қызық шеберлері дәстүрі бойынша қолмен теру әдісін қолданған. Мүгішім көрсеткен осы әдісті оқушылар тоқымашан бастаулар жақ шетін «шахмат» әдісімен, арқауды 5-10 қатар өткізу арқылы қайталайды. Осы қатарлар жұмыс соңында шапшақталады немесе теріс жағына қайырып тігіледі. Мұғалім еңбек әрекетін түсіндірумен көрсетеді: кілем тоқымасы қарапайым кездемелік айқаспамен – негіз және арқау жіптің өзара айқасуынан пайда болады. Сол қолмен 1, 3, 5, 7,.... жіптер алақанда болатындай, ал 2, 4, 6, 8,.... жіптер қолдың сыртында болатындай етіп теріледі. Сонан соң арқау жіп оң қолдан сол қолға салынады да, тартылып өткізіледі. Осы жерде кілем шетінің шығарылуына көңіл аударылады, ары қарай тоқу барысында негіз жібін толығымен көрсетпей тұратын арқау жібінің қалыңдығы қадағаланады.



23 сурет. Негіз жібі мен арқау жібінің «кездемелік» айкасу әдісі

Кілем тоқымасы бетінің біркелкі болуы үшін арнайы тоқыма құралымен (тоқпақ, металл тарак, ас шанышқысы және т.б.) арқау жібі төмен қарай нығыздалады. Оқушылар жеке рамаларында кілемнің басталар жақ шетін тоқиды. Ары қарай олар кілем шетін сәндеу әдісін меңгереді. Бұл «алақұрт» және «бұрым» әдістері. Бұл әдістердің «шынжыр» және «шырмауық» әдістері сияқты негіз жібін жұп және так жіптерге ажыратуға қолданылмайтынына көңіл аударылады. Жаңа әдістерді қолданбаса да болады. Оларды тек қана сәндік мақсатта қолданады. Бұл жерде «алақұрт» немесе «ала жіп» және «бұрым» әдістерін көптеген халық қолданатыны, бірақ әрқайсысының өзіндік ұлттық ерекшелігі болатыны айтылады. Мысалы, қазақ кілемдерінде «ала құрт» әдісін (24 а, б, в сурет) «ала арқан» әдісі деп те біледі.




24 сурет. Кілем шетін «ала құрт» тәсілімен сәндеу


Ширатылған жіптің бір тіні міндетті түрде қызыл, екінші тіні ақ немесе қара жіп болады. Мұндай ала жіптер халық өнерінің басқа да бұйымдарында қолданылады.

Ал 25 суреттегі «бұрым» әдісін, қазақ шеберлері «бұзау тіс» деп атайды. Әдістің бұлай аталу себебі, «бұрымның» бір түстес тізбектерінің формасы бұзаудың тістерін еске түсіреді (25 г сурет). Бұл әдіс те екі түсті жіптен (ақ пен қара, ақ пен қызыл т.б.) жасалып кілем шетіне ерекше сәндік әр береді. Жоғарыда аталған әдістерді тоқыма бұйымдарын және басқа да суретті материалдарды көрсете отырып шынайы қызғылықты әңгімелеу оқушылардың танымдық - еңбек белсенділігін және түксіз кілем тоқуда іскерлігін қалыптастыруда нәтижелі екенін тәжірибе көрсетіп отыр.


Кілемнің басталар түрсіз шетін тоқу әдістерін меңгерген соң, босланған арқау жібі 4-5 қатар өткізіліп қалдырылады да, кілемше шеті «ала арқау» немесе «бұзау тіс» әдістерінің қалаған біреуімен сәнделіп, ары қарай кілемше «өзін бей техникалық сурет бойынша тоқылады.



а




б



в



г



д

25 сурет. Кілем шетін «бұзау тіс» тәсілімен сәндеу

Тоқудың бұл кезеңінде оқушылар түрлі түсті арқау жіптерін эскиз бен техникалық суретке сай бөліп қояды. Арқау жіптерді бөліп қояды кез келген шеттен бастауға болатынына көңіл аударылады. Бұл суретке байланысты, бірақ тоқудың ортадан бастағаны тиімдірек. Түр жіпті мүмкін болатын ұзындыққа дейін (ою жасалатын түстердің көлеміне байланысты) және оны

қол басына орай отырып «шүлдіктеп», бір басын орай бекітіп, екінші басын босқояды. Жұп және тақ негіз жіптерінің арасынан арқау жіптің бос ұшы өткізіледі. Сонан соң сурет бойынша басқа түсті жіп келесі жұп және тақ жібі аралығында өткізіледі (26 сурет) т.с.с. Арқау жібін тоқпақпен ұру барысында тоқылған кілем тақтасы нығыздалып, арқау жібінің ұшы бекітіліп қалады. Мына нәрсені есте сақтаған жөн: алғашқы арқау жібі (түр жібі) өткізілгенде, ең шеткі жіп астыңғы жіп болатындай және ол жіп арқау үстінде жататындай бағытта (оннан солға немесе солдан оңға) өткізу керек. Астыңғы жіптер алақанға сыйғанша қолмен теріліп алынады да, үстіңгі жіптер адарғының көмегімен бос өткізіледі. Түр жіпті «теріп» өткізгенде, тартылмай, негіз жіптері арасында иректеліп жатқаны дұрыс, олай болмағанда түр жібі дұрыс нығыздалмай, төсек жібі көрініп тұрады.

Айта кететін нәрсе, түксіз кілемге салынатын өрнектер оң және теріс бетінде бірдей болып түсетіндіктен, кілемнің екі бетін де пайдалануға болады. Бұл түксіз кілемнің өзіне тән ерекшелігі.


6. Арқау (түр) жіптерінің түр-түс аралығында байланысу тәсілдері және кілем шетін шығару тақырыбын оқыту

Сабактың мақсатына жету үшін, әдістер мен жаттығулардың орындалуын көрсетуден басқа, мұғалімге плакаттар және жиналмалы транспаранттар, сызба түріндегі таратылмалы материалдар, үлгілер, сондай-ақ алдын ала дайындалған 3-4 оқушыдан тұратын топ көмектеседі. Сызба материалдарды дайындауға бейнелеу өнеріне немесе компьютерлік сызбаға, сонымен бірге оқулықтардан суретті материалдарды сканирлеуге қызығушылығы бар оқушыларды тартқан орынды. Егер сызба материалдар ахроматтық (баяусыз кескін) болып шықса, түсті қаламмен, фломастермен түс беруге болады.


Сондай-ақ оқушыларға арқау жібінің айқасу әдісін анықтау үшін бірнеше тоқыма бұйымдарының үлгісін ұсынған дұрыс.

Арқау жіптерінің «тік жіпке» немесе «сатылы» ілмектену әдісі

Бұл әдіс түксіз тоқуда өте кең тараған. Оның мәнісі, түсті арқау жіптері негіз жібі бойымен өзара байланыспайды (27 сурет). Кілемнің әрбір бөлігінде әр түрлі түстер бір-біріне тәуелсіз тоқыла береді. Өткізілген арқау жібі өзінің түстер шекарасындағы негіз жібін орай кілем тоқымасының сәйкес бөлігіне қайтып отырады.



26 сурет. Түр жібін салу әдісі




27 сурет. Сатылы иіндердің тоқилуы

Бұл әдіс кілемге геометриялық өрнектер салғанда пайдаланылады. Әдетте артықшылығы, ол түстер бөлігінде айқын шекара көрсетеді. Суретте сәйкес түстер шекарасы жылжытылғанда кілемнің тоқылған бөлігінде қолға үлкен емес саңлаулар пайда болуы мүмкін. Егер екі түс араласынғанда қалған ешнше едәуір болса, онда оны соңынан теріс жағынан бейтарап түсті жіппен көрінбейтіндей етіп, мұқият тігіп қою керек.


Суреттегі біртегіс қолбеу сызығын шығару үшін арқау жібінің бірі әр үлкен санын бір-бір негіз жібін қамти өткізіледі де, ал соған сәйкес екіншісі бір-бір жіпке алатын өткізіледі.

Арқау жіптерінің «ортақ жіпке» ілмектену әдісі

Тоқудың бұл әдісінде екі түсті арқау жібі түстер шекарасында кезек-кезек бір-біріне (санын) негіз жібін орай тоқиды. (28 сурет) кілем тоқымасы біртегіс, саңлаусыз, татыз болып шығады.



а




б

28 сурет. Әр түсті арқау жіптерінің «ортақ жіпке» ілмектену әдісі

Арқау жіптерінің «өзара ілмектену» әдісі

Байланысудың бұл әдісін пайдалану кілем тоқымасында, іргелес арқау жіптерінің түстер шекарасында өзара өріле ілмектенуінің (бір ілмек) барысында, саңлаулардың болмауын қамтамасыз етеді. (29 а, б, в сурет).



29 сурет. Өр түсті арқау жіптерінің «өзара ілмектену» әдістері

Арқау жіптерінің «ортақ жіпке» және «өзара ілмектену» әдістерін тоқу барысында көлбеу, тік сызықтардың кез келген ұзындықта және өрнек нақыштарының кез келген пішін үйлесімділігінде қолдануға болады. Үлгерімі жақсы оқушыларға өзіндік жұмыс тапсырмасын жасауға болады.

Машықтану жұмысы барысында тоқу кезінде жіберілетін ағымдағы қателіктің бірі – кілем тақтасының тік бұрыштан ауытқуын және оны тоқу жұмысының өн бойында бақылау қажеттілігіне оқушылардың назарын баса аударған дұрыс.

Кілем шеті ауытқымай, қисаймай, түзу болып шығуы үшін, оқушыларға тоқыған шеттің әрбір 2-3 см шетінен мықты жіппен қалыптың екі жағына қажетті қаттылықта бірқалыпты тартып байлап қоюды ұсыну керек.

7. Кілемді бітіру және шашақтау тақырыбын оқыту

Жұмыстың басынан аяғына дейін мұғалім оқушылардың жұмысын бақылайды. Қажет кезінде олардың жұмысын бөліп, өзін-өзі, өзара бақылау жасауды, қателіктерді тауып, жіберілген ауытқуларды жоюды ұсынып, жалпылама және жеке жұмыс орнында нұсқау жүргізеді.

Оқушылар жоғарыда аталған тоқу әдістерін менгеру барысында «қолмен теру» әдісін жұлп және тақ негіз жіптерін арқау (түр жіп) өткізу үшін

қолмен теріп алуға машықтанады. Барлық сабақтарда балаларға белгілі адамдардың шеберлік, еңбек туралы сөздерінен үзінділер, мақалдар, мәтелдер айтылып, тақырыпқа сай халық ауыз әдебиетінің мол мұрасы пайдаланылып, соның ішінде жұмбақтар да жасырылып отырылады. Мысалы: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айрылмас азап» (Абай), «Көп көріп, бір нәрсені елестетуге болады. Бірақ бір нәрсені істеу үшін, жасай білу керек, шеберлік тек қана жасалу жолын үйренумен келеді» (М.Горький).

Үлгі - кілемшені ұлттық нақышпен тоқып болған соң оқушылар кілемді қолданған киюды және шетін шашақтап түюді («шарт түю» әдісімен) немесе теріс жағынан кесілген шетті қайырып тігіп, тегістеп безендіруді үйренеді. Жұмыстың қорытынды кезеңі қатарлас сыныптар арасында оқушылардың кілем көрмесін ұйымдастыру болып табылады.

Көрмеге сұуда өкілдері қатыстырылып, кілем өнімдері жарнамаланып, бұл сыйлықтық өнім басқаларға да сыйға тартылып, арасында ойын сәттері барастырылса дұрыс болады.

Осындай іс шараның соңында технология пәні мұғалімі сөз алып, оқушыларға олардың бүгінгі күні сәндік-қолданбалы өнердің бір түрі – түксіз кілем тоқудың қызықты жасалу жолын меңгерудің алғашқы кезеңінен танып-біліп қабарлайды. Оларға осы өнердің күрделірек түрі – қазіргі гобелендері көрсетіп, олар туралы әңгімелейді. Қазіргі кезде кеңінен қолданылатын «гобелен» сөзі Францияда XVII ғасырда пайда болған. Ол Гобелендер жанұясының фамилиясы болып кейіннен фабрикалар мен тоқылау өнеріне байланысты орындар осындай атауға бастады. Бұл өнер біздің елімізде 1950 жылдардан кейін өле бастады. Қазіргі кезде бұл тоқыма түрі қарқынды дамып, көп сұранысқа ие болуда. Түксіз тоқудың бұл түрінің көпмәнілілігінде белгілі бір ой, идея, образды бейнелеуге болады. Гобелен кілемі белгілі бір міндетке, мағынаға, мазмұнға құрылады да сол арқылы өрнектеліп тоқылады. Бұл кілемнің тоқылу ерекшеліктері оның жай кілемге қарағанда жиі түстерінің сан алуан болып, бір кілемнің өзінде түкті және түксіз өрнектер арасымен келе береді. Тоқылуы түксіз кілемге ұқсағанымен жалпы өле-өрнек суреті сирек қолданылады. Көпшілігінде адам, мал, дала, құрылыс, білім, мәдениет, спорт тақырыбындағы суреттер жиі кездеседі. Оны суретті кілем деп атауға болады. Түксіз кілемді меңгерген оқушы гобелен кілемін тоқуды оңай меңгереді. Бұл кілем туралы көбірек әңгімелеу оқушылардың мамандық таңдаудағы көзқарасын айқындап, кілем тоқуға деген қызығушылығын арттыруы даусыз.


Гобелен кілемін тоқуды бейнелеу пәнінің мұғалімдерімен бірлесе отырып ұйымдастырған дұрыс. Өйткені алдымен белгілі тақырып бойынша сурет салынып, соған қарап гобелен кілем тоқылады. Оқушыларға суретті материалдар, видеоматериалдар көрсетіп, гобелен кілемінің өңін жаңа материалдармен (жүн, өсімдік сабағы, мата қалдығы, трикотаж, ширатылған жүн, шпагат, тесьма, қамыс таяқшасы т.б.) әсемдеу әдістерін әңгімелеп, енді оларға өз күш жігерлерін гобелен тоқуға жұмсауды ұсынады. Мүмкін болса,

мұғалім оқушыларды сәндік-қолданбалы өнермен шұғылдану үшін үйірмеге қатысуға шақырады.

Айтылғандардың барлығы үйірме жұмысымен бірге оқушылардың түксіз тоқуда іскерлігін қалыптастыруға белсенді түрде мүмкіндік жасайды.




30 сурет. Гобелен. «Дала әуендері»
Қ. Тыныбеков (фрагмент)
Жасаған Райымқұлова А.Д.



31 сурет. Гобелен. «Отырар»
Ахметов А.



32 сурет. Гобелен. «Бүркітші»
Ахметов А., Ахметова С.



33 сурет. Гобелен. «Мәңгілік»
Ахметова С.

IV тарау

Технология сабақтарына ұсынылатын оқыту әдістері

4.1 Оқыту әдістерінің мәні мен мазмұны

Оқушылардың түксіз тоқуда іскерлігін қалыптастыру ойдағыдай болу үшін технология мүлкімі оз жұмысында сабақта қалыптасқан жағдайға сәйкес, мектептегі іс – тәжірибесінен және педагогика ғылымының жинақталған оқыту әдістерін пайдалануы керек.

Оқыту әдісі - грекше *metodos* - сөзбе - сөз аударғанда: бір нәрсеге апаратын жол – бұл педагог пен оқушының оқытудың берілген мақсатына жетуіне бағытталған, ретті іс әрекеті.

Оқыту әдістері (дидактикалық әдіс) дегеніміз – білім міндеттерін шешуіне бағытталған жету жолындағы әдістердің жиынтығы. Оқыту әдістерінің құрылымы төмендегідей бөлінеді.

Тәсіл: бұл әдістің элементі, құрм бөлігі, бір реттік әрекет, әдісті немесе әдіс көлемі жағынан үлкен болмаған жағдайда, болмаса құрылысы жағынан айырмалы бөлімдегі әдістің түр өзгешелігін жүзеге асырудағы дербес қадам.

Қазіргі кезде педагогикада оқыту әдістерінің ондаған жіктелуі қалыптанса, *Оқыту әдістерін жіктеу* – бұл олардың қандай да бір белгілері бойынша реттелген жүйесі. Дидактикалық әдістердің бірі бойынша оқыту әдістерінің жүйесі анықталып отыра берек, осы анықталып отыра беректі көрсету үшін әдісті іс жүзінде қолдануға болмай жатқан үлкен өзгерістерді ескеру керек. Мектеп іс тәжірибесінде көбірек қолданылатын оқыту әдістері жіктелуінің мәні мен ерекшелігін қарастырайық.

1. *Оқыту әдісінің дәстүрлі жіктелуі*, өзінің бастауын ежелгі философиялық және педагогикалық жүйелерден алғандағы қазіргі жағдайға нақтыланған. Ол әдістердегі жалпы көзге түсетін белгілері ретінде білімнің қайнар көздері анықталады. Мұндай деректерге іс-тәжірибе, қорнекілік, сөз жататындығы бұрыннан белгілі. Мәдени жетістіктер барысында олардың тағы бірі - кітап қосылған болса, шл кейінгі он жылдықта қуатты қағазсыз дерек көздері – соңғы компьютерлік жүйелермен үйлесім видео да өздері туралы мәлемдеуде. Берілген жіктелу бес әдіске бөлінеді: іс-тәжірибелік, қорнекілік, сөздік, кітаппен жұмыс, видео-әдіс. Әрбір әдістердің түр өзгешеліктері (модификация) – қолдану жолы бар.

2. *Әдістердің қолданылуы бойынша мынандай түрлерге жіктеледі.*

Жіктелудің жалпы белгілеріне сабақтағы оқыту барысы кезеңдерінің бірізділігі жатады. Мына әдістер ерекшеленеді:

- білім алу;
- іскерлік пен дағдыны қалыптастыру;

- білімді қолдану;
- шығармашылық қызмет;
- бекіту;
- білім, іскерлік, дағдыны тексеру;

Берілген әдістер жіктелуі оқыту сабақтарын ұйымдастырудың классикалық сызбасымен және оқытушыға оқу - тәрбие жұмысы барысында көмектесу мақсатына тәуелділігін байқауға болады.

3. *Танымдық қызметтің түрі (сипаты) бойынша әдістердің жіктелуі.*

Танымдық қызметтің түрі – бұл оқушылар мұғалімнің ұсынған оқу сызбасы бойынша жұмыс істей отырып жететін танымдық қызметтің өзіндік деңгейі. Бұл сипаттама оқушылардың ойлампаздық белсенділігі деңгейімен тығыз жанасады. Берілген жіктелуде мына әдістер ерекшеленеді:

- суретті-түсіндірмелі (ақпаратты-рецептивті);
- репродуктивті;
- проблемалы баяндау;
- ішінара-ізденушілік (эвристикалық);
- зерттеушілік;

Егер, мысалы, мұғалім ұйымдастырған танымдық қызмет дайын білімдерді түсінбей есте сақтап, және оны қателеспей қайта түрлендіре алатын болса, онда бұл жерде ойлампаздық белсенділіктің төмен деңгейі және соған сәйкес *репродуктивті* оқыту әдісі орын алады. Оқушылардың ой-өрісінің жоғары дәрежеде байқалуы, жиналатын білім олардың өздік-танымдық шығармашылық еңбегі нәтижесінде болса, онда *эвристикалық* немесе одан да жоғары - *зерттеушілік* оқыту әдісі орын алады.

Осы жіктелу педагогтар арасында қолдау тауып кеңінен таралып отыр. Енді осы жіктелудегі әдістердің мәнін қарастырамыз.

ақпаратты-рецептивті әдістің мәні оның мынандай өзіндік белгілерімен айқындалады:

- оқушыларға білім «дайын» күйінде ұсынылады;
- мұғалім түрлі тәсілдермен осы білімдерді қабылдауды ұйымдастырады;
- оқушылар білімді қабылдап және мәнін түсініп, (рецепция) естерінде сақтайды;
- рецепция кезінде барлық дерек көздері пайдаланылып, баяндау қисыны индуктивті сондай ақ дедуктивті жолмен дамиды. Мұғалімнің басқарушылық қызметі білім қабылдауы ұйымдастырумен шектеледі.

Репродуктивті оқыту әдісі келесі белгілерді айқындайды:

- оқушыларға білім «дайын» күйінде ұсынылады;
- мұғалім білімді хабарлаумен бірге оны түсіндіреді;
- оқушылар білімді саналы түрде меңгереді, түсініп оларды есте сақтайды;
- меңгерудің белгісі білімді дұрыс елестету, еске түсіру (репродукция) болып табылады.
- меңгерудің қажетті беріктігі білімді бірнеше рет қайталау жолымен қамтамасыз етіледі.

Бұл әдістің басты артықшылығы жоғарыда қарастырған ақпаратты - рецептивті әдіс сияқты – үнемділігінде. Ол қысқа уақыт ішінде білімнің, іскерліктің едәуір көлемін беріп, аз күш жұмсауға мүмкіндік жасайды.

Білім беріктігі, бірнеше рет қайталау мүмкіндігі арқасында едәуір болуы мүмкін.

Проблеманы баяндау әдісі орындаушылықтан шығармашылық қызметке ауыспалы. Оқытудың белгілі кезеңінде оқушылардың проблемалық тапсырмаларды өз бетінше орындауға мүмкіндігі болмайды, сондықтан мұғалім проблеманы зерттеудің жолын көрсетіп, оны шешуді басынан аяғына дейін бақыдайды. Оқытудың бұл әдісінде оқушылар қатыспайды, тек қана ой тартудың барысын бақылап, олар танымдық қиындықтарды шешуде жақсы сабақ алады.

Ішкіара-Іденушілік (эвристикалық) әдістің мәні келесі өзіндік белгілері бойынша анықталады:

- білім оқушыларға «дайын» күйінде ұсынылмайды, оған өз бетінше жету керек;
- мұғалім білімді хабарлау мен баяндауды емес, түрлі әдістердің көмегімен жана білімді тереуді ұйымдастырады;
- оқушылар мұғалімнің басшылығымен, пайда болған танымдық тапсырманы өз бетінше шешіп, проблемалық жағдай туғызып оны шешеді, талдайды, бағаластырады, қорытады, қорытынды шығарады т.б. нәтижесінде олардың өзінше де берік білімдері қалыптасады.

Әдістің ішкіара-Іденушілік деп аталуының себебі балалардың күрделі оқу проблемасын барлық уақытта өз беттерінше бастан аяқ шеше алмауында, сондықтан оқу көлемі қана ғана сыба бойынша дамиды: мұғалім – оқушылар – мұғалім оқушылар... Мұғалім білімнің бір бөлігін хабарлайды, бір бөлігіне оқушылар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, немесе проблемалық тапсырманы шеше отырып өзінің жетеді. Осы әдістің бір түр өзгешелігі (модификация) эвристикалық зерттеу болып табылады.

Оқытудың *зерттеушілік әдісінің* мәні мынаған келеді:

- мұғалім оқушылармен бірге оқу уақытының белгілі бір бөлігінде шешілуге тиіс проблеманы өз ойын тұжырымдан айтады;
- оқушыларға білім хабарланбайды. Олар білімді проблеманы шешу барысында алынған жауаптардың түрлі варианттарын салыстыра отырып өз беттерінше алады. Сондай - ақ, нәтижеге жетудің әдіс - амалдарын да оқушылар өздері анықтайды.
- мұғалімнің қызметі проблемалық міндеттерді шешу барысында тікелей басшылық жасау болады.
- оқыту барысы жоғары қарқынмен сипатталады, оқуға қызығушылық артады, алынған білім тереңдігімен, беріктігімен, ұтымдылығымен ерекшелінеді.

Оқытудың зерттеушілік әдісі білімді шығармашылықпен меңгеруді қамтамасыз етеді. Оның кемшілігі – уақыттың көп жұмсалыуы мен оқушы және мұғалімнің көп күш жұмсауы. Зерттеушілік әдісті қолдану педагогикалық мамандықтың жоғары деңгейін талап етеді.

Дидактикалық мақсаты бойынша оқыту әдісі екі топқа бөлінеді:

- оқу материалын алғашқы меңгеруге жағдай жасайтын әдістер
- алынған білімді бекіту мен жетілдіруге жағдай жасайтын әдістер.

Бірінші топқа: ақпаратты-дамытушы әдіс (мұғалімнің ауызша баяндауы, әңгіме, кітаппен жұмыс); эвристикалық оқыту әдісі (эвристикалық әңгіме, сөзсайыс, зертханалық жұмыс); зерттеушілік әдіс жатады.

Екінші топқа: жаттығу (үлгі бойынша, түсіндірмелі жаттығу, өзгермелі жаттығу т.б.); іс-тәжірибелік жұмыс жатады.

Дидактикада соңғы он жылдықта Ю.К.Бабанскийдің *оқыту әдістерінің жіктелуі* кеңінен таралуды. Онда оқыту әдістерінің үлкен үш тобы анықталады:

- оқу- танымдық әрекетті жүзеге асыру мен ұйымдастыру әдіс;
- оқу-танымдық әрекетті ынталандыру мен мотивациялау әдісі;
- оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін дербес бақылау және бақылау әдісі.

Әңгіме – білімді біріділікпен, жүйелілікпен ұғыныңқы және әсерлі жеткізу үшін қолданылатын, оқу материалын ауызша баяндаудың сөздік әдісіне жатады. Мақсатына байланысты әңгіменің бірнеше түрі болады: кіріспе (оқушыларды жаңа материалдарды оқу үшін дайындау); баяндау (берілген материалды баяндауға негізделген); бекіту (оқыту кезеңін бекітеу).

Бұл әдістің тиімділігі мұғалімнің әңгімелеу шеберлігіне тікелей байланысты, сондай-ақ, педагог пайдаланатын сөздің мәнері қаншалықты оқушылар үшін түсінікті және олардың даму деңгейіне сәйкес болуында. Сондықтан әңгіменің мазмұны оқушылардың іс-тәжірибесіне сүйеніп, сонымен бірге оны кеңейте отырып, жаңа элементтермен байытуы керек. Әңгіме оқушыларға үйлесімді, қисынды, нанымды сөз құрауда үлгі болып, өз ойын сауатты жеткізуге үйретеді. **Әңгімелесу** – дидактикалық жұмыста көп қолданылатын әдіске жатады. Әңгімелесудің мәні - сұрақтардың көмегімен оқушылардың алған білімдерінің көкейтестілігін сезіндіріп, өз бетінше ойлану, қорытындылау және талдап қорыту арқылы жаңа білімді меңгерулерін қамтамасыз етеді.

Қазіргі ғылымда әңгімелесу мына жағдайлар үшін тиімді деген қорытындыға келіп отыр:

- оқушыларды сабақта жұмысқа дайындауда;
 - оларды жаңа материалмен таныстыруда;
 - білімді жүйелеу мен бекітуде;
 - білімді меңгерудің белгілерін анықтау және білімді ағымдағы бақылауда;
- Төменде әңгімелесуді жіктеудің бірнеше әдісін ұсынып отырмыз (схема 1).



Әңгімелесуді нәтижесі пайдалану үшін алдымен мұғалім оған пайымды дайындауы керек. Педагог әңгіменің тақырыбын, мақсатын айқын анықтап алуы керек, жоспар-конспект жасап, көрнекіліктер дайындап, әңгіме барысында туындайтын негізгі және қосымша сұрақтарды құрастырып, әңгімелесуді өткізудің ұйымдастырылу әдісін – сұрақтардың қойылу ретін, алғашқы түпінді жағдайларда талдап қорытуды және қорытынды жасауды т.б. ойластыруы керек.

Мектеп лекциясының – сөздік баяндаудың басқа әдістерінен айырмашылығы:

- құрылымның жинақылығы;
- оқу материалын қисынды баяндау;
- жеткізілетін ақпараты жөнінен;
- біліммен қамтамасыз етудің жүйелілік сипатымен;

Мектеп лекциясы пәні күрделі жүйелерді, құбылыстарды, нысандарды, өзгерістерді, олардың арасындағы байланыстар мен тәуелділіктерді ең бастысы себеп салдар сипатын жүйелеп баяндауда артықшылықты болады. Бұдан шығатыны: лекция материалдарын ұғынып, мәнін түсіну үшін дайындық деңгейлері талапқа сай болатын тек қана жоғары сыны оқушылары үшін пайдалануға болатындығы.

Мектеп лекциясының тиімділігінің шарттары болып:

- мұғалімнің лекция жоспарын егжей-тегжейлі талдап жасауы;
- оқушыларға лекция жоспарын хабарлауы;
- жоспардың пунктерінің қисынды құрылып, бірізділікпен баяндалуы;

- жоспардың әрбір пунктін ашып көрсеткен соң қысқаша талданып, түйін жасалауы;
- лекцияның бір бөлімінен екінші бөліміне өткенде қисынды байланысуы;
- баяндаудың әсерлілігі және проблемалылығы;
- ауызша тіл, мысалдардың, айқын айғақтар мен, теңеулердің мезгілімен келтірілуі;
- аудиториямен қарым-қатынас, оқушылардың ойлау әрекетін икемді басқару;
- лекцияның маңыздырақ қырларын жан-жақты ашу;
- оқушыларға лекцияның негізгі баптарын жазуға мүмкін болатындай баяндаудың қалыпты қарқыны;
- нені жазу керектігін белгілеу;
- оқытылып жатқан ерекшеліктерді қабылдау, түсіну жеңіл болуы үшін көрнекілер пайдалану;
- лекцияның кейбір баптары тыңғылықты талданатын семинар, практикалық сабақтармен үйлесуі;

Лекция оқыту уақытын үнемдеп, ақпараттың мазмұнын қабылдау көрсеткіші бойынша бірқатар жағдайға байланысты 20 дан 50%-ға дейін ауытқитын ең бір тиімді әдістердің бірі.

Лекцияны оқуға қойылатын негізгі талаптары мыналар:

- баяндалатын ақпараттың жоғары ғылыми деңгейі;
- нақты және толық жүйеге келтірілген және методикалық талқыланған қазіргі ғылыми ақпараттың үлкен көлемі;
- айтылған пікірдің айғақтылығы мен дәлелділігі;
- келтірілген нанымды айғақтар мен мысалдардың жеткілікті көлемі;
- баяндалған пікірдің түсініктілігі және тыңдаушының ой қорытуын белсендіру;
- тақыланатын мәселе бойынша өзіндік жұмыстың жолға қойылуы;
- қарастырылған мәселені шешуде түрлі көзқарастарды талдау;
- негізгі пікірлер мен ережелерді бөліп, қорытынды тұжырым жасау;
- келтірілген терминдер мен атауларға түсініктеме беру: оқушыларға тыңдауға, ой қорытуға, және ақпараттарды қысқаша жазу мүмкіндігін жолға қою;
- аудиториямен педагогикалық қарым-қатынас орнықтыру шеберлігі: дидактикалық материалдар мен техникалық құралдарды пайдалану;
- конспект мәтіннің негізгі материалдарын: сызба, блок, сызу, кесте, графиктер пайдалану.

Оқулықпен жұмыс. Бұл әдістің артықшылығы – оқушыға оқу мәліметтерін өзіне ыңғайлы уақытта түсінікті болу үшін қайталап өңдеуге мүмкіндігі бар. Оқулық – оқытушылық, дамытушылық, тәрбиелеушілік, ізденушілік, түзету-бақылау т.б. сияқты бірқатар міндеттерді ойдағыдай орындайды. Оқулықпен жұмыс – оқушылар үшін күрделі де қиын оқыту әдісі. Көптеген мектеп бітірушілер оқи алғанмен де олар оқылғанның мағнасын түсінбейді. Сондықтан аталған әдістің үлес салмағын жалпы жүйеде арттыру қажет. Оқулықпен жұмыс әдісінің кемшілігі, оқытушы мен оқушының күш пен уақытты көп шығындауында. Онан басқа, ол оқушының жеке ерекшелігін ескермейді. Нашар

дайындалған кітаптар өзін-өзі бақылауды және оқу барысын басқаруды жеткілікті материалмен қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан мұғалім жақсы оқулықтар таңдап алып, міндетті түрде аталған әдісті басқа әдістермен қатар жүргізуі керек.

Демонстрация (көрсету) – бұл құбылыстар мен өзгерістерді, нысандардың өзін табиғи түрде оқушылардың көрнекі – сезіну әдісі. Бұл әдіс зерттелетін құбылыстың қозғалысын ашу үшін тиімді, бірақ ол нәрсенің сыртқы түрін оның ішкі құрылысымен бірге немесе біркелкі нәрселердің тұрған орнын таныстыру үшін кеңінен пайдаланылады.

Нысандарды көрсету кезінде әдетте оның сыртқы түрінен бастап (көлемі, түрі, түсі, бөліктері мен олардың өзара қатынастары) сонан соң ішкі құрылысын немесе ерекше қолға аударатын кейбір қасиеттерін атап көрсетеді. Сол сияқты тоқу станогының құрылысын, тоқу материалдарын, оқушылардың оқушылардың жұмыстарын, халық шеберлері жасаған үлгі тоқымаларын т.б. көрсеткенде де тұтасымен қабылданады.

Көрсету, қарастырылатын өрнек нақыштарының, арқау айқасуы әдістерінің, техникалық суреттердің т.б. сызба суреттерімен қоса түсіндіріледі. Көрсетудің негізгілігі нысандарды дұрыс таңдауды қамтамасыз етіп, нысандың оқушы назарын көрсетудің маңызды жағына бағыттай алуы тиімді болуы керек:

- көрсетілетін нысан барлық оқушыларға жақсы көрінетін болсын;
- мұқияттықпен оны тек қана көзбен емес, барлық сезім мүшелерімен қабылдайтын болсын;
- нысанның ең қызыл деген жақтары оқушыларға үлкен әсер қалдырып, бүкіл назарын аударатын болсын;
- зерттелетін нысанның қасиеттерін ол беттерінде өлшеуге мүмкіндік жасауы.

Иллюстрация әдісі (суретпен сипаттау) әдісі – көрсету (демонстрация) әдісімен тығыз байланысты, отандық диалектика дәстүрі бойынша ол дербес болып қарастырылады. Суретпен сипаттау әдісі нәрсені, өзгерістерді, құбылыстарды, олардың бөліктерін нысан, сурет, т.б. көмегімен көрсету және қабылдауға әсер етеді (суретті плакаттар: «Тоқу станогының құрылысы», «Өрнек өнері нақыштары», «Арқаудың түр-түс аралығында байланысу әдістері», т.б.)

Көрсету және суретпен сипаттау әдістері бірін-бірі толықтыра, әрекеттерін күшейте отырып тығыз байланыста қолданылады. Оқушыға құбылысты немесе өзгерісті тұтасымен қабылдау керек болғанда демонстрация пайдаланылады, ал құбылыстың мәнін, оның құрама бөліктерінің өзара байланысын түсіну талап етілсе, онда иллюстрация пайдаланылады.

Видео-әдіс. Оқу орындарының іс-тәжірибе жұмысына мәліметті экранды көрсетулердің жаңа кездері қарқынды ене бастауы (кодоскоптар, преокторлар, киношараттар, оқу теледидары, видео фильмдер) бұл әдісті оқытудың жеке әдісі ретінде қарауға мүмкіндік береді:

- оқушыларға зерттелетін құбылыстар мен өзгерістер туралы толық, шынайы мәлімет беру;

- оқыту барысында көрнекіліктің алатын орнын көтеру;
 - оқушылардың сауалдарын, ықыластарын, қызығушылықтарын қанағаттандыру;
 - мұғалімдерді бақылауға, білімді, іскерлікті түзетуге, дәптер тексеру т.б. қатысты техникалық жұмыстың кейбір бөлімінен босату;
 - тиімді қайтымды байланыс орнықтыру;
 - толық және жүйелі бақылау ұйымдастыру;
- Видеоәдістің көмегімен көптеген дидактикалық және тәрбиелік мәселелер нәтижелі шешіледі. Ол:
- әрекет түрлерінің орындалу негіздерін үйрету
 - көркем қолөнер өндірісіндегі кілем дайындау технологиясын көрсету
 - машықтандыру жұмыстарын, жаттығу, өзгерістерді модельдеу жұмыстарын орындау үшін пайдалы.

Бұл әдістің нәтижелілігі мұғалімнің шеберлігіне емес, негізінен видео оқу құралдары мен қолданылатын техникалық құралдардың сапасына тікелей байланысты. Видео-әдісті оқыту барысын ұйымдастыруға үлкен талап қойылады: ол айқын, ойластырылған, мақсатқа сәйкестігімен ерекшелінуі керек. Видео-әдіс пайдаланатын мұғалімнен оқушылардың әрекеттерін бағыттай отырып, зерттелетін мәселе аясына енгізуде жетік шеберлік, қорытынды түйін жасау, өзіндік жұмыс барысында жеке көмек көрсету талап етіледі.

Жаттығу – бұл оқыту әдісі, меңгеру немесе оның сапасын арттыру мақсатында әрекетті қайтадан орындауды жоспарлы түрде ұйымдастыру. Жаттығудың арнайы, туынды және түсіндірмелі түрлері бар.

Арнайы жаттығу – дегеніміз бірнеше рет қайталанып, оқу, еңбек, шеберлік пен дағдыны қалыптастыруға бағытталған жаттығу. Мысалы тоқуда «қолмен теру», әдісі немесе «шынжыр» және «шырмауық» әдістерін орындауға жаттығу.

Туынды жаттығу – бұрын қалыптасқан дағдыны бекіту және қайталауға жағдай жасайды. Мысалы, арқау жібінің түстер шекарасында байланысуының түрлі әдісін меңгеру жаттығуы.

Түсіндірмелі жаттығу - оқу барысын жандандыру, оқу тапсырмаларын сапалы орындау үшін қызмет етеді. Оның мәні: мұғалім және оқушылар орындалған әрекетті түсіндіріп отырады, сондықтан олар жаттығуды жақсы меңгеріп түсінеді.

Жаттығу нәтижелі болу үшін мынадай талаптарға жауап беру керек:

- оқушының әрекеттің сапасының көтерілуіне саналы қарауы;
- әрекет орындалуының ережесін білу;
- жаттығудың орындалуының саналы есебі және шарттарын бақылау;
- жеткен нәтиже есебі;
- қайталауды уақытқа бөлу;

Практикалық әдіс – оқушының әрекетінде алған білімдерін практикалық тапсырманы орындауға қолдану басымырақ болуымен сипатталады. Алдыңғы орынға теорияны практикада (іс жүзінде) пайдалана білу қойылады. Бұл әдіс

білім, біліктілікті тереңдету міндетін орындап, сонымен бірге, бақылау мен түзету, танымдық әрекетке ынталандыру міндетін шешуге жағдай жасайды.

Практикалық сабақтарда оқушылардың танымдық әрекеттері мынадай бес кезеңде өтеді:

1. Мұғалімнің түсіндіруі. Жұмысты теориялық ұғынып, түсіну кезеңі.
2. Еңбек әрекетін көрсету, нұсқау беру кезеңі.
3. Байқау кезеңі. Екі-үш оқушы жұмысты орындайды, қалғандары бақылайды, мұғалімнің басқаруымен жұмыс барысында қате жіберілсе, ескерту жасайды.
4. Жұмысты орындау. Бұл кезеңде әрбір оқушы жұмысты өз бетінше орындайды. Мұғалім тапсырманы нашар орындап жатқан оқушыға ерекше көңіл бөледі.
5. Бақылау кезеңі. Оқушы жұмысы қабылданып, бағаланады. Жұмыстың орындалу сапасы, уақыт пен материалға үнемділікпен қарау, жылдамдығы мен тапсырманың дұрыс орындалуы ескеріледі.

Практикалық әдіс – оқушылардың түксіз тоқу сабақтарында оқушылардың іскерлігін қалыптастыруда бірден-бір жетекші әдіс болып саналады, ол басқа әдіске қарағанда, оқушыларды тоқу әрекетін қалыптастыруға жағдай жасап, оларды тапсырманы сапалы орындауға үйретіп, еңбекқор, үнемшіл қасиеттерін қалыптастырады. Оқушылар бойында жұмыс барысын егжей-тегжейлі ұйымдастыру әрекеті қалыптасады (жасалынатын жұмыстың мақсатын түсіну, тапсырманы орындау және оны орындау шарттарын, жұмыстың орындалу графигін және жоғары күру, материалдар мен құралдарды дайындау, жұмыс сапасын түрлілік бақылау, қорытынды талдау).

Тоқуға үйретудің алғашқы кезеңінде жұмыстың дұрыс орындалуына төселу, алғашқы ұйымдастыруға сай сайындармен жұмыс істей білу, т.б. дайындық алғышарттары қолданылуы мүмкін. Оқушыларды жаттығудың кез-келген түрін орындау үшінде технология пәні мұғалімі асығыстыққа жол бермей, оларды өз әрекеттеріне өз сааын және нәтижелерін бағалауға бағыттайды.

Әрбір байқалған ауытқуды тез арада жөндеу ұсынылып, ағымдағы қателіктер алын алынады. Оқушылар жұмысқа кіріскен сойын оларды өз беттерінше жұмыс барысына талдау жасауға, бірлік ауытқуларды өз уақытында байқауға үйретеді.

Нұсқау әдісі – түксіз тоқуда кеңінен қолданылатын әдіс. Нұсқау деп, оқушының іс - тәжірибе әрекетін басқару мен түзетудегі мұғалімнің жетекшілік қызметін айтады.

Нұсқаудың кіріспе, ағымдағы, қорытынды түрлері бар.

Нұсқау құрылысы жағынан еңбек әрекеттерін көрсете отырып түсіндірудің үйлесуі болғанмен, негізінен практикалық жұмысты ұйымдастыруы үшін пайдаланылады. Нұсқаудың түрлері бір-біріне ұқсағанмен, өзіне тән белгілі бір ерекшелігі бар.

Өзінің маңызы жөнінен *кіріспе нұсқаудың* алатын орны ерекше. Ол тоқу сабақтарының міндетті құрам бөлігі болып табылады. Кіріспе нұсқаудың негізгі мақсаты – оқушыларды өтілетін сабақтағы өзіндік жұмыс пен жаттығуды сипалы да белсенді орындауға олардың мақсаты мен маңызын ашуда ұтымды

әдістер мен орындалу тәсілдеріне дайындау. Кіріспе нұсқаудың типтік мазмұны: сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау; оқушылардың жаңа сабақ тақырыбына байланысты білімін тексеру; практикалық сабақтың сипаты мен қолдануын түсіндіру; тапсырмаларды талдау мен уақыт мөлшерін хабарлау; сабаққа қолданылатын құралдармен, жабдықтармен, материалдармен таныстыру; тапсырманың орындалу ретімен таныстыру; еңбек әрекеттерін көрсету; әдеттегі қателіктердің алдын алу; жұмыс орнын ұйымдастыру әдістерін түсіндіру және көрсету т.б.

Ағымдағы нұсқау негізінде жұмыс орнын аралағанда жүргізіледі. Оқушылардың жұмыс орнын аралаудың мақсаты әдетте: жұмысты бастау, жұмыс орнын ұйымдастыру, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын сақтаудың ұйымдастырылуын көрсету; еңбек әрекеттерінің дұрыс ұйымдартырылуын, тоқу әдістері мен тәсілдерін т.б. дұрыс орындалуын қадағалау.

Ағымдағы нұсқаудың негізгі ережелері: әрбір оқушының және бүкіл сыныптың жұмысқа кірісуі; оқушыларға қиыншылықтар мен әдеттегі қателіктердің алдын алуға дер кезінде көмек көрсету; оқушыларға өз қателіктерін түсініп, оны жөндеу мен жоюдың жолдарын өз бетінше табуы; жұмысты оқушы емес мұғалімнің аяқтауы оларды жауапсыздық пен міндетсіздікке үйретуі мүмкін; еңбек қауіпсіздігі мен жұмыс орнын ұйымдастыру ережесін сақтауға қатаң талап қою;

Ағымдағы нұсқаудың негізгі міндеті – барлық оқушылардың түксіз тоқуда іскерлігін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Қорытынды нұсқау – негізінен оқушылардың жасаған жұмысының нәтижесін қорытуға бағытталған. Қорытынды нұсқаудың типтік мазмұны: Сабақтың мақсатқа жетуін хабарлау; әрбір оқушының орындаған тапсырмасына талдау мен қорытынды жасау; жіберілген қателіктер мен ауытқуларды талқылап, оларды жою жолдарын таңдау; еңбекті қорғау талаптары ережесі сақталуын талдау; жұмыс орнын ұйымдастыру, жұмыс уақытын тиімді пайдалану; келесі сабақтың тақырыбын хабарлау, үйге тапсырма беру;

Танымдық ойындар – бұл оқушыларға арнайы туындаған жағдайдан шығуды ұсынатын шындықтың үлгісі. Бұл әдістің басты міндеті – танымдылыққа ынталандыру. Мұндай ынталандыруды оқушылар ойын кезінде өзін шындық кейіпте көрсету барысында алады (тоқыма фабрикасында ТББнің бақылаушысы, кілем бұйымдарын сату аукционы, кілем бұйымдары дүкенінің директоры, т.б.)

Сонымен, қазіргі педагогикада жинақталған алуан түрлі әдістердің ішінен, біздің ойымызша, түксіз тоқу сабақтарында шешілуге тиіс маңызды міндет оқушылардың іскерлік әрекетін қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін қолайлы тек бірнешеуін ғана қарастырдық.

Сабақ барысында халық педагогикасы дәстүрлерін қолданып мақал-мәтелдер мен жұмбақ, жаңылтпаштар қолдану арқылы оқушылардың білімі мен ойлау, сөйлеу қабілетін жетілдіреміз. Осы мақсатта төменде тоқыма жұмыстарына байланысты және тұрмыстық мақал-мәтелдер мен жұмбақтар, тезаурус үлгілерін ұсынып отырымыз.

Бұл әдістің қайсыбірін таңдау көптеген факторларға қатысты: мұғалімнің дербестігі мен тәжірибесіне; оқушылар контингенті, сабақты материалды-техникалық жабдықтау; жергілікті ерекшеліктер т.б. Бірақ қандай жағдайда да әдіс таңдау мұғалімнің еркінде.

Төменде мұғалімге әдіс таңдауда көмектесетін кестелер беріліп отыр. 1 кесте түрлі оқыту әдістерінің салыстырмалы мүмкіндігін, 2 кесте нақты оқыту әдістерін қолданудың тиімділігін көрсетеді.

Сондай-ақ, А.Р.Нұрахметованың [29] педагогтар мен психологтардың ұсынуымен жасаған бірнеше оқыту әдістері жіктелуінің контекст-талдауы ұсынылып отыр (схема 2).

Технология сабақтарында оқыту әдісін дұрыс пайдалану, *оқушылардың түлекі тоқуда іскерлік әрекетін қалыптастыруға* қол жеткізетін жағдай жасайды.

Кесте 1


Түрлі оқыту әдістерінің салыстырмалы мүмкіндіктері

Найтар	Оқыту барысында орындалатын негізгі міндеттер												Қабылдауы
	қалыптасуы						дамуы						
	Танымдық бағалау	Таным бағалау	Іс-әрекет және еркіндік	Сөздік және әрекетті оқыту	Елестету және әрекетті оқыту	Өзіндік оқыту	Естің	Сөздің	Танымдық қызығушылықтың	Оқу еңбегі деңгейінің	Еріктің	Сөзімнің	
Түсінік	+	+	-	+	-	+	+	+	+	+	+	+	жылдам
Еркіндік және іс-әрекетті	-	-	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	орташа
Репродуктивті (қайта жасау)	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	жылдам
мәселені шешушілік	-	+	-	+	-	+	+	+	+	+	+	+	жай
Индуктивті	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	жай
Дедуктивті	+	+	-	+	+	+	+	+	-	+	+	+	жылдам
Мұғалімнің басқаруымен жұмыс әдістері	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	жылдам
Өзіндік жұмыс әдістері	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	жай
Ауызша бақылау	+	+	-	+	-	+	+	+	+	+	+	+	орташа
Жазбаша бақылау	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	орташа
Зертханалық бақылау	-	+	+	-	+	-	-	+	+	+	+	+	жай

Оқыту әдістерін тиімді пайдалану

Оқыту әдістері	Материалдың мазмұнын қандай болғанда қандай әдісті пайдалану тиімді?	Әдісті қандай міндетті шешуе қолданған көбірек тиімді?	Оқушылардың ерекшеліктері қандай болғанда қандай әдісті қолдану тиімді?	Әдісті қолдану үшін мұғалімнің мүмкіндіктері қандай болуы керек?
1	2	3	4	5
Сөздік	Материал теориялық-ақпаратты сипатта болғанда	Теориялық және практикалық білімді қалыптастыруда және оқытудың басқа да міндеттерін шешуде	Оқушылар сөздік әдіспен берілген ақпаратты қабылдауға дайын болғанда	Мұғалім сәйкес сөздік әдісті басқа әдістерге қарағанда жақсы менгерген болса
Көрнекілік	Оқу материалының мазмұны көрнекілік түрде берілгенде	Байқағыштықты, қаралып жатқан сұраққа көбірек көңіл бөлуді дамыту үшін	Көрнекі құрал оқушыларға түсінікті болғанда	Мұғалім дайын қажетті құралдарды пайдалануға немесе оларды өзі дайындауға мүмкіндігі болған жағдайда
Видео	Материалдың мазмұны күрделі, көлемі үлкен болғанда	Оқу материалында көрнекілік түрі көп қажет болғанда	Оқушылар теориялық мәліметті болғанда	Мұғалім видео құралдарды дұрыс пайдалана білгенде
Практикалық	Тақырып мазмұны практикалық жаттығуды, еңбек тапсырмаларын орындауды, тәжірибе жүргізуді қамтыса	Практикалық әрекет пен дағдыны дамыту үшін	Оқушылар осы сипаттағы практикалық тапсырманы орындауға дайын болғанда	Мұғалімнің осы практикалық жаттығуларды ұйымдастыру үшін құралдары, дидактикалық материалдарының болуы
Репродуктивті	Материал мазмұны тым күрделі немесе қарапайым болғанда	Білім, әрекет және дағдыны қалыптастыру үшін	Оқушылар берілген тақырыпты проблемалы оқып үйренуге әлі дайын болмауы	Мұғалімнің бұл материалды проблемалы оқытуда мүмкіндігі болмаған жағдайда
Проблемалы-ізденушілік	Тақырып мазмұнының күрделілігі орташа деңгейде болғанда	Өз бетінше ойлауды, зерттеу жүргізуді, іске шығармашылықпен келуді дамыту үшін	Оқушылар индуктивті пікір проблемалы оқып үйренуге дайын болғанда	Мұғалім тақырыпты проблемалы оқытуға мүмкіндігі болып және әдістерді жақсы менгергенде
Индуктивті	Оқулықтағы тақырып мазмұны индуктивті берілгенде	Қорытындылай білуді дамыту, индуктивті ой қорытуды (жекеден жалпыға) жүзеге асыру үшін	Оқушылар индуктивті пікір білдіруге дайын болып және дедуктивті пікір білдіруге қиналғанда	Мұғалім оқытудың индуктивті әдісін жақсы менгерген болса.
Дедуктивті	Оқулықтағы тақырып мазмұны дедуктивті берілгенде немесе оны сол күйінде ұсыну тиімді болғанда	Дедуктивті ой қорытуды (жалпыдан жалқыға) жүзеге асыру, құбылыстарды талдауды дамыту үшін	Оқушылар дедуктивті пікір білдіруге дайын болғанда	Мұғалім дедуктивті әдістерді жақсы менгерген болса
Өзіндік жұмыс	Тақырып оқушылар үшін түсінікті және өз бетінше оқып үйрену мүмкін болғанда	Оқу әрекетінің дербестігін, оқу еңбегі дағдысының қалыптасуын дамыту үшін	Оқушылар берілген тақырыпты өз беттерінше оқып үйренуге дайын болып, қажетті білімі мен біліктілігі жеткілікті болғанда	Оқушылардың өзіндік жұмысы үшін дидактикалық материалдары және уақыты болып, мұғалім оны дұрыс ұйымдастыра алғанда

Оқыту әдістері жіктелуін көрсететін диаграмма



4.2 Технология сабақтарында пайдаланылатын жұмбақтар мен мақал-мәтелдер

Қазақтардың ежелгі кәсіптерінің ішінде балаларды еңбекке тәрбиелеуде аңшылық кәсібі маңызды рөл атқарып, аң аулау тәсілдеріне үйреткен. Одан кейінгі кезеңдерде қазақ халқының тұрмысы мен шаруашылығында маңызды рөлді әртүрлі қолөнер атқарды: ұсталық, тері мен жүнді өңдеу аяқ киім мен киім тігу, киіз басу, тоқу, ыдыс- аяқтарды, қаруларды және еңбек құралдарын, үй жиһаздарын өндіру. Қазақ халқының еңбекке деген моральдық-этикалық көзқарастары мен оның балаларды еңбекке даярлаудағы рөлі халық даналығында және философиялық ой - тұжырымында кең көрініс тапқан.

Халқымыздың жеткіншектерді еңбекке даярлаудағы тәрбие құралы ретінде пайдаланылатын моральдық-этикалық ұғымдары ұрпақтан-ұрпаққа жазылмаған заң ретінде ұлағатты нақыл сөздер мен афоризмдер арқылы беріліп отырды.

«Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар», «Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артқан», «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын», т.б. нақыл сөздер бұрынды сонды жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеуде атадан балаға ауызекі айтылып отырған.

Халық өнегелі еңбек етіп, өз еңбегімен отбасына және қоғамға материалдық жағдай жасаған адамдарды қатты құрметтеген. Бұл идеаларды мынадай мақалдан дәлелдей түседі: «Еңбек еткеннің мұқтажы табылар, еріншек барлығынан қағылар», «Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер», «Еңбек ер атандырады», «Еңбектің көзін тапқан, байлықтың өзін табады», «Еңбек ширатады, өмір үйретеді».

Халқымыз ер балалар мен қыз балалардың еңбекке деген қызығушылықтарын қалыптастыруда және оларға қолдау көрсетуде дәстүрлі құралдарды кең көлемде пайдаланған. Оларға халық арасында кең тараған ауызекі шығармашылық жатады: әндер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер т.б.

Жұмбақтар балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттыруда үлкен рөл атқарған. Қазақтар жұмбақтарды жасыра отырып, оның шешімін іздестіру арқылы тіршілік пен табиғат құбылыстарына жасаған бақылауларын балаларына нақыл сөздер түрінде жеткізіп отырған. Жұмбақ жасыру балалар бойында қырағылықты, ізденушілікті, тапқырлықты дамытудың және олардың әртүрлі тапсырмалардағы (үй шаруашылығы, жануарлар, табиғат құбылыстары, адам, заттар, оның қасиеттері т.б.) білімін тексеру құралдарының бірі болып табылады.

Көптеген жұмбақтардың арасында еңбектің алуан түрлі құралдары мен процесіне қатысты жұмбақтар да көптеп кездеседі. Бұл жұмбақтар балалардың еңбек құралдарының ерекшеліктерін және қандай да болмасын

бір жұмыстың орындалу ерекшеліктерін танып білуге қызығушылығын туындатады.

«Жұмбақ- халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрінің бірі және барлық жұрттың фольклорына ортақ түр. Әуелгі туысы арғы, ерте заман болғанмен, жұмбақ бергі замандарда да, тіпті бүгінгі біздің дәуірімізде де керектік қасиетін жойған жоқ»- деген М. Әуезов жұмбақ туралы.

Мектептерде технология сабақтарында оқушыларды халқымыздың биіктерін еңбекке тәрбиелеудегі мол тәжірибесімен таныстырып, үйретуге мүмкіндік көп. Мақал – мәтел, ертегі, жұмбақ, шешендік сөздер, ақын-жауһарлардың толғау, өсиет сөздерінің мол мұрасын пайдалана отырып, мұғалім мен оқушылар өздері сабақ тақырыбына лайықтап жұмбақтар дайындауына болады.

Жұмбақтар

Ай далаға, дара тырна,
Көзегі, бидай, арпа,

(қомбайн)

Арқасы бар, басы жоқ,
Аяғы бар, қолы жоқ,
Бәрінсі ертек бір дені,
Алаңға жақын өтпесі

(орындық)

Тек қана бау домалай,
Көзегі, ұянар бар құлақ,
Тасиясы, мұрны бар
Мін орнына су бірақ,

(шоугім)

Тілі ішінде көрінбейді,
Сақпақта ол сүрінбейді.

(құлып)

Төбемде «төбешік»
Келеді ілесіп.
Нәсерлі жаңбырда,
Жоқ болса хал нешік?

(қолшатыр)

Жарты жыл жадырайды,
Жарты жыл қалтырайды.

(ағаш)

Олпы-солпы, түр-түсі ала-кұла,
Шайынғанда мекені болар дала.
Денесі құрғаған соң үйге оралар,
Жып-жылы құшағынды етіп пана.

(жуылған киім)

Шабдар да шабдар, шабдар ат,
Белі бүкір тапал ат.
Қанша айдасан жүрмейді,
Ізі бірақ анық-ақ.

(тігін машинасы)

«Ұр тоқпағым , ұр!»
Жайнап шығар түр.

(кілем тоқу)

Бір құстың денесі жоқ, тұмсығы бар,
Екі көзді, басы жоқ алқымы тар.
Қондырып қолына егер алар болсаң,
Жер жүзін жалмап жейтін ниеті бар.

(қайшы)

Өзі «әліптің» таяғы,
Жалғыз көзді баяғы.
Қойсаң егер арқандап,
Ісіне көңілің тояды.

(ине)

Ішінде «тостағанның» жатыр бір зат,
Ол бірақ мүлік емес не асыл зат.
Дидарын сұлу қыздың теңейді оған,
Бірде өлі, бірде тірі болған тамақ.
Ішінде тостағанның не жатқанын,
Ал кәне, тапқыр болсаң ойлан да тап!

(ұядағы жұмыртқа)

Қыста үйде қонақ,
Жазда тыста қонақ.

(от)

Екі ін, екі іннің аузы бір ін

(шалбар)

Ең алғашқы мекенім,
Неден екен бөгенің?
Кейін білдім бергіңде,
Тала алғаны екенің

(бесік)

Ғалайың қабеге,
Мүз бар ма немене?
Тағзыма бұддірмей,
Ғалайың ішінде,

(мұдатқыш)

Төменшалай тапалтақ, төрт тағанды,
Сырғанада су, ішінде от жанады,
Бұры-бұры өтін, сәттіге дем ағанды,
Дірләне өзі іні, төр ағалы.

(сымаурян)

Дөңесі үйдің іргесінде,
Көмеңі үйдің төбесінде,
Жалын шашып, от шайнаған,
Аяғыңа десем сенесің бе?

(пен)

Атыма салдым қомитың,
Егіз қозыны томпитың.

(қоржын)

Тірлік көзі күннен,
Мұны бәрі білген.
Кордім көркем «аруды»
Күнге басын иген.

(күнбағыс)

Желекті сары «сүнгі»
Керек пе жерді үнгі.

(сәбіз)

Егізімнің сыңары,
Ішінде үйдің тұрағы.
Өзіңді күнде көрмесем,
Көншімей көңілім тұрады.

(айна)

Былғары қалта оңтайлы,
Жетектесіп қалмайды.

(сөмке)

Бар болмысы – бір басы,
Уақыттың «тұтқасы»

(сағат)

Бес батырда бір найза

(бес саусақ, қаламұш)

Қабат- қабат қат сандық
Ішінде тола бар байлық

(кітап)

Жайлауға жазғытұра,
Қоңыр қаз келіп қонды-
«Қырық» қабырғалы,
Алты қанатты,
Бір омыртқалы.

(Киіз үй)

Ыңыранып, боз тайлағым,
Кеңірдегін созып тұрды,
Менен бірақ озып жүрді.
Бұрыштарды тіміскелеп,
Пайдалы бір іс тындырды.

(шаңсорғыш)

Ықшам ыдыс ыңғайлы,
Ас құюға болмайды.
Ас құюға болса да,
Ішінде көп тұрмайды.

(Ожау)

Жалғыз-ақ қызыл көзді,
Елепбес қызметі.
Жағқызып тігістерді,
Ой-қырды тегістеді.

(Үтік)

Семірттім ақ тайлақты,
Тартқылап бұйдасынан.
Сонда да айналақтап,
Шығарды дәл қасымнан.

(Ұршық)

Тамыры – ақ ишпақ,
Сабағы – домалық.
Сағасын жапырақ,
Өзіміз, қызық-ақ

(Пиіз)

Көзден өзімен атылмайды,
Аяғынағы жағынбайды.

(Дүрбі)

Шашып жапқан,
Бөліп бұған,
Қоқымды үйден,
Қалдырмай қуған.

(Сыпырғы)

Өрнекті қиық-қиық,
Бұрыштар, иық-иық.
Өтейді қажетінді,
Орны төрден тиіп.

(Құрақ көрпеше)

Жұмбақтар оқушыларды ой ұшқырлығына, қиялдай білуге, суреттерді көңілінде түрлендіре білуге, теңеу, балама, болжалмен айтылған сөз астарын тапқырлықпен түсінуге үйретеді. Жұмбақтарды Аристотель: «жан-жақты жымдасқан метафора» дейді.

«... Яғни затты бейнелеп, баламалап сипаттау арқылы ұқсас заттардың қасиеттері мен түріне, аймағына, көлеміне зер салып, жұмбақты шешуші жұмбақты шешеді, әрі заттарды салыстыра көз алдына елестетіп, дүниетанымдық қабілетін дамытады»- дейді Ә. Табылдиев өзінің «Қазақ этнопедагогикасы» атты оқулық кітабында.

«Жалпы жұмбақты – сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы, дәні тәрізді.... Жалпы алғанда жұмбақ тақырыбы адамның дүние тану жолындағы азын-аулақ шама-шарқын білдіреді»- деп М. Әуезов жұмбақтың бала дүниетанымын дамытатыны туралы айтады өзінің еңбегінде.

Ел аузында жұмбақ айтыстар да кездеседі, тек жұмбақтың сөздік қисыны өлендік ұйқасы болуы керек. Жұмбақ айтушы жұмбақтың өлендетіп, немесе қисынды сөзбен айтады, ал шешуші де оны өлендетіп шешуін тауып айтуы керек. Жұмбақ айтыста жеңіп шығу үшін ақындық дарын, білім басым болуы керек.

Міне, осындай жұмбақ айтысуды пәндік кештердің тақырыптарына байланысты балаларды екі топқа бөліп, айтыстыруға болады. Онда бірінші топ өлеңмен жұмбақ жасырады, ал екінші топ оның шешуін өлеңмен тауып айтуға тырысады. Келесі кезекте керісінше айтылады. Қайсы топ жұмбақты көбірек, ұтымды шешсе, сол топ жеңіске жетеді.

Әрине, мұғалім жұмбақтың мәніне, маңызына, көркемдік сапасына дұрыс баға беруі керек. Осындай жұмбақ айтысына мысалдар беріп отырмыз:

- | | |
|----------------|--|
| 1 топ. Жұмбақ: | Денесі үйдің іргесінде
Көмейі үйдің төбесінде
Жалын шашып, от шайнаған
Аждаһа десем сенесің бе? |
| 2 топ. Шешуі: | «Аждаһа» сұлап жатқан үйдегі пеш
Кенінен түтін шығар ертеңді кеш
Даладан жаурап келген інішегім,
Жақында, отқа қақтал, күпінді шеш! |
| 2 топ. Жұмбақ: | Томашадай тапалтақ, төрт тағанды
Сыртында су, ішінде от жанады
Бұрқ- сарқ етіп еңтіге дем алғанда
Дірілдеп екі иіні, тер ағады. |

1 топ. Шешуі: Самаурын бұрқ- сарқ етіп қайнамай ма
Сырты су, ішінде от ойнамай ма
Сызылтып қою күрең шай ішкенде
Шырадай екі көзің жайнамай ма?

1 топ. Жұмбақ: Қыста үйде қонақ,
Жазда тыста қонақ

2 топ. Шешуі: Қонағың қыста келген от емес пе
Жазда да отсыз күнің жоқ емес пе
Үйіңді көңірсітіп «қысқы қонақ»
Береке, тыстағы от құт емес пе?

«Жұмбақтардың дүниетанымдық ой дамытарлық мәнімен қатар, тәрбиелік мәні де ерекше. Өйткені жұмбақ айтысу, жұмбақтарды жаттау көзінше тәрбиеленуші өзінің білім дәрежесін байқап, көп білуге талпынады, білімі артқан сайын, жауапкершілікке бейімделіп, өнерге талпынушылығы артады» деді О. Табылдиев өзінің еңбегінде.

Сонымен бірге оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда жұмбақ шешу, жұмбақ айтысудың тиізер әсері мол деп есептейміз.

Мақал-мәтелдер

Еңбек түбі – береке.

Бейнет –
Бейнет түбі – зейнет.

Ер дәулеті – еңбек.

Көз – қорқақ,
Қол – батыр.

Ердің атын еңбек шығарар.

Шыдамды еңбек, алғыр ой –
Анық досың біліп қой.

Еңбек ет те, міндет ет.

Орайы келсе, орақ ор,
Кезі келсе, кетпен шап.

Көп еңбегі көлмен тең.

Еңбек те епетілікті тілейді,
Ерлік те ептілікті тілейді.

Жігіттің жұмсаған күшін сұрама,
Бітірген ісін сұра.

Еңбексіз елге сыймас.

Еріншек түске дейін ұйықтайды,
Кешке дейін есінейді.

Өнерлі жігіт өрге озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар.

Шебердің қолы ортақ.

Жігіттің түсін айтпа,
Ісін айт.

Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.

Кызы мінезді келсін,
Ұлы өнерлі келсін.

Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.

Еңбек – ептілікті сүйеді.

Ерінбесең ұста боласың.

Еңбек – адамның екінші анасы.

Бақыт кілті еңбекте.

Өнер - ағып жатқан бұлақ,
Ілім – жанып жатқан шырақ.

Оймақ пішсең де ойлап піш.

Жеті рет піш,
Бір рет кес.

Талап – талма қанат.

Кәсіп, кәсіп түбі - нәсіп.

Қатты жерге қақ тұрар,
Қайратты ерге бақ тұрар.

Ер қадірін ер білер,
Зер қадірін зергер білер.

Еңбек – ширатады,
Өмір – үйретеді.

Азығымен жер мүсінді,
Еңбегімен ер мүсінді.

Еңбек қылмай ер оңбас,
Бірлік қылмай ел оңбас.

Өнерліге өлім жоқ.

Өнерлі өрге жүзеді.

Өнерлі бала сүйкімді.

Өнер білсең өлмейсің.

Келесімін деп қысылма, өнерің болса
қолыңда,
Өнеріңнің ырысы жарқырап жатар
жолыңда.

Шебердің қолы ортақ.

Өнеріңнің қолы алтын,
Өнеріңнің сөзі алтын.

Жеті алашқа жетпіс өнерде аз.

Өнер - өрлің қанаты.

Еңбек - өмір іші жемісі.

Байлақтың өңірі - еңбек, анасы - жер.

Еңбек шыңдайды, өмір үйретеді.

Ерліктің бір машина - өнер.

Балам өнерлі болсын десең, өнегенді
көрсет.

Кестені көңіл сызады,
Қол тігеді, көз сынайды.

Еңбек өнер өрісі,
Өнер - өмір жемісі.

Ауырсыз жеңіл жоқ,
Еңбексіз өмір жоқ.

Емнің алды - еңбек.

Көз-қорқақ,
Қол-батыр.

Ағаш кессең ұзын кес, қысқартуың оңай.
Темір кессең қысқа кес, ұзартуың оңай.

Жан қиналмай жұмыс бітпес,
Талап қылмай мұратқа жетпес.

Еңбек түбі зейнет.

Әлің барда еңбек ет,
Еңкейгенде емерсің.

Шын еңбектенсең тау құлатарсың.

Адал еңбек мереке
Мерске түбі - береке.

Асыл қайшы пішуге сән,
Күміс қысық пішуге сән.

Еңбек - адамның екінші анасы.

Үш қармай ас ішпе,
Үш нұдирмай төп пішпе.

Шебердің нұсқасын өнері көрсетер.

Шын шеберде мін болмас.

Дұрыс ойған ою бұруға келмес.

Өнерлі өлмес, өнерсіз күн көрмес

Алған сабағың біреу болсын,
Тоқырауы мың болсын.

Ойлай берсең, ойда көп сана да көп,
Ойнай берсең ой да жоқ, сана да
жоқ.

Білмегенді білдір,
Қолыңа алтын жүзік ілдір.

Білмегенге үйрет,
Жерге соқаны салып сүйрет.

Барша өнерді үйрен.

Оқу түбі – тоқу.

Ісі жоқтың – асы жоқ.

Бекерден тәңірім безер.

Қызмет ет те міндет ет,
қызмет ердің ақысы.

Жігіттің ерінгені, көрімнің көрінгені.

4.3 Аукцион іскерлік ойын сабағы

Сөзімізді ақын, жазушы, ұлағатты ұстаз, профессор Ә.Табылдиевтың: «...Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыпқа, әсерлі әдет-ғұрыптар салт-дәстүрлерге, халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер салт-сана болып қалыптасқан. Халықтың салт дәстүрлері рәсімдер мен жөн-жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі дамып, толысып, жаңарып отырады.»- деген сөзінен бастағымыз келеді.

М. Әуезовтың: «Ел болу үшін, бесігінді түзе» деген сөзінің мән-мағынасына қарайтын болсақ, ол-тәрбиені ұрпақ дүниеге келгеннен бастау керек дегені. Бала алғаш дүниеге келгеннен бастап оның еңбегі ойынмен басталады. Ойын-тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, дене шынықтыру мен сергудің құралы. Халқымыз жас баланы «ойын баласы» деп оның ойынуына мүмкіндік туғызып отырған. Ойынның түрлері көп. Әрбір ойынның тәрбиелік мақсаты болады. Мазмұнына қарай ойындарды тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар, спорттық ойындар деп топтауға болады. Ойын ережелерінің үлкен тәрбиелік мәні бар, олар ойынның барысын белгілейді, балалардың тәртібі мен іс әрекеттерін, олардың өзара қарым-қатынасын бақылап, ерік жігерлерінің қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның мақсаты жеткіншектерді еңбекке тәрбиелеу және еңбек дағдыларын, инициативаны, жоғарғы моральдық қасиетті қалыптастыру болып табылады.

Кейінгі кезде біздің өліміздің экономикалық жүйесі нарықтық экономикаға бет бұрып, өркеніетті өндердің жүріп өткені жолына түсе бастады. Сондықтан да жалпы білім беретін мектептерде ойынды еңбекпен ұштастырып ұйымдастыру тәсілдері қолданыла бастады. Мысалы, технология сабақтарында әр түрлі кәсіпке үйретіп, пайдалы нәтиже шығаруға бауалитын ойындар ұйымдастыруға болады.

Ойын сонымен бірге балаларды әденке, тәртіпке үйретіп, мамандық таңдауда бағыт бағдар беріп, болашақ мамандығына қызығушылығы мен бейімділігін қалыптастыруда үлкен маңызға ие.

Төменде технология сабақтарында 8 сыныпта өтілетін дәстүрлі емес ойын сабағының үлгісін ұсынып отырмыз.

1. Сабақтың тақырыбы: Аукцион іскерлік ойын сабағы.

2. Сабақтың мақсаты: 1) оқушылардың кәсіпкерлік іскерлік дағдыларын қиыптастыру; 2) мамандық таңдауда бағыт бағдар беру; 3) бұйымды сипалы, әдемі, сәнді жасауға үйрету; 4) колөнер арқылы эстетикалық талғамын тәрбиелеу;

3. Сабақтың көрнекілігі: Сыйлықтық «өрік ағашы», сыйлықтық «түкті кілем», «құмырадағы гүл шоғы»-панно, сыйлықтық «қарала сырмақ», «тақыр кілем», аукцион жүргізушісінің құралдары.

4. Сабақтың мазмұны: Бұл сабақ оқушылардың экономика пәнінен алған білімдерін технология сабақтарында пайдалануға мүмкіндік беріп, оларға

өздері қолдан жасаған бұйымдарын бәсекелестік жағдайында (аукционда) сатылу барысымен танысады.

Зат неғұрлым сирек кездесетін болса оның бағасы соншалықты жоғары болады. Осыған орай оны аламын деушілердің де саны аз болады. Экономисттер мұны бағаның шектеуші әсері деп атайды. Аукцион бағаның шектеуші әсерінің нақты мысалы бола алады. Яғни, аукционда сатып алушылардың арасында бәсекелестік болады.

Аукцион жүргізушісі саудадағы заттарды ең үлкен баға берген кісіге сатады. Бұл ойын сабағында оқушылар бағаның шектеуші әсерін өздері бақылап көреді. Олар сабақтың барысында аукционның мазмұны мен жүргізілу тәртібін; аукцион бағасының қалыптасуын; сатып алушының аукциондағы сауда жағдайындағы ұстанымын бақылап танысады. Сонымен бірге ойын барысында банк неснесін пайдалану элементтерімен танысып, кәсіпкерлік әрекеттің тиімділігін бағалауға талпынады. Іскерлік ойын белгілі көлемде өткізілетін тауардың аукциондық сатылу кезінде туындайтын экономикалық жағдайының нақты үлгісін көрсетеді. Ойын екі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезеңде ең жоғары баға берген ойынға қатысушы тауарды көтермелеп саудалаушыдан тандап алуға аукцион өткізіледі.

Екінші кезеңде ойынға қатысушылар аукционда алған құқығына сәйкес тауарды сатып алып оны көбірек пайда түсіру мақсатында нарықтық бағамен сатуға құқылы. Пайда табу, пайда табуға ұмтылу кәсіпкерлік негізінде ең басты ынталандырудың бірі. Яғни пайда табу еркін кәсіпкерліктің негізгі мақсаты.

Әрине, оқушыларға адамгершілік тұрғыдан тек пайда үшін әрекет ету ең бастысы емес екенін, ар, ұят, басқаларға жақсылық жасау әр адамның басты қасиеті екенін айтып отыруға міндеттіміз.

Атамыз Абайдың:

« Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта

Ерінбей оқып көруге...» деген өлеңін оқушыларға үлгі етіп, өмірде көп біліп, ғылым-білімге ұмтылу да заман талабы екенін ұғындырып әңгімелеу ләзім.

Аукцион іскерлік ойыны өткізілер алдында ойынға қатысушылар топтарға бөлінеді, (3-5 адам) әрбір топқа ойын нөмірі беріледі. Егер ойынға 10-15 адам қатысатын болса топтағы адамдар саны 2-3, егер 100 ден көп болса, топтағы адамдар саны 8-10 болады. Әрбір топ өздерінің коммерциялық директорын сайлайды. Топтар атынан коммерциялық директор нөмір алып, топ мүшелерімен келісіп шешім жасайды. Бір оқушы ойынның шартын түсіндіреді және аукцион жүргізушісі мен банкирді сайлайды. Осыдан соң банкир кредит берілу тәртібімен таныстырады: Ойынға қатысып отырған әр топқа бастапқы 1000 тенге процентсіз беріледі. Егер сауда барысында тауардың құны 1000 теңгеден асып кетсе, онда,

үстіндегі акшаға келісім бойынша процент төленеді. Ойын коммерциялық директордың бастапқы кредит алуынан басталады.

Аукцион жүргізушісі тауарды жарнамалап, бастапқы бағасын айтып, тауар кезегімен сатылады. Сатылатын тауардың саны топ санымен сәйкес келуі керек, әрбір топ ең болмағанда бір-бір тауардан алуы керек. Тауарды сатып алуға бірнеше алушы тілек білдірсе, онда аукцион жүргізушісі бағаны белгілі сатыға көтеріп отырады, мысалы 500 теңгеге. Сауда ең үлкен баға төлеуге дайын бір сатушы қалғанша жалғаса береді. Коммерциялық директордың тауар сатып алу құқығы арнайы түбіртекпен куәландырылады.

Түбіртек үлгісі:

Тауарды сатып алу құқығын куәландыратын түбіртек	
Құқық нөмірі № _____	
Төленген баға _____ 2000 _____ теңге	
Банкирдің қолы _____	

Аукционға қойылатын тауарлардың жарнамасы.

1. Сыйлықтық «өрік ағына». Табиғи материалдармен жасалған жұмыс. Жасаған 7 сынып оқушы қыздары. Материалы: ашық күлгін түсті маржан қоспа, жез ұяқ, табиғи тас, биіктігі 20 см. Бастапқы құны: 450 теңге.
2. Сыйлықтық «түсті кілемше». Сәндік-колонер бұйымы. Жасаған: 9 сынып оқушысы Қошқарбаева Айжан. Материалы: табиғи жүн, мақта жіптері. Кілемі сорты жоғары, өлшемі 40x50, өрнегі ұлттық мағынада, қошқар мүйіз оюы пайдаланылған және геометриялық фигуралар арқылы толықтырылған. Төсегі қызыл. Бастапқы құны: 500 теңге.
3. Сыйлықтық «Құмырадағы гүл шоғы»- панно. Жасаған: 7 сынып оқушы қыздары. Табиғи материалдармен жұмыс. Материалы: табиғи келтірілген гүлдер, пластмасса рама, табиғи мақта мата, шыны, велюр мата, жылғырақтар мен моншақтар. Өлшемі 30x25. Бастапқы құны: 300 теңге
4. Сыйлықтық «тақыр кілем». Жасаған 8 сынып оқушысы Тұрсынбаева Мөлдір. Материалы: таза табиғи жүн, мақта жіптері, өсімдік және жануар тектес оюлар пайдаланылған. Шеткі оюлары «ирек», «су» өрнегі пайдаланылған. Сорты жоғары. Төсегі қара. Өлшемі 40x40. Бастапқы құны: 400 теңге.
5. Сыйлықтық «қарала сырмақ». Жасаған: 7сынып оқушы қыздары. Материалы: мақта мата, жасанды жібек жіп. Қалың жасанды киіз, қошқар мүйіз оюы бастырылған, қол жұмысы. Шеткі «ирек», «су» оюлары, геометриялық оюлармен толықтырылған. Өлшемі 100x80. Бастапқы құны: 1000 теңге.

4.4 Конспект сабақтың үлгі - жоспары

Сабақтың тақырыбы: Табиғат нақыштарын қазақтың түксіз кілемдеріндегі өрнек нақыштарына ұқсата мәнерлеу.

Сабақтың түрі: Конспект сабақ.

Сабақтың мақсаты: оқушылардың түксіз кілем ою-өрнек құрылымы негіздері мен қазақ өрнек шығармашылығының жетекші нақыштары туралы білім беру, түсінігін қалыптастыру; ой-өрісін дамыту, әсемдікке тәрбиелеу.

Сабақтың міндеті: оқушыларды түксіз тоқудағы қазақ өрнек шығармашылығының жетекші нақыштарымен таныстыру, қазақтың ұлттық өрнектерінің шығу тарихы мен ерекшелігіне, эстетикалық және танымдық қызығушылығын дамыту, ұлттық мәдени мұраларға рухани қатынаста болу қажеттілігін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер мен жабдықтар:

мұғалім үшін: плакаттар «Қазақ ою-өрнегінің негізгі нақыштары», «Қазақ кілемдерінің өрнектері», «Табиғи нақыштарды мәнерлеу», суретті материалдар; *оқушылар үшін:* таратпалы материал (альбомдар, «қазақ оюларының түрлері», жиналмалы транспаранттар «Табиғи нақыштарды мәнерлеу») жұмыс дәптері, альбом парақтары, өрнек нақыштарын жасау көздері болып табылатын табиғи түрдегі суретті материал, сурет салуға қажетті жабдықтар, түсті қағаздар, желім. **Пәнаралық байланыс:** 5-7 сыныптардағы бейнелеу өнері, математика, геометрия, сызу, 7-8 сыныптардағы технология сабақтары.

Оқыту әдісі: суретті-түсіндірмелі, нұсқаудың барлық түрі.

Сабақтың барысы: 1. *Ұйымдастыру кезеңі:* оқушыларды тізім бойынша тексеріп, сыныптың сабаққа даярлығын тексеру; тәртіптің сақталуын ескеріп, көзкішіні белгілеу. 2. *Оқушылардың жаңа материалды қабылдауға дайындау:* Оқушыларға қойылатын сұрақтар:

- 1) Қазақтың ұлттық мұрасы деп нені түсінесің?
- 2) Оны не үшін оқып үйренеміз?
- 3) Қазіргі тұрмыста қазақтың ұлттық көркем қолөнерінің маңызы қандай?

3. *Жаңа сабақты түсіндіру:* Жаңа тарихи шындық жағдайында – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақ халқының көркемдік мұрасын сақтап, қайта өркендету мәселесі бірден-бір маңыздылық пен мәнділікке ие болып отыр. Қазақ халқының көркем шығармашылығы бірегей, тәлтума және көпқырлы. Ол жоғалып, өшіп, құрып кетпеу керек, өйткені барлық қазіргі мәдениеттің түп тамыры өткен ғасырлар мәдениетіне негізделген. Жаңа әлеуметтік жағдайда дәстүрлі халықтық қолөнердің бір түрі түксіз тоқу болатын болса, ол бүгін де қажеттілікке жараумен қатар (қолайлы және пайдалы), сәнді де. Адамдар белгілі үйреншікті біркелкі тұрмыстық нәрселерге қарағанда, қоршаған ортаны, адамзаттың бұрынғы өткен тәжірибелерінің жарқын үлгілерімен қайта жаңғыртуға және оны даралауға ұмтылуда. Түксіз кілем ою-өрнектері, өзіне тән ұлттық сипаттағы ерекшеліктерімен, дәстүр мен осы заман арасындағы байланыстың жарқын мысалы болады. Ою-өрнек қазақ халық өнеріндегі ерекше

кең тараған және көп қолданылатын тиімді құрал. Өрнек өнерін қазақ халық мәдениетінің таңқаларлық өрнек тілімен жазылған шежіресі деуге болады.

Ою-өрнек - (латын. Ornamentum - әшекей) - геометриялық немесе бейнелі элементтердің ырғақты кезектестіріле және ұйымдастырыла орналасуынан құрылған өрнек.

Ою-өрнекпен тек қана кілем өрнектелмеген. Тамырын ежелгі өткен ғасырлардан алатын ұлттық өрнектермен өрнектелмеген қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы өнер бұйымдарының қандай да бірін атау қиын. Ою-өрнек ертедегі мал шаруашылығымен айналысқан тайпалар сақ, үйсін, ғұндар, түрік, қаңлы, қыпшақтардың өнері негізінде қалыптасты. Оның басты ерекшелікті белгілері осы тайпалардың көркемдік ойлауын көрсетеді. Өрнек шығармашылығы адамдардың қоршаған орта мен еңбек қызметінің қатынасы барысында туындады. Қазақ ою-өрнегінің негізін, қоршаған ортадағы нәрселер мен құбылыстардың, халық шеберлерінің қиялы мен шығармашылық ойлауының, олардың сұлулық пен үйлесім туралы көзқарастарына сай түрленуімен жасалған таңба - символдар және өрнек нақыштары құрайды.

Қазақ ою-өрнегіндегі **стилизациялау** (франц. stylisation, style- стиль - стилизация) - бейнеленген денелер мен нәрселердің шартты белгілер арқылы түрі мен суретінің, түсі мен көлемінің оңтайланып, сәндік талдануы.

Денелер мен нәрселерді өрнек нақыштарға айналдырғанда, мәнерлеу ою-өрнекте ерекше маңызды рөл атқарады.

Нақыш - «мотив» (франц. motif) - мәнерленген белгі-таңба, қазақ өрнегінің негізін құраушы, композициядан қайтанып отыратын сәндік элементі.

Қоршаған ортадағы құбылыстар мен нәрселер, халық шеберлерінің шығармашылық ойлауы мен қиялында, олардың сұлулық пен үндестік көзқарастарына сәйкес мәнерленіп, өрнектік **нақыштардың** қайнар көзі болды.

Ұлттық ою-өрнек қазақ халқының мәдени мұрасы, иілігі болып табылады. Ол айқын, толымды және бірегей. Ғасырлар бойы көркемдік ойлау, қисынды сабақтастықпен және ырғақты ауыспалы түрде жетіле отырып, қазақ ою-өрнегі сәндік ерекшелігі мен толымдылығын сақтап, бізге дейін жетіп отыр.

Ою-өрнектерде аяқ бейнелі, өсімдік бейнелі, геометриялық, космологиялық және басқа да нақыштар айқын жалғасын тауып отырады. Оларда көшпенді халықтың қоршаған ортасы және өмір сүру салты «түйе табан», қазақ ою-өрнек өнерінің жетекші нақыштары «қошқар мүйіз», «жіліншік», «омыртқа», «ит құйрық» және т.б. оюлары көрініс табады. Кілем бұйымдарында геометриялық денелер түрінде кездесетін ежелгі нанымдық белгілер мен аспан денелерін, өсімдік бейнелі нақыштар – гүлдер, ағаштар, белгілі бір ру, жүзге тән белгілерді түсіндіретін өрнектерді жиі кездестіруге болады.

(Қазақ ою-өрнегінің негізгі нақыштары, 34 сурет)

1. Іскерлік жұмыс

Кіріспе нұсқау. Тапсырма беру және түсіндіру:

1 тапсырма: плакаттар мен таратпалы материалдарды пайдаланып, қазақ ою-өрнегінің нақыштарын, оның құрам бөлігін, берілген нақыштарды мәнерлеудің негізі болған бастапқы түрін анықтап, өрнектік нақыштарды түсті қағаздан қиып

алып, альбом парағына жабыстырып, сонан соң мәнерлеудің көзі болып табылатын табиғи түрін суретті материалдан алып жапсырмалап немесе оның суретін салып, (оқушылардың қалауы бойынша) астына «Табиғат нақыштарын мәнерлеу» деп жазып, безендіру.

2 тапсырма: көрнекіліктермен таратпалы материалдарды пайдаланып, жұмыс дәптеріне түксіз кілем ою-өрнегі құрылымының суретін салып, олардың аталуын оқып үйреніп, альбом парағын «Қазақтың түксіз кілемдерінің өрнектері» атауымен безендіру.

Жұмыс орнындағы *ағымдағы нұсқау*. Мұғалімнің жұмыс орнын аралауы, әдеттегі қателіктердің алдын алу, оқушылардың жұмысын бақылап, түсінік беру т.б.

Қорытынды нұсқау. Сабақ нәтижесіне қорытынды шығарылады. Орындалып, талқылауға және бақылауға қойылған оқушылардың жұмысына талдау жүргізіледі. Оқушылар мынадай сұрақтарға жауап береді: «Өрнек дегеніміз не?», «Мәнерлеу деп нені айтамыз?», «Қазақтың түксіз кілемдерінде қандай дәстүрлі өрнектік нақыштар жиі кездеседі?», «Бүгінгі сабақтың қандай пайдасы тиді, қандай түйін жасадың?».

2. *Үйге тапсырма*: мына тақырыпқа дайындалу керек: «Түксіз кілемнің өрнектік құрылымының жасалу қағидасы», жұмыс дәптері мен сурет салуға қажетті жабдықтарды әкелу.

3. *Жұмыс орнын және бөлмені жинау*.

4.5 Түксіз кілем тоқу тарауы бойынша қорытынды сабақтың үлгі жоспары

Сабақтың тақырыбы. Түксіз кілем тоқу тарауы бойынша қорытынды сабақ.
Сабақтың мақсаты. Тарау бойынша қайталау, оқушылар білімін бекіту, қорытындылау, жасалған бұйымдарға талдау жасау, оқушылардың этномәдени білімін қалыптастыру, ұлттық тәрбие беру, ой-өрісін дамыту.

Сабақтың көрнекілігі. Ою-өрнектер суреттері, нұсқау карталар, дайын шағын кілемшелер, станокта құрылған кілем, кілем тоқуға қажетті құрал-жабдықтар, кілем эскиздері, кілем жібін жүгіртудің жоспары, т.б.

Сабақтың түрі. Талдау сабағы.

Сабақтың мазмұны. Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаты айтылады. Тарауды еске түсіру үшін қойылатын сұрақтар

1. Қандай кілем атауларын білесіңдер?
2. Кілемді не үшін пайдаланады?
3. Кілем тоқып үйренудің қажеттілігі неде?
4. Түксіз тоқудың түрлерін атаңдар?
5. Түксіз кілем тоқу үшін қажетті жіптерді ата?
6. Түксіз кілем тоқу үшін қажетті құрал-жабдықтарды ата?

7. Кілем тоқуды неден бастау керек?
8. Кілем тоқудың гобелен түрі туралы не білесіңдер?
9. Арқау өткізу ерекшелігі қандай?
10. Жіп дайындау жолдары қандай?

«Кестенің сыры – түрінде, кілемнің сыры - түгінде» дегендей, кілемнің сорты пайдаланған жүнге байланысты екенін айта отырып, мынадай сұрақтар қойған жөн.

1. Қой жүнінің қандай түрлері бар?

Оқушылар қой жүнінің екі түрі бар екенін: «өлі» жүн, «тірі» жүн деп аталатыны жайында айтады.

2. Неге «өлі» жүн және «тірі» жүн деп аталады?

Көктемде қыркылған жүн биязы болғандықтан «өлі», күзде қыркылғаны қылышты болғандықтан «тірі» жүн деп аталатынын оқушылар айтады.

3. Осы жүндердің қайсысын түксіз кілем тоқуда пайдаланады?

«Өлі» жүн биязы болғандықтан бояуды жақсы алады. Сондықтан көбіне өлі жүн пайдаланылатыны айтылады.

Оқушылардан өнерге байланысты өздері білетін мақал-мәтелдер сұрауға болады. «Өнерді өлмес, өнерсіз күн кормес», «Адамды өнер танытады», «Барша өнерді үйрен», «Жастық шаққа өнер тән, өнерлінің ісі сән», «Ісі жоқтың – асы жоқ», «Өнер талаптан тұрады», «Бейнет түбі – рахат», «Өнер көзі қалың», «Аманда өнер жасайды», «Өнерінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын», «Өнерді үйрен де жірен», т.б. мақал-мәтелдер келтіріледі.

ХІ ғасырдың ұлы тіл зерттеушісі Махмұт Қашқари өзінің «Түрік сөзін» зерттеу кітабында көптеген мақал-мәтелдер келтіріп, оған түсініктеме береді. Сонда мынадай мақал бар: «Өнер білім ізде, үйренуден өркенірек болма, жіренбе». Осы мақал «Өнерді үйрен де жірен» мақалының түп-төркіні деп қарауымызға болады.

Сол сияқты, «Құрғақ қасық ауызға жарамас» - «Құрғақ қасық ауыз жұрттар», «Бар – аяқ, жоқ – алтын» - «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» мақалдарының төркіні. Көне түркі тілінде кібіз – кілем, қалы кілем деп көрсетілген. Көзек – мита, яки, кілем тоқығанда арқау мен өрені ажыратып тұратын құрал (біз күзу дейміз). Осылай кілем тоқу өнерінің көнелігіне оқушылардың көңілін аударған дұрыс.

Шешке – тоқымашының жіп тарайтын тарағы. Тағы бір қызықты мәлімет: сырмақ – есектің тоқымы деп беріледі.

Сабақ барысында түксіз кілем қалай құрылатынын, арқау өткізу, яғни, тоқу ерекшелігі қандай болатынын әңгімелей отырып, «кілем тоқуды неден бастау керек» деген мәселелік сұрақ қоюға болады.

Сонан соң сабақтың негізгі мақсаты оқушылардың тоқыған кілемшелерін талдауға көшкен дұрыс. Мұнда оқушылар кезекпен тақтаға шығып, бір-бірінің тоқыған кілемшелеріне төмендегідей көрсеткіштер бойынша талдау жасайды.

Көрсеткіштері	Деңгейі			
	төмен	орта	жақсы	жоғары
1. Кілемнің түр түсіне байланысты атауы				+
2. Кілемге түскен оюдың мағынасы, атауы		+		
3. Кілем эскизінің ерекшелігі				+
4. Арқау өткізуге байланысты (тоқуға) ерекшелігі	+			
5. Түр-түс үйлесімділігі	+			
6. Кілем сапасы (кілем тығыздығы)		+		
7. Технологиялық қателіктері		+		
8. Артықшылықтары			+	
9. Кемшіліктері		+		
10. Кілем сорты		+		

Талдаудан кейін мұғалім сабаққа қорытында жасап, оқушыларды бағалайды. Оқушыларды оюдың мағыналық ерекшеліктерін, түр-түсіне байланысты ерекшеліктерін, эскиз салуға байланысты ерекшелігін, арқау өткізуге байланысты, яғни тоқуға байланысты ерекшеліктерін меңгерулеріне сәйкес бағалаған дұрыс.

Осындай дайын шағын кілемшелерді (50x30) оқушылар өздерінің достарына, туыстарына, аналарының туған күніне сыйлауға немесе өз бөлмелеріне іліп қоюға болатынын мұғалім түсіндіреді. Сондай-ақ, бұл олардың тырнақ алды жұмыстары екенін айтып, «тырнақ алды» сөзінің мағынасын оқушыларға түсіндірген жөн. Ендігі жұмыстары бұдан да әдемі болатындығы айтылып, болашақ «тоқымашы шебер» деген атқа лайық қыздардың аты-жөнін атаған абзал.

Қорытынды

Қазақ халқының өзіндік ерекшелігі бар сәндік-қолданбалы өнері, ұзақ уақыт бойы өзгерістерге ұшырай келе, ұрпақ жалғастығы негізінде дами отырып, шығыс өркениетінің ең жақсы деген көркемдік дәстүр формаларын сақтауда және өркендетуде, солтүге өнердің бірегей туындысының бөлінбес бір бөлігі болды.

Ертедегі көшпенділер, скифтардан бастап, ежелгі түркілердің далалық шығармашылығы қазақ халқының көркем өнері мәдениетінде ерекше із қалдырды.

Түксіз кілем тоқу өнері - оқушыларға ұлттық тәрбие беруде және олардың технологиялық мәдениетін қалыптастыруда ықпалды қызмет етеді. Ұсынылып отырған әдістемелік құралдың мазмұнында, ою-өрнектің шығу тегі, мағынасы мен ерекшелігі, ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің көрнекті тобы тоқыма бұйымдарын, оның ішінде түксіз кілем тоқудың технологиясын оқушыларға меңгерту, мұғалімдерге әдістемелік нұсқаулар беруде азды-көпті талпыныс болып отыр.

Осыған орай, түксіз тоқу өнерін мектептегі технология пәні бағдарламасына енгізіп, оқушыларға түксіз кілемді тоқуды меңгерту, кілем бұйымдарын (сыйлықтық кілемшелер, орандық үстіне төсеніштер, гобелендер, т.б.) көптеп жасау, кілем көрмесін, ауыспал, жәрменке т.б. ұйымдастыру технология пәні мұғалімі мен мектеп басшыларының міндеті. Сондықтан, оқушыларға қолөнер бұйымдарын жасауды меңгеруіне қана қоймай, оның жасалуын мақсатты түрде ұйымдастырып, сапалы жасалуына, өю-өрнек, түр-түсі, материалына, т.б. көңіл аударылды.

Мектебінде 8-9 сыныптарда қыз балалар түкті және түксіз кілем тоқумен 2000 жылдан бері айналысауда. Олардың жұмыстары түрлі мектеп ішілік, мектеп аралық, жастар оқу орталықтарында фестивалдарға қатыстырышып, көрмелерге қатысады. Өнері тоқыған елшісіне кілемшелерді, ита-аналарына, туыстарына, құрбыларына сыйға тартады.

Жастар кілем тоқу бойынша 8^{сынып} оқушы қыздарының білім деңгейінің көрсеткіштері мынадай болды: Оқудың мағыналық ерекшеліктерін меңгеруінің орташа деңгейі - 4,38; түр-түс ерекшеліктерін меңгеруі - 4,80; арқау өткізуге байланысты ерекшелігін меңгеруінің орташа деңгейі - 4,69; ал жалпы деңгейі - 4,67. Алынған нәтижелер жастарға өз халқының ұлттық мәдениетін одан әрі оқып үйренуді қажет ететінін дәлелдейді. Жастар өз халқының мәдениетін біліп және есте сақтауға міндетті; өз тұл тамырымыздың тарихын, дәстүрін білмейінше ұлттық толғушылықты сақтау мүмкін емес. Жастарды бұл толғандыруы тиіс.

Осы мақсатта, оқушылардың түксіз кілем тоқу техникасын меңгеруге қажетті білім, іскерлік және дағдылары жеткілікті болу үшін, «Технология» пәні бағдарламасының мазмұндық құрылымын ескере отырып «Түксіз кілем тоқу» бойынша арнайы курс ұйымдастырылды. Сондай-ақ, технология сабақтарын жүргізу үшін мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулар мен сабақ үлгілері жасалды. Атқарылған жұмыстар, жастарды ұлттық қолөнер бұйымдарын жасауға үйретумен қатар, жан-жақты дамыған, өз ұлтының тарихы мен дәстүрін қастерлейтін, өнерлі де өнегелі шәкірт тәрбиелеуде үлесін қосты деп білеміз.

ҚОСЫМШАЛАР

Түксіз кілем тоқу сабақтарында оқушылардың білімін тексеруге арналған тест

А бағанына Б бағанынан терминдерді іріктеу

А

Б

___1. Токпақ

а) Түксіз кілемнің түр жібі

___2. Эскиз

б) Кілемге салынатын ою-өрнектің суреті

___3. Арқау

в) Станокпен жұмыс кезінде нені білу міндетті

___4. Желі

г) Станокта жүргізілген негіз жібі

___5. Адарғы

д) Түксіз кілемде салынатын өрнектер

___6. Техникалық суреттегі
«Х» белгісі

е) Түксіз тоқудың бір түрі

___7. Геометриялық фигуралар

ж) Шатысты ұстап тұратын көлденең ағаш

___8. Гобелен кілемі

з) Түр жіптерінің байланысу тәсілі

___9. Қауіпсіздік ережесі

и) Жүп сандардың белгіленуі

___10. Сатылы иіндер

к) Арқау жіптерін нықтауға арналған құрал

___11. Тікбұрышты төртбұрыш

л) Домалақ түр жіпті ықшамдап шумақтау

___12. «Жазықтық»

м) Станокта жүргізілген негіз жібінің көрінісі

___13. Шүлдік

н) Станоктың формасы

Кілем тоқу тақырыбына байланысты тест

1. Ру атына байланысты кілем атауы.
а) арабы кілем ә) адай кілемі б) қорасан кілемі
2. Кілемнің ортаңғы ірі өрнектерінің арасына «үзіліп» салынатын өрнек.
а) «ишет» оюы ә) «табақша» оюы б) «қолтықша» оюы
3. Түксіз кілемнің басқаша аты.
а) тақыр кілем ә) алаша б) қалы кілем
4. Кесте әдісімен жасалатын кілем бұйымы.
а) тақта кілем ә) орама кілем б) шаршы кілем
5. Кілем композициясы алдымен қалай орындалады.
а) техникалық суретте ә) ойша б) эскизде
6. Түксіз кілемнің түр жібінің аталуы.
а) жеңі жібі ә) арқау жібі б) негіз жібі
7. Түксіз кілемге көбірек салынатын ою-өрнек түрлері.
а) ағыл бейнесі ә) таңба тәрізді б) өсімдік бейнесі
8. Кілемнің өндірілген орнына байланысты аталуы.
а) қарай кілемі ә) қорасан кілемі б) Қызыл кілемі
9. Кілемнің бөліктеріне қарай кілем атауы.
а) оқалы кілем ә) жібек кілем б) түкті кілем
10. «Бұлау тіс» өрнегі не микста салынады?
а) жіптердің ара қанықтығын реттеу ә) кілем шетін сәндеу
б) тақ, жүн жіптерге болу
11. Кілемнің көлеміне қарай аталуы.
а) қос күмбезді ә) көгеріс өрнекті б) төр кілем
12. Кілем материалына қарай аталуы.
а) парсы кілемі ә) мақнал кілем б) қара кілем
13. Кілемнің қолдануына қарай аталуы.
а) намаз кілем ә) мақта кілем б) жолақ кілем
14. Кілемнің түр-түсіне байланысты атауы.
а) шашақты кілем ә) құлпырма кілем б) бұқар кілем

5-7 сынып оқушыларына арналған сауалнама

1. Ою-өрнек түрлерін білесіңдер ме?
Ия Жоқ
2. Үйлерінде қазақтың ою-өрнегі салынған бұйымдар бар ма?
Ия Жоқ
3. Сурет не дайын бұйымға қарап қолөнердің қай түріне жататынын ажырата аласың ба?
Ия Жоқ
4. Қолөнер бұйымдарын жасауға қызығасың ба?
Ия Жоқ
5. Қазақтың ұлттық бұйымдарын жасауға бейімділігіңді байқадың ба?
Ия Жоқ
6. Ою-өрнек мағыналарын ажыратып, оюларды «сөйлете» аласың ба?
Ия Жоқ
7. Ұлттық өнер, қолөнер бұйымдары туралы кітап, газет, журналдарды оқуға қызығасың ба?
Ия Жоқ
8. Ақпараттық құралдар, теледидардан берілетін өнер адамдарымен кездесу хабары қызықтыра ма?
Ия Жоқ
9. Ұлттық өнер музейіне, тоқыма цехтарына, фабрикаларға саяхат жасау ұнай ма?
Ия Жоқ
10. Технология сабақтарында айналада, табиғатта көргендеріңді ою-өрнек түрінде бейнелей аласың ба?
Ия Жоқ

8-11 сынып оқушыларына арналған сауалнама

1. Қазақтың ұлттық ою-өрнегіне мән бере қарайсың ба?
Ия Жоқ
2. Қолөнер бұйымдарын қарау ойландыра ма?
Ия Жоқ
3. Қолдан жасаған қолөнер туындыларын көргенде оны жасау қызықтырады ма?
Ия Жоқ
4. Ою-өрнек түрлерін бұйымдарда қолданылу ерекшелігі бар ма?
Ия Жоқ
5. Технология сабақтарында қолөнер бұйымдарын жасағанда ұлттық өнер туралы біліміңді толықтыруға әсері болды ма?
Ия Жоқ
6. Қолдан тоқылған кілем, кілем бұйымдары бағалы деп түсінесің бе?
Ия Жоқ
7. Қолөнер бұйымдарын жасап үйрену қажет деп білесің бе?
Ия Жоқ
8. Өмір бойынан ою-өрнек элементтерін жасап көрдің бе?
Ия Жоқ
9. Нұсқалағы өрнектердің түр-түсі сапалылығы бұйым сапасына әсер етеді ме?
Ия Жоқ
10. Үйде, жақындалып қолөнер бұйымдарын жасаумен айналыса ма?
Ия Жоқ

ТЕЗАУРУС

Айшық – жаңа туған айға ұқсаған ең көне ою.

Айдаһар – мифологиялық айуан айдаһардың басын, тұмсығын, тырнағын т. б. бейнелейтін өрнек.

Арқар мүйіз – қошқар мүйіз өрнегінің иірімі көбірек түрі.

Ашатұяқ – қос тұяқ өрнегінің атауы.

Әсия гүлі – қазақ кілемдеріндегі өрнек атауы.

Балық көз – Қызылорда облысы, Арал өңірінде көп қолданылады.

Балық – балық оюы. Бұл өрнек Көк Түрік жазуларында да бар.

Балта сабы – балтаға ұқсас қазақ кілемдерінде жиі кездесетін өрнек.

Балдақ – балдақ басына ұқсас басқа өрнектермен тұтас жүретін өрнек.

Белдеу – киіз үй керегесінің ортан белінен киіз сыртынан айналдыра тартылатын арқан немесе тоқылған бау.

Бес гүл – бес тармақты өрнек атауы.

Бес жапырақ – өсімдік тектес ою өрнектерінің көп қолданылатын түрі.

Бота мойын – түйе мойын өрнегінің кіші түрі.

Бота тірсек – ботаның аяғын бейнелейтін қазақ кілемдерінде жиі кездесетін өрнек.

Ботакөз – «көз тіну» нанымына байланысты көзге ұқсаған өрнектер кілем тоқымаларында жиі кездеседі.

Бөрі құлақ – қасқыр құлағына ұқсас ою.

Екі мүйіз – қошқар мүйіз өрнегінің жұптасып тұруы.

Жұлдыз – жұлдыз өрнегі бағыт, бағдар мағынасында кілем, тоқыма, бейнелеу өнерінде жиі қолданылады.

Иіру – ұршықпен жіп иіру.

Ит ізі – ит ізіне ұқсас ою.

Кілт мүйіз – кілтке ұқсас қошқар мүйіз өрнегі.

Күнбағыс гүл – күнбағыс гүліне ұқсас өрнек – оюдың атауы.

Күміс теңге – бұл ою кілемнің орта тұсына нақышталатын ою.

Көл – кілем ортасына салынатын тең төртбұрышты ою.

Қарға тұяқ – қарға іздеріне ұқсас ою - өрнек.

Құмырсқа із – құмырсқа іздеріне ұқсас ою - өрнек.

Құмырсқа бел – құмырсқаға ұқсас өрнек.

Қаз мойын – бұл иір өрнек кілем шеттеріне түседі.

Құс қанаты – бұл ою ұшып бара жатқан құстың қанатын бейнелейді.

Қошқар мүйіз – қошқар мүйізіне ұқсас ою.

Қорған – ескі қалаларды қоршаған қорғанға ұқсас ою. Кілем шетіне айналдыра салынады.

Құс тұмсық – құстың тұмсығына ұқсас ою.

Қолды беліндегі адам – бұл өрнек аналық немесе туу, көбеюді білдіреді.

Өмір талы – Қазақстанның ескі мазарларында кездеседі, бұл символдық ағаш кілемдерде де жиі қолданылады.

Оқ – оқ өрнегі оғыз таңбасы ретінде кілемдерде көп қолданылады.

Омыртқа – жан –жануарлардың омыртқасын меңзейтін бұл өрнек кілем өрнегінде көп қолданылады.

Өрмекші – адамдар өрмекші бейнесін нақыштау арқылы қауіп – қатерден сақтанамыз деп сенген.

Өтек әлем – кілем бетінде үздіксіз жалғастыра салынатын ескі түрік өнерінде қолданылған ою түрі.

Сыңар мүйіз – сыңар мүйізді бейнелейтін кошқар мүйіз өрнегінің рет-ретімен қолданылатын түрі.

Сынық мүйіз – сынық мүйіз сияқты өрнек.

Су – кілемнің жіңішке өрнектеріне берілген атау.

Сырға – кілемге сырға өрнегін салған қыз ата – анасына тұрмысқа шығатыны туралы хабар берген болып саналады.

Тұмарна – сыртың кеселіпті сақтайтын наным – сенімге байланысты кілемге салынатын үшбұрышты өрнек.

Тарақ – тарақ өрнегі арқылы үйлену нышаны айтылады. Сонымен бірге тарақ өрнегі береке символы ретінде қолданылады.

Түлкібас – түлкінің басы ақылдылық пен қулық элементі ретінде өрнектермен беріледі.

Тасбақа – ескі түрік сенімінде көз тимесін деп үйдің босағасына тасбақа қабығы ішкіріп болған. Тасбақа үкеле өрнектер киімге де салынған.

Тұмарна – Орталық Қазақстанда, Қаратау мен Миңгүлшиқ баурайында ат тұяғы пішіндері бар. Бұл өрнектер «тұянар тас» деп аталады.

Түйе мойын – түйе мойыны сияқты ир ою кілем шеттерінде қолданылады.

Түйе өркеш – көк өркеш немесе тек өркеш түрінде тоқылатын ою.

Түйе табан – түйенің табаны түрінде түсірілетін өрнек.

Төрт мүйіз – төрт кошқар мүйіз өрнегінің бірге қолданылған түрі.

Төрт құлақ – дүниенің төрт бұрышын білдіретін бұл өрнек кілем тоқымасында көп кездеседі.

Үш гүл – үш тармақ гүл өрнегінің атауы.

Үш жапырақ – үш жапырақ өрнегінің атауы.

Шатыргүл – кілемдердің ортасына түсірілетін геометриялық өрнектер.

Шет – жіңішке жолақ кілем шетіне айналдыра салынатын өрнек.

Шаршы кілем – кілемнің ортасы ішіне өрнек салынған ерекше шаршылар розетка немесе ромбыларға бөлінген түксіз кілемнің түрі.

Эскиз – кілем құрылымын ойластыруда алдын ала жобалау, суретін салу. Ол сурет қағазында боялып орындалады. Эскизде нақыштың бейнелі түрі, өрнектердің остер бойында орналасуы, ою мен оның төсегінің тепе теңдігі, түр-түс шешімі т.б. анықталады.

Арабы кілем (араб кілемі) – Орта Азия аймақтары қазақтарына көрші елдерден ауысып келген, дәстүрлі біртекті өрнекті, ғасырлар бойы қалыптасқан тоқу суреттерін бұзбайтын кейбір элементтерінде аздаған ауытқулар кездесетін түксіз кілемнің түрі.

Арқау – тоқыма өндірісінде керілген екі жіп арасынан көлденең өткізілетін жіпті айтады.

Адарғы – тоқу кезінде кілем негіз жібінің ені бойына шатысты ұстап тұратын жұқа тақтайша.

Алаша – тоқылған, өрнекті жолақ кесінділерінен тігіліп дайындалған түксіз тоқудың түрі.

Бас бау – киіз үй жабуының(үзіктің) жоғарғы жағына бекітілетін тоқылған өрнекті бау.

Басқұр – кереге басына үйді айналдыра орай тартылатын тоқылған өрнекті жалпақ (ені 50см дей) бау.

Гобелен - (фран. gobelin) – тоқылған суретті кілем - күрделі және көркемдік сапасы жоғары бейнелеу суреті басымырақ қол жұмысы.

Дәстүр - латын сөзінен аударғанда – ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, белгілі бір қоғамда, кластарда және әлеуметтік топтарда ұзақ мерзім аралығында сақталынатын әлеуметтік және мәдени мұра. Дәстүр дегеніміз – белгілі бір қоғамдық құрылым, мінез- құлық ережесі, құндылықтар, идеялар, салт-дәстүр, әдет-ғұрып көріністері.

Кежім теру - өрнекті алашаны жасаудың жолы (техникасы).

Колорит (түр-түс өні) – (итал.colorito, лат.color-бояу, түс) – түр-түс өнінің жүйесі, олардың өнер туындысында әсемдік бірлігін жасаудағы үйлесімділігі мен өзара қатынасы. Түр-түс өні жылы (негізінен қызыл, сары, жасыл, қызыл сары, күн түсті өндер) және суық (көк, жасыл, күлгін өндер, қыс, мұз т.б. өндер) болуы мүмкін.

Композиция (құрылым) – лат.compositio – құру, байланыстыру –туындының мазмұны, қолданылуы және шебердің түпкі ойы өнер түрінің өзгешелігімен келісілген көркем туындының құрылысы.

Мәнерлеу - (фран.stylistion, style-стиль - стильдеу) – бейнеленген денелер мен нәрселердің шартты белгілер арқылы түрі мен суретінің, түсі мен көлемінің оңтайланып, сәндік талдануы.

Нақыш – (лат.motif,өрнекте) - өрнек құрылымының қайталанып келетін сәндік элементі,

Негіз жібі – ширатылған, мықты, кілемнің ұзына бойына созылып жатқан жіп

Ою – (лат. ornamentum)- ою, өсімдік немесе жануар т. б. бейнесіндегі графикалық суреттер, геометриялық немесе бейнелеуші элементтердің ырғақты кезектесе және ұйымдастырыла орналасуынан құралған әшекей.

Поднос кілем – орталық алаңы ішіне өрнек салынған «подностарға» бөлінген түксіз кілемнің түрі.

Сәндік-қолданбалы өнер – (лат.decoro - сәңдеймін) – ерекше көркем мағыналы және өзіндік сәндік бейнелілігі бар (қараңыз: **Сәнділік**) сонымен бірге адамдардың тұрмыстық қажетіне қызмет ететін өнер түрі.

Сәнділік - (лат.decoro - сәңдеймін) – құрылымды - икемділігі және түстер үйлесімділігі құрылысымен және әсемдікті көрсетудің формасы ретінде анықталатын ерекше сапалы өнер туындысы. Өрнектегі сәнділіктің мағынасы оның әуелі *таңбаға*, сосын ол сәндік *нақышқа* айналатын заттың формасына байланысты (арқар мүйізі, түбіс табиғи, тышқан із, құс қанаты, күн шеңбері, толқын сызығы, немесе ирек т.б. қарашы: **Мәнерлеу**).

Түсті кілем – «жолақ кілем» - түксіз кілемнің бұл түрінің құрылымына тән өрнектік ерекшелік - ортаңғы алаң қайталанып отыратын майда жеке әшекейлер қаланған ұзына бойына жолақтарға бөлінген.

Тоқыма техникасы – талшықтар мен жіптерден жасалған, арнайы құралдардың көмегімен сәндік-қолданбалы өнер заңдылықтарына сәйкес көркемдік әлпетке жеткізуге бағытталған тоқыма бұйымдарын жасаудың әдістері мен тәсілдері, дағдылар жиынтығы.

Терге алаша – қолмен теру әдісімен тоқылған түксіз кілем түрі.

Теру – тоқуда қолданылатын қолмен терудің жолы.

Теру ағаш – алашаға өрнек салуда негіз жібін теруге арналған ағаш.

Техника (жасау жолы) - (грек.technē - өнер, шеберлік) - бір істі (көркем туындыны) орындағанда қолданылатын дағды, әдіс - тәсілдер жиынтығы. Техника ұғамына шебердің арнайы материал және құралдармен жасаған жұмысының, олармен көркемдік мақсаттағын пайдалану шеберлігінің тікелей нәтижесі деп түсінеміз, ал кең мағылада бұл түсінік айқын да бейнелі өнер құралы – композиция, тастаушы (ғылым саясаты), нәрсеңі зат түрінде көрсету, түрдің үлгісін жасау, кеңестіретін қатынас т.б. қамтиды.

Техникалық сурет – бұл суреттің көркем суреттен айырмашылығы – есептеп жасалынатын, түксіз кілем дайындауда техникалық мақсатта қолдануға арналып орындалған, жоғары эстетикалық талаптар қойылмайтын, және оны орындаушыдан көркемдік қабілет талап етілмейтін сурет.

Туырлық бау – тоқылған өрнекті бау, киіз үй керегесін айналдыра, уықтың аяғын бастыра жабатын киіздің бауы.

Туырлық қас – тоқылған өрнекті бау, туырлық кигіздің бас жағына (жоғарғы жағына) тағылатын бау.

Тосек – тоқыма ондірісінде тоқу алдында керіліп дайындалған желіні айтады.

Үзік бау - киіз үйдің керегеден жоғарғы жағына жабылатын киіз - үзіктің тоқыл бауы.

Үршық – қолмен жіп иіретін құрал.


Шашақ бау – ұшында шашақтары бар киіз үйдің шаңырағына ілінетін сәндік бау.

Қазақ ою-өрнегінің негізгі нақыштары



34-сурет


Табиғат нақыштарын мәнәрлеу



Ат бас




Жолбарыс



Бұғы мүйіз




Бөрі құлақ




Түлкі бас




Қаз мойны мен қанаты




Түйе табан




Өркеш мүйіз




Бота мойын, Бота көз өрнегі




Қарға тұяқ




Құс қанаты




Жылан бас



Ит құйрық



Қошқар мүйіз



Құс тұмсық

Қазақ кілемдерінің өрнектері




36


сурет


а-д – қошқар мүйіз өрнегінің түрлері; е – қос мүйіз өрнегі; ж-и – омыртқа өрнегі;
 к – тұмарша; л – тарак; м- балдак; н- ирек, су; о-п - тышқан із; р-алабас;
 қ,т – айшық; у-балта сабы; ф-сыңар мүйіз, сыңар өкше; х,ц – қарға тұяқ;
 ч – бота коз; ш – бота мойын; щ – қолтырмаш; э-сірге; ю-сырға;
 и-күстүмсық; һ-жұлдыз; Q-балта.



Түксіз кілемге салынатын өрнектердің техникалық суреттері

37- 44 суреттерде: оқушылардың жапсырма қағазының тор көзді қалдығына «Х» белгісімен салынған кілем өрнектерінің техникалық суреттері












0
супер.





41

супер.












а




ә




б



в




г




д


45 сурет. Кілем композициясының миллиметр қағазына салынған техникалық суреттері. Шет оюлары: а-«құс» өрнегі, ә- «жапырақ гүл» өрнегі, б- «жеміс» өрнегі, г- «әсия шет» өрнегі; в- «қолтықша» өрнегі; д- ортаңғы гүл.




1. Теріс бұтақ




2. Кілт мүйіз




3. Ирек-«Су»




4. Қарсы мүйіз




5. Қос таға




6. Қажары




7. Қолы белдегі адам




8. Сыңар мүйіз




9. Иір мүйіз




10. Қошқар мүйіз




11. Төрт құлақ




12. Бұғы мүйіз




13. Қолтырмаш




14. Әсия шет




15. Сыныр мүйіз




16. Жылан бас




17. Төрт мүйіз




18. Бұршік




19. Сағат бау




20. Өрмекші




21. Сақина




22. Күнбағыс гүл




23. Төрткүл



24. Кәріз өрнек




25. Арқар мүйіз




26. Өмір тал




27. Сынық мүйіз




28. Керге көз




29. Ормекші




30. Тор көз




31. Жарма гүл




32. Шатыр гүл




37. Шегірімек




38. Қос дөңгелек




33. Қос жапырақ




34. Бес жапырақ




39. Жеміс




40. Шыңжыр




35. Жауқазын




36. Бүркөз




41. Тасбақа




42. Егіздер




43. Бота мойын




44. Төрт құлак




45. Тұмарша




46. Ит құйрық




47. Балдақ




48. Шарбақ




49. Айшык




50. Қос мүйіз




51. Теңге




52. Жұлдызша




53. Жұлдыз




54. Жұлдыз




55. Таңдай




56. Жебе




57. Балық көз




58. Балық




59. Жұлдыз гүл




60. Тарак




61. Райхан гүл




62. Құмырсқа бел




63. Ілгек




64. Қарға тұяқ




65. Түйе табан




66. Ит




67. Омыртқа



68. Құс қанағы



69. Тырна қатар



70. Сырға

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аргынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. – Алматы, 1987. -128 б.
2. Әбдуалиева Ш. Халық қол-өнері: 5-9 сыныптарға еңбекке баулу пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал –Алматы: Рауан, 1992.
3. Әбдігаппарова Ұ. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері- Алматы: Өнер, 1999.
4. Әуезов М. Мақалалар, зерттеулер. 17 том, - Алматы: Жазушы, 1989
5. Бәсенов Т. Казахский народный орнамент: Альбом – Алма-Ата, Каз. гос. изд-во худ. литературы, 1958.
6. Зимин В.М. Библиотека лекарственных растений. Том 1,2. - Санкт-Петербург, 1993.
7. Гриникова В.М. Ознакомление школьников с казахской национальной одеждой//Школа и производство. - №6.-1990.
8. Габдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті Жоғары оқу орнының студенттеріне арналған. – Алматы: Мектеп, 1974.
9. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. – Алма-Ата: Өнер, 1982.- 144 с.
10. Джанибеков У. Эхо...По следам золотой домбры.- Алма-Ата: Өнер, 1991.- 304 с.
11. Жарықбаев Қ, Қалиев С. Қазақ халқының тәлім- тәрбие тарихынан. -Алматы: Білім, 2000 ж
12. Жарықбаев Қ, Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. -Алматы: Білім, 2000ж
13. Жарықбаев Қ, Қалиев С. Қазақ тәлім - тәрбиесі –Алматы: Санат, 1994.
14. Ивашенко А.А. Қазақстанның өсімдіктер әлемі. – Алматыкітап, 2004. – 175 б.
15. Казахи: Историко – этнографическое исследование. -Алматы, 1995.-350 с.
16. Кальней В., Капралова В.С., Поляков В. А. Основы методики трудового и профессионального обучения. – М.: Просвещение ,1986 .
17. Кругликов Г.И. Как обучать технологии //Школа и производство. - № 6, 1998.- с.53 – 57.
18. Қасиманов С. Қазақ халқының қол-өнері –Алматы: Қазақстан, 1995.
19. Қожабеков М, Қожабекова Г. Дәрілік өсімдіктер. – Алматы: Қазақстан, 1982.
20. Қожабеков М. Твои зеленные друзья. – Алматы: Мектеп, 1983.
21. Қалиұлы С. Қазақ энциклопедиясының теориялық негіздері мен тарихы Алматы: Білім, 2003.
22. Қолданбалы экономика – оқулық, Junior Achievement Алматы қаласы. №5 КТМ, 1997
23. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство : в трех томах.- Т. 1, 1986; Т.2,1987; Т.3,1994.- Алматы: Өнер.
24. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремёсла. – Алма – Ата: Казахстан, 1979. – 120 с.
25. Муканов М.С. Казахская юрта. – Алма – Ата: Кайнар, 1981. – 224 с.

26. Мұқанов Қ. Жүннен жасалатын бұйымдар -Алматы: Қайнар, 1990.
27. Муравьев Е.М. Уроки по технологии// Школа и производство.- № 5, 2000.- С.28 – 31.
28. Методические основы урока / Справочник администрации по организации учебно – воспитательного процесса.- М.: ВЛАДОС, 2002.
29. Нурахметова А.Р. Проблемы методов обучения в педагогической науке и практике // Матер. межд. научно – теоретич. конф. «Дополнительное профессиональное образование в условиях рынка.- Алматы, 2000. – с.84 – 87.
30. Наурызбаев Ұлттық мектептің ұлы мұраты –Алматы: Ана тілі, 1995.
31. Салкынбекова А.Ч., Айкожина А., Хусейнова С., Карибжанова Е.А. Истоки происхождения и особенности казахского национального орнамента //Технология. в школе- №10 , 2005. – с.34-46.
32. Сәтімбеков Р, Әлімқұлова Р. Қызықты биология. Өсімдіктер әлемі. – Алматы, 2006. – 71 б.
33. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. –Алматы: Қазақ университеті, 1992.
34. Тахсин ПАРЛАК. Дәстүрлі қазақ қалы өнері және ТІКА Арал аймағы қалы тоқу өнерін дамыту жобасы. - Анкара, 2002. 476 б.
35. Уалиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. -560 б.
36. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие -Алматы: Білім, 1995.
37. Ұзақбаева С. Эстетикалық және экономикалық тәрбие негіздері -Алматы, 1991.
38. Шашакова А. Халық тәлімі – тәрбие бастауы – Алматы: Рауан, 1994.
39. Қазақ емшілігі / Аудармашы Б. Әдетов Алматы: Қайнар, 1995. 288 б.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
I тарау. Ою-өрнек түрлері және шығу тарихы	
1. Сызық (геометриялық) бейнелі нақыштар.....	5
2. Өсімдік бейнелі ою-өрнектер.....	6
3. Аң бейнелі ою-өрнектер және олардың пайда болу себептері.....	7
4. Космологиялық (аспап әлемі, ғарыштық) нақыштар.....	10
5. Түрлі жазу пішімді ою-өрнектер.....	11
6. Тапба және рәміз тектес ою-өрнектер.....	12
II тарау. Түксіз кілем тоқуға қажетті материалдар	
1. Түр және негіз жібін дайындау	14
2. Бою жұмысы	17
2.1 Табиғи бояулармен жүн бояуда қолданылатын құрал-жабдықтар.....	17
2.2 Табиғи бояулардың қолданылуы.....	18
2.3 Өсімдіктің жиналуы.....	18
2.4 Жіпті пісіру.....	19
2.5 Пісіру заттары	19
2.6 Пісіруде пайдаланатын қосымша заттар	20
3. Табиғи бояу алынатын өсімдіктер	21
III тарау. Түксіз кілем тоқуды үйретудің бағдарламасы мен әдістемесі	
1. Бағдарлама	53
2. Бағдарлама мазмұны.....	56
3. Әдістемелік нұсқаулар	
3.1 Тоқуға дайындық.....	58
1. Оқушыларды түксіз кілем тоқуға қажетті материалдар және құралдармен таныстыру	58
2. «Қазақтың түксіз тоқу өнері тарихынан» тақырыбын оқыту.....	62
3. Оқушыларды түксіз кілем тоқудың дәстүрлі әдістерімен таныстыру	63
4. Табиғат нақыштарына, қазақтың түксіз кілемдеріндегі өрнек нақыштарына ұқсаста мәнерлеу тақырыбын оқып үйрену.....	63
5. Түксіз кілемнің ою-өрнек композициясын құру қағидаларына үйрету	64
3.2 Түксіз кілем тоқудың қарапайым технологиясы	
1. Тоқуға қажетті жабдықтар мен материалдарды, тоқу станогын (қалып) дайындау	66
2. Өрнек нақыштарының эскизі және техникалық суретті	67
3. Тоқу станогына негіз жібін жүргізу әдісін таңдау	68
4. Кілем тоқымасының тығыздығын есептеу	69

5. Кілем тоқу және кілем шетін сәндеу әдістері	70
6. Арқау (түр) жіптерінің түр-түс аралығында байланысу тәсілдері және кілем шетін шығару тақырыбын оқыту	74
7. Кілемді бітіру және шашақтау тақырыбын оқыту	76

IV тарау. Технология сабақтарына ұсынылатын оқыту әдістері

1. Оқыту әдістерінің мәні мен мазмұны.....	79
2. Технология сабақтарында пайдаланылатын жұмбақтар мен мақал-мәтелдер	92
3. Аукцион іскерлік ойын сабағы	103
4. Конспект сабақтың үлгі – жоспары	106
5. Түксіз кілем тоқу тарауы бойынша қорытынды сабақтың үлгі жоспары	108
Қорытынды	111

Қосымшалар

Түксіз кілем тоқу сабақтарында оқушылардың білімін тексеруге арналған тест	113
Кілем тоқу тақырыбына байланысты тест	114
5-7 сынып оқушыларына арналған сауалнама	115
8-11 сынып оқушыларына арналған сауалнама	116
Тезаурус	117
Қазақ ою-өрнегінің негізгі нақыштары	121
Табиғат нақыштарын мәнерлеу	122
Қазақ кілемдерінің өрнектері	124
Түксіз кілемге салынатын өрнектердің техникалық суреттері	125
Ғылыми-практикалық конференцияға қойылған көрмеден көрініс	146
Түксіз кілем тоқу сабақтарынан көріністер	148
Әдебиеттер	149

Райымқұлова А.Д., Қонақбаева У.Ж.

Түксіз кілем тоқудың әдістемесі

Оқу құралы

Пішімі 60x84 1/16

Тығыздығы 80 гр./см². Қағаздың ақтығы 95% .

Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.

Көлемі 150 бет.

“Отан” ЖҚ баспаханасында басылып шығарылды

ҚР, Алматы, Рыскулов к., 2.

e-mail: otan88@mail.ru